

40 сабақта

Киелі кітапқа шолу



Альфа және Омега



Альфа және Омега

40 сабақта
Киелі кітапқа шолу



Осы курстағы 40 сабақ сіздің Киелі кітаптағы ұлы әңгімені жақсы түсінуіңізге көмектеседі.

Әрбір сабақта жауап беруіңіз қажет сұрақтар бар. Әр сұрақтан кейінгі жақшалардағы реттік нөмір сол сабақтың соңындағы сай келетін жауапты меңзейді. Жауапты қарамас бұрын, өзіңіз сұраққа жауап беріп көріңіз.

Әр сабақта Киелі кітап аяттарына нұсқайтын сілтемелер бар. Егер сілтеме **қалың әріптермен** берілген болса, оны тауып алып, оқып шығу маңызды. Ал егер сілтеме жай әріптермен берілген болса, оны кез келген уақытта оқуыңызға болады.

Киелі кітап жазбаларының қысқартылған атауларын Киелі кітаптың артқы жағында берілген Мазмұнынан табасыз. Ал егер Киелі кітап қолданбасын (приложение) пайдалансаңыз, жазбалардың қысқартылған атауларын ондағы арнайы беттен таба аласыз.

Киелі кітаптағы ғажап әңгімені терең түсініп, басқалармен қуана бөлісуіңіз үшін мінажат етемін!



Бүкіл отбасына арналған тегін eBook (электрондық кітап).
Кез келген гаджетке жүктеп, өз тіліңде оқы.




KITABI-KNIGI.COM

Алматы қаласы 2023 ж.

alphaomegasilkroad@gmail.com

Суреттерді салған: Жомарт

ISBN 978-3-98509-135-5



1-сабақ: Киелі кітаптың жазбалары

Бұл сабақта Киелі кітабыңыздың соңындағы түрлі түсті карталардың дәл алдында орналасқан **Мазмұнға** қарауыңыз керек. Егер сіз сотқаңыздағы Киелі кітап қолданбасын пайдалансаңыз, ондағы жазбалар тізіміне қараңыз. Киелі кітап жазбаларының қысқартылған атауларын да сол мазмұннан немесе жазбалар тізімінен табасыз.

Кіріспе

- **Киелі кітап шағын кітапханаға ұқсайды.** Киелі кітап 66 жазбадан тұрады: Көне Келісімде 39, ал Жаңа Келісімде 27 жазба бар. Оларды түрлі авторлар әр алуан уақыттарда жазған. Бұл 66 жазба түрлі жанрлармен (мысалы, тарихи баяндама, ән-жыр және хат түрінде) жазылған.
 - * Киелі кітапта қанша жазба бар? (1)
- **Киелі кітап басты 2 бөлімнен тұрады:** олар — Көне Келісім және Жаңа Келісім. «Келісім» екі жақтың келісуін білдіреді. Көне Келісімде Құдай Өзінің халқымен бірнеше рет Келісім жасаған. Мәселен, Нұх, Ыбырайым, Синай тауының беткейіндегі ираилдіктермен және Дәуітпен жасалған Келісімдерді атауға болады. Ал Жаңа Келісім — Мәсіх Өзінің қанымен бекіткен Келісім. Ол Көне Келісімде сипатталған барлық Келісімдерден жоғары, себебі Жаңа Келісімде Құдайдың Көне Келісімде берген барлық уәделері жүзеге асады.
 - * Киелі кітап қандай басты бөлімдерден тұрады? (2)
 - * «Келісім» деген не? (3)
- **Киелі кітаптың екі басты бөлімі Құдайдың бізге арнаған сөздерін қамтиды.** Мәсіх Исаның заманында яһудилер жергілікті мәжілісханада жиналғанда, араларынан біреуі жамағатқа Таурат, Забур және Пайғамбарлар жазбаларының үзінділерін оқып беретін. Сол жазбалардың жинағы кейінірек Көне Келісім деп аталып кетті. Яһудилер бұл жазбаларды Құдайдың жетелеуімен жазылған «Киелі жазбалар» деп қабылдаған. Мәсіхтің елшілері дүниеден өткеннен кейін, сенушілер Мәсіх туралы төрт «Ізгі хабарды» және Оның елшілері жазған хаттарды жинаған. Елшілердің кезінде сенушілер сол хаттардың Құдайдың жетелеуімен жазылғандығына көз жеткізген (Пет2 3:15-16-аяттарды қараңыз). Пауыл елші Тимотеге арнаған хатында: «Киелі жазбалардың бәрі Құдай Рухының жетелеуімен жазылған. Олар тәлім беру, әшкерелеу, түзету әрі әділдікке тәрбиелеу үшін тиімді», — деп жазған (Тім2 3:16).
 - * Киелі кітаптағы жазбалар не үшін тиімді? (4)

Көне Келісім

Көне Келісімде Құдайдың осы әлемді және адамдарды жаратқаны және бір халықты таңдап алғаны туралы баяндалған. Көне Келісімдегі керемет уәделердің көбі кейін, Жаңа Келісім заманында, орындалған.

Көне Келісімде әртүрлі жазбалар бар: Таурат заңы, тарихи баяндамалар, даналық туралы жазбалар және пайғамбарлар жазбалары.

Таурат

Көне Келісімдегі алғашқы 5 жазбаның жинағы Таурат деп аталады.

Онда дүниенің жаратылуынан Мұса пайғамбардың қайтыс болуына дейінгі тарих баяндалған; сол кезде Исраил халқы уәделі елді иемденудің алдында тұрды.

Тауратта мыналар туралы жазылған:

1. Құдай әлемді жаратқан.
2. Адамдар күнәға батты.
3. Жаратқан Ие әбден бүлінген адамзатты құрту үшін топан су жіберді, бірақ Ол Нұхты отбасымен бірге аман алып қалды.
4. Жаратқан Ие Өзінің халқының түп атасы болуға Ыбырайымды таңдап алды, осылайша оның үрім-бұтағынан Құдайдың таңдаулы халқы пайда болды.
5. Жаратқан Ие Мұса пайғамбарды тағайындап, Исраил халқын Мысырдағы құлдықтан құтқарды.
6. Синай тауының беткейінде Жаратқан Ие Исраил халқымен мынадай Келісім жасады: Ол халықтың Құдайы әрі Қамқоршысы болуға, ал олар Оның өсиеттері мен заңдарын орындауға уәде берді.
7. Халық Құдайға мойынсұнбағаны үшін 40 жыл бойы иен далада көшіп-қонып жүруге мәжбүр болды. 40 жыл өткен соң, Құдай оларды уәделі елдің шекарасына жетелеп әкелді.
8. Соңында Мұса пайғамбар жаңа ұрпаққа Құдайдың заңдарын үйретті.

Жаратқан Ие Ыбырайымға тамаша уәделер берді. Олар туралы Жар 12:1-7-аяттардан оқи аламыз. Киелі кітаптағы ұлы әңгіменің тақырыбы Жаратқан Иенің осы уәделерін қалай жүзеге асырғаны жөнінде. Бұл уәделердің бір бөлігі Көне Келісімде орындалған.

* Жаратқан Ие Ыбырайымға не берді? (5)

Исраил халқының тарихы сипатталған жазбалар: Ешуадан Естерге дейін

12 тарихи жазбада Исраил халқының уәделі елдегі және жер аударылған кездегі тарихы баяндалған. Бұл жазбалар жинағы «**Пайғамбарлар жазбаларының 1-бөлімі**» деп те аталады.

Жаратқан Ие Исраил мен Яһудаға билік жүргізу үшін басшылар мен патшалардың тағайындалуына жол берді. Бірақ олардың көбі Оған мойынсұнбады. Дәуіт пен оның ұлы Сүлеймен Исраилдің қуатты патшалары болды. Олар билік құрған кезде Жаратқан Иенің Ыбырайымға берген барлық уәделері орындалғандай болып көрінді. Бірақ содан кейін Исраил халқының Жаратқан Иеге мойынсұнбай, жалған тәңірлерге табынып кеткенін көреміз.

Ақырында Жаратқан Ие халықтың алыс бір елге жер аударылуына жол берді. 70 жыл өткеннен кейін ғана олардың бірсыпырасы уәделі елге қайта оралды.

* Исраилдің қуатты патшалары кімдер болды? (6)

* Жаратқан Ие халықтың басқа елге жер аударылуына неліктен жол берді? (7)

Даналық туралы жазбалар

Көне Келісімде даналық туралы 5 жазба бар: **Әйүп, Забур жырлары, Сүлейменнің нақыл сөздері, Даналықты уағыздаушы, Сүлейменнің таңдаулы әні.**

Бұл жазбаларда өмір туралы дана сөздер мен тәлімдер жинақталған. Олар бізді даналыққа және табысты өмір сүруге үйретеді.

Забур жырлары мадақтау әндері мен мінажаттардың жинағын құрайды. Оларды өз мадақтауымыз бен мінажаттарымызда қолдана аламыз.

* Осы 5 жазбадан не үйрене аламыз? (8)

* Забур жырларын қалай қолдана аламыз? (9)

Пайғамбарлар жазбаларының екінші бөлімі

Көне Келісімнің қалған 17 жазбасы Пайғамбарлар жазбаларының екінші бөлімін құрайды. Пайғамбарлар Құдайдың хабаршылары болған.

Осы жазбаларды түсіну үшін Исраил халқының тарихы сипатталған жазбалармен танысуымыз қажет. Өйткені пайғамбарлардың не жазғандарын түсіну үшін олардың қай уақытта және қандай жағдайларда қызмет еткендерін білуіміз керек:

1. Кейбір пайғамбарлар Солтүстік Исраил және Яһуда патшалары билік құрған заманда қызмет етіп, халыққа Жаратқан Иенің ескертуін жеткізген: егер олар Жаратқан Иеге бет бұрмаса, онда олар жазаланатын болды.
2. Кейбір пайғамбарлар өздерінің жазбаларын яһуди халқы жер аударылған кезде жазған. Олар: «Жаратқан Ие сендерден мәңгі бас тартқан жоқ», — деп Оның халқын жұбатты.

3. Басқа бірнеше пайғамбар Яһуда халқы жер аударылудан еліне қайтқаннан кейін жазбаларын жазған. Олар халықты жігерлендіріп, Жаратқан Иенің өздерін масқарадан арылтатынын жариялады.

Жаратқан Ие пайғамбарлар арқылы халыққа ескертіп, оны жұбатып әрі жігерлендіріп отырды.

* Пайғамбарлар жазбаларын түсіну үшін немен таныс болу керек? (10)

* Жаратқан Ие пайғамбарлар арқылы қандай 3 нәрсе істеді? (11)

Жаңа Келісім

Жаңа Келісімнен Әлемнің Жаратушысы — Құдай Тағаланың (рухани) Ұлының қалайша осы дүниеге келіп, мінсіз адамға айналғаны туралы оқимыз. Иса — Құдай уәде еткен Құтқарушы Патша Мәсіх. Көне Келісімдегі барлық уәделер Жаңа Келісім арқылы орындалады.

Басқаша айтқанда, Киелі кітаптағы ұлы Қаһарман — Мәсіх Иса.

Ол арқылы Құдай бізді Өзінен бөліп тұрған күнә мәселесін шешкен.

* Киелі кітаптағы ұлы Қаһарман кім? (12)

Жаңа Келісім «Інжіл шариғ», яғни, «қадірлі Ізгі хабар» деп те аталады. Оның жазбаларынан әртүрлі жанрларды табуға болады.

Ізгі хабарлар мен Елшілердің істері

Біріншіден, онда 5 тарихи жазба бар.

Ізгі хабарлар: Жаңа Келісімдегі алғашқы төрт жазбада Иеміз Исаның өмірі туралы баяндалған. Оларды Матай, Марқа, Лұқа, Жохан есімді төрт адам жазған.

Елшілердің істері сол жазбалардың жалғасы болып келеді. Оны да Лұқа жазған. Осында Құдайдың жаңа отбасы, яғни, қауым туралы әңгіме болады. Бұл жазбада Мәсіх туралы Ізгі хабардың көптеген елдерге тарағаны туралы баяндалған.

* Жаңа Келісімде қанша тарихи жазба бар? (13)

* Елшілердің істерін кім жазған? (14)

Хаттар

Елшілердің істерінен кейін Петір, Жохан, Пауыл және басқа да елшілер мен жетекшілер жазған 21 хат орналасқан. Олар Ізгі хабар туралы тәлім берді және қауымдарды жігерлендіріп, қателерін түзетуге шақырды.

* Хаттарды кім жазды? (15)

Аян жазбасы

Киелі кітаптың соңғы жазбасы — Аян. Онда Мәсіх Иса Өзінің күнә, өлім және шайтанды жеңіп шыққаны туралы Жохан елшіге аян көрсеткен. Құдай Өзінің халқымен жаңа жерде мәңгі бірге тұратын болады. Бұл Құдайдың Ыбырайымға берген уәделерінің толық орындалғанын білдіреді.

* Ақыр соңында Кіммен мәңгі бірге тұратын боламыз? (16)

Үй тапсырмасы:

Күнде Киелі кітаптың бір үзіндісін (бірнеше аяттан) оқып, келесі сұрақтар туралы терең ойланыңыз:

1. Бұл үзіндіде Құдай Әке, (рухани) Ұлы және Киелі Рух туралы не жазылған?
2. Мұнда адамдар жөнінде не жазылған?
3. Орындау керек бір өсиет немесе бізге арналған ескерту не үлгі-өнеге бар ма?
4. Құдай осы үзінді арқылы маған не үйреткісі келеді?
5. Мен бұл жайлы кімге айтып бере аламын?

Жауаптарыңызды бір дәптерге жазып қойыңыз.

Жауаптар:

1. 66.
2. Көне Келісім және Жаңа Келісім.
3. Келісім екі жақтың келісуін білдіреді.
4. Ол тәлім беру, әшкерелеу, түзету әрі әділдікке тәрбиелеу үшін тиімді.
5. Керемет уәделер.
6. Дәуіт және оның ұлы Сүлеймен.
7. Құдайдың халқы Оған мойынсұнбай, жалған тәңірлерге табынды.
8. Даналық туралы жазбалар бізді табысты өмір сүруге үйретеді.
9. Забур жырларын Құдайды мадақтап, Оған мінажат еткенде пайдалана аламыз.
10. Израил халқының тарихы сипатталған жазбалармен таныс болуымыз және жазбалардың қашан жазылғанын білуіміз керек.
11. Жаратқан Ие пайғамбарлар арқылы халқын ескертті, жұбатты және жігерлендірді.
12. Иса Мәсіх.
13. Бес.
14. Лұқа.
15. Петір, Жохан, Пауыл және басқа елшілер мен жетекшілер.
16. Құдаймен мәңгі бірге тұратын боламыз.



2-сабақ: Әуел баста...

Жар 1:1-2:15-аяттарды (Жаратылыстың басталуы жазбасындағы 1-тараудың 1-аятынан бастап 2-тараудың 15-аятына дейін) оқып шығыңыз.

Құдайдың Үшбірлігі

Жар 1:1: Әуел баста Құдай аспан мен жерді жаратты.

* Әуел баста не болған еді? (1)

Жар 1:3: Сонда Құдай: «Жарық пайда болсын!» — деп бұйырды. Осылай жарық пайда болды.

* Құдай әлемді қалай жаратты? (2)

Жох 1:1-3-аяттарды оқыңыз. Әуел баста Сөз болатын, Сөз Құдайда болатын, Сөз Құдай еді...

* Әуел баста Кім Құдайда болатын? (3)

* **Жох 1:14-17**-аяттарды оқыңыз. Мұнда «Сөз» деп аталған Кім? (4)

Жар 1:2: Жер ретсіз, тіршіліксіз бос жатты; суға толы тұңғиықтың үстін қара түнек жауып тұрды. Ал Құдайдың Рухы су бетінде қалықтап ұшып жүрді.

* Кім су бетінде қалықтап ұшып жүрді? (5)

Сонымен Киелі кітаптың ең бірінші тарауынан және Жохан жазған Ізгі хабардың бірінші тарауынан Құдайдың Үшбірлігін көреміз: Құдай, (рухани) Ұлы (яки «Сөз») және Киелі Рух.

Жар 1:26-27-аяттарды оқыңыз. Бір қызығы, Құдай: «Біз ... Өзімізге ұқсас әрі бейнелес етіп адамды жаратайық», — деді.

Бұдан Құдай жалғыз болса да, басқа жағынан жалғыз емес екендігін көреміз.

Заң 6:4: Құдайымыз... жалғыз Құдай!

* Біз қанша Құдайға сиынамыз? (6)

Біз үш Құдайға табынбаймыз. Бірақ біздің Құдайымыздың үш Тұлғасы бар екенін білеміз. Құдайдың үш Тұлғасының арасындағы сүйіспеншілік кемелді.

Бұл романтикалық махаббат емес, қайта, басқаның қамын ойлайтын жанқиярлық сүйіспеншілік.

Құдай — сүйіспеншілік (Жох1 4:8,16). Сіздің сүйіспеншілігіңізді қабылдайтын біреудің болуы керек. Өйткені егер сіз сүйетін ешкім болмаса, онда сүюіңіз мүмкін емес. Әке, (рухани) Ұлы және Киелі Рух осы дүние жаратылмас бұрын да бір-бірін сүйген еді.

* **Заң 6:5**-аятты оқыңыз. Құдай Ие Өзінің халқына не істеуді бұйырған? (7)

Құдай Ие бізге Өзінің әлемді жаратпас бұрын да істегенін істеуді бұйырған. Құдай Ие бізге Оны және басқа адамдарды сүюді тапсырған.

Құдайдың Үшбірлігі туралы Көне Келісімнен де, Жаңа Келісімнен де оқимыз. Мысалы:

- **Жар 18-19**-тараулар: Осы оқиғада Құдай бір сәтте көкте де, жерде де болған. Құдай Әке көкте, бірақ сол кезде Құдай Ыбырайыммен адам адаммен әңгімелескендей сөйлесті. Құдайдың Үшбірлігі туралы ескерсек, бұл бізге түсінікті болады.
- **Жох 14:16-17**-аяттар: Иса шәкірттеріне Өзінің көктегі Әкесінен оларға Киелі Рухты жіберуін өтінетіні туралы айтты.

* Үшбірлік туралы Киелі кітаптың қай тарауынан алғаш рет оқимыз? (8)

Адам Құдаймен қарым-қатынас жасау үшін жаратылған

* **Жар 1:26-27**: Біздің жануарлардан айырмашылығымыз қандай? (9)

* Құдайға рухани жағынан ұқсас әрі бейнелес етіп жаратылған болу нені білдіреді? (10)

* Қандай адамдар Құдай Иенің көзқарас тұрғысынан сый-құрметке лайық? Ересектер ме? Байлар ма? Мықтылар ма? Ерекше ақылдылар ма? (11)

Біз Құдай жаратқан адамдарды ешқашан шеттетпеуіміз керек. Біздің міндетіміз — басқаларды жасы, түрі, тілі, ұлты, нәсілі, жынысы, қабілеті, байлығы және т.б. қасиеттеріне қарамай сүю.

* **Аян 4:11**: Біз неге Құдайды мадақтауға тиіспіз? (12)

Біз Құдайды мадақтау үшін жаратылғанбыз. Құдайды мадақтағанда біз де қуанамыз, Құдай да қуанышқа бөленеді.

Адамға берілген тапсырма

Жаратқан Ие Адам мен Хауаны Едем бағына орналастырды. Бірақ Иеміз оларға бүкіл әлемді сыйлаған болатын!



* **Жар 1:28:** Жаратқан Ие оларға не істеуді тапсырды? (13)

* Бұл нені білдіреді? Құдай олардың не істегендерін қалады? (14)

* Адамның жануарларға билік жүргізуі не үшін керек болды?
Жануарлардың қандай пайдасы бар? (15)

Жаратқан Ие оларға дүниені тек қорғап, мұражай сияқты сақтап қою үшін ғана тапсырған жоқ. Жаратқан Ие оларға жерді өңдеп, жаңалықтар ашып, дүниені одан әрі көркейте түсу үшін сеніп тапсырды.

Сонымен Адам мен Хауа Құдайға (рухани жақтан) бейнелес жаратылып, **Құдайдың билігіне мойынсұнып, дүниені басқаруға** тағайындалған болатын.

* **Жар 2:9:** Құдай Ие ағаштардың түр-түрін не үшін жаратты? (16)

* **Жар 2:10-14:** Жаратқан Ие оларды неге өзеннің жағасына орналастырды? (17)

* Теңіз бен өзендердің бойында құм көп болады. Құдай Ие адамға құмды не үшін берген? (18)

* **Жар 2:12:** Олар тауып алсын деп Құдай Ие қандай жақсы нәрселерді жаратқан? (19)

* Құдай Ие жер астындағы асыл тастар мен алтынды не үшін жаратқан? (20)

* **Жар 2:15:** Адамға қандай міндет жүктелді? (21)

Еңбек ету жақсы әрі пайдалы. Күні бойы ештеңе істемей, үйінде отыратын адам туралы ойлап көріңізші. Бұл еш қызық емес!

* Жаратқан Ие адамдардың тек тамақ тауып, өздерін асырағандарын ғана емес, осы әлемнен рақат алып жарылқанғандарын да қалады. Құдайдың әлеміне рақаттану үшін не істей аламыз? (22)

Біз Жаратқан Ие берген дүниені одан да жақсартып түскенде, Оның даңқын арттырамыз. Ал егер Жаратушының дүниесін (мысалы, далаға қоқыс тастау арқылы) ластасақ, онда Оның еркін бұзғанымыз.

* Сіз істеген ісіңіз арқылы Жаратқан Иені қалай құрметтейсіз?

Жауаптар:

- 1) Әуел баста еш нәрсе болмаған еді.
- 2) Құдай әлемді Өзінің бұйрығымен (сөзімен) жаратқан.
- 3) Әуел баста «Сөз» Құдайда болатын.
- 4) Мәсіх Иса.
- 5) Құдайдың Рухы.
- 6) Бір Құдайға сиынамыз.
- 7) Құдай Иенді шын жүректен, бүкіл жан дүниеңмен, бар күш-қуатыңмен сүй!
- 8) Бірінші тарауда.
- 9) Біз Құдайға (рухани жақтан) ұқсас жаратылғандықтан олардан ерекшеміз.
- 10) Біз сөйлеп, сүйіп, жазып, болашақ жайлы жоспар құра аламыз, ал, ең маңыздысы, Құдаймен қарым-қатынаста бола аламыз.
- 11) Біз Құдайға (рухани жақтан) ұқсас жаратылғандықтан бәріміз, тіпті арамыздағы балалар мен мүгедектер де, сый-құрметке лайықтымыз.
- 12) Өйткені Ол бізді жаратты және қамқорлайды.
- 13) Оларға өсіп-өніп көбею, жер бетін толтыру, барлық жануарларға билік жүргізу тапсырылды.

14) Құдай олардан мыналарды:

- бұл әлемді балаларға толтыруды,
- жеміс пен жаңғақ ағаштарын, көкөніс, күріш, бидай және т.с.с. өсіріп, жинауды,
- шоколад, дәмдеуіштер, шай сияқты нәрселерді ойлап табуды қалады.

15) Жануарлар адам өмірінің әр тұсына пайдалы:

- сүт және жұмыртқаны азық етуге;
- жүннен киім, көрпе жасауға;
- жер жыртатын соқаны, жүк таситын арбаны сүйреуге;
- мінуге көлік (әсіресе, жылқы, есек, түйе).
- кейінірек құрбандыққа шалуға (Жар 4:4) және тамаққа пайдалануға (Жар 9:3-аятта Құдайдың Нұхқа ет жеуге рұқсат бергені жайлы жазылған).

16) Ағаштар бізге мыналар үшін берілген:

- дәмді жемістерін жеуге,
- отын жағуға,
- үй салуға,
- жиназдар, музыкалық аспаптар және т.б. бұйымдар жасауға,
- табиғатты тамашалауға (мыс., күзде жапырақтары сарғайғанда).

17) Олардың ішетін әрі жуынатын суы болу және жол жүрулері үшін Құдай солай істеді. (Бастапқыда құрлықта жолдар болмаған еді.)

18) Балалардың құмда ойнап қамал салулары үшін, кейінірек шыны әрі телефон мен компьютерге керекті чиптер жасау үшін.

19) Алтын, хош иісті шайыр, оникс атты асыл тас.

20) Әшекей заттар жасау үшін (күйеулер әйелдеріне сүйіспеншілік көрсете алулары үшін), кейінірек ақша, компьютер мен телефон жасай алу үшін.

Уақыты келгенде адамдар киелі үйді безендіру үшін. Киелі үй — көктегі «киелі үйдің» алдын ала көрсетілген бейнесі (Аян 21:18-20).

21) Бақты күтіп бағу.

22) Біз үйімізді жанға жайлы етіп, мұқтаж адамдарға қонақжайлылық танытсақ, бұл Құдайға ұнайды. Сонымен қатар тиімді жаңа нәрселер ойлап тауып, солармен бір-бірімізге қолдау көрсетсек әрі басқаларға Жаратқан Иенің сүйіспеншілігін жеткізсек, бұл да Оның еркіне сай болады.

Сізде тағы қандай ойлар бар?



3-сабақ: Күнә

Едем бағы

Жар 3:1-24-аяттарды оқып шығыңыз.

* Жылан кейпіндегі шайтан Хауаға не деді? (Жар 3:1,4-5-аяттар) (1)

Шайтан негізінде мынадай ойды білдірді: «Құдай шындықты айтпайды әрі Ол кеңпейіл емес».

* Шайтан шындықты айтты ма? (2)

Жоқ, Адам мен Хауа онсыз да Құдайға ұқсас етіп жаратылған болатын. Бірақ Құдайға ұқсас емес етіп жаратылған шайтан Хауа мен Адамды былай деп азғырды: «Сендер менің айтқанымды орындасаңдар, Құдай сияқты боласыңдар!»

* Хауа мен Адам күнә жасамаса, не болар еді? (24-аят) (3)

* Шайтан уәде еткен білім олар үшін пайдалы болды ма? Олар сол арқылы бақытқа кенелді ме? 7-аят бойынша, олар не білді? (4)

* 2:15-аят бойынша, Құдай Адамға қандай жұмыс тапсырған болатын? (5)

* Жылан Хауа мен Адамға сөйлегенде, олар не істеулері керек еді? (6)

Адам мен Хауа Құдай Иеден бас тартты. Ол адамдарға бақытты өмір сүру үшін барлық жағдайды жасаған еді. Бірақ бұл оларға жеткіліксіз болып көрінді. Адам мен Хауа Құдайдың орнын басып, бұдан былай өмірлерін өздері басқарғылары келді.

Бұл сондай сұмдық! Бірақ біз де солай істейміз. Біз Құдайдың емес, шайтанның тілін алсақ, Құдайды қайғыртамыз.

Сонда біз Құдайға мойынсұнғымыз келмей, өз қалағанымыздай өмір сүргіміз келеді. Сөйтіп Құдайдың қаһарына ұшыраймыз.

* Біз Адам мен Хауаға қай жағынан ұқсаспыз? (7)

Олар жасаған күнәнің 5 салдары

1. Олар ұялды.

* **Жар 3:7:** Адам мен Хауа күнә жасағанда, олар дереу өздерінің өте жаман нәрсе істегендерін түсінді. Олар ұялды. Сонда олар не істеді? (8)

Олар бақытты болатын. Ал енді олардың көздері ашылып, өздерінің жалаңаш екендерін білді. Сонда олар өздерінен ұялып, өздерін ұнатпады.

2. Күнәнің кесірінен олардың арасындағы қарым-қатынас бұзылды.

* **12-аят:** Адам не істеді? (9)

* **16-аят:** Содан кейін Адам мен Хауа бір-біріне қалай қарайтын болды? (10)

3. Жаратқан Ие жердің топырағын қарғады.

* **17-18-аяттар:** Күнә олардың тамағын жерден өндіруіне қалай әсер етті? (11)

4. Күнә азап пен өлім әкелді.

* **16-19-аяттар:** Олардың өмірі қалай өзгерді? (12)

Бірақ Жаратқан Ие мейірімді болғандықтан, олар бірден өліп қалмады. Жаратқан Иеде адамдарды құтқару туралы жоспар бар!

5. Күнәнің кесірінен олардың Жаратқан Иемен қарым-қатынасы бұзылды.

* **Жар 3:8:** Олар енді Жаратқан Иемен сөйлескілері келді ме? (13)

* **Жар 3:21:** Жаратқан Ие оларды бақтан неге бірден қуып шықпады? Алдымен Ол не істеді? (14)

Адамдардың күнәлары мен ұятын жабу үшін оларға Құдай Иенің Өзі келді. Құдаймен татуласуымыз үшін Оның Өзі әрқашан сүйіспеншікпен әрекет етеді. Сол кезде жануарлардың өлтіріліп, адамдар олардың терілерімен жабылғанына назар аударыңыз. Адамдардың Құдаймен қарым-қатынастары қайтадан қалпына келуі үшін бір жануар өлтірілуі керек.

* **Жар 3:23:** Жаратқан Ие тағы не істеді? (15)

Олар енді Жаратқан Иемен бірге тұра алмады. Күнә адамды Құдай Иеден мәңгілікке аластатады.

* Күнәнің қандай 5 салдарын білесіз? (16)

- 1.
- 2.
- 3.
- 4.
- 5.

Күнә бәрін бүлдіреді. Күнә адамды тозаққа апарады. Бірақ бұл әңгіменің соңы емес!

Бірінші және екінші Адам

Осы әңгіменің ортасында Жаратқан Ие бізге үміт сыйлайды.

* **Жар 3:15:** Хауаның ұрпағы не істейтін болады? (17)

* Бұл нені білдіреді? (18)

Киелі кітаптың қалған бөлігі бізге осы Адамның кім екенін түсінуге көмектеседі. Жаңа Келісім (Инжіл шариғ) бізге «Екінші Адамның» Кім екенін ашық көрсетеді.

Қор1 15:21-22: *«Бір адам арқылы өлім дүниеге келді, сол сияқты бір Адам арқылы өлгендер қайта тіріледі: яғни, Адам атамен байланыстағылардың бәрі өлуге тиіс болғандай, Мәсіхпен байланыстағылардың бәрі де тіріледі».*

* «Екінші Адам» кім? (19)

* Өлім бізге қалай келді? (20)

* Мәңгілік өмірге қалай ие бола аламыз? (21)

Күнә жасаған әркім өлімге лайықты. Мәңгілік өмірге ие болуымыз үшін Мәсіх Иса біздің орнымызға Өзінің өмірін құрбандыққа берді! (**Жох 3:16**)

Күнделікті тапсырма:

Адамға өз күнәсін байқау қиын. Иемізден күнәмізді көрсете гөр деп күнде сұраған жөн. Егер мұны істесек, Оған ұнамды өмір сүре аламыз.

Жыр 138:23-24: *«Уа, Құдай, жүрегімнің түкпірлерін тексере гөр, мені мазалаған ойларымды біле гөр. Мен қауіпті жолдамын ба, сынай гөр, мәңгілік өмір жолымен жүргізе гөр!»*

Қосымша

Шайтан мен зұлымдық қалай пайда болған?

* **Жар 1:31:** Құдай жаратқандарына қарап не деді? (22)

* **Қол 1:15-16:** Осы аяттарда Мәсіх туралы жазылған. Ол нені жаратқан? (23)

* Демек, рухтарды Кім жаратқан? (24)

Жаратылған рухтарды емес, Жаратқан Иені қастерлеуіміз керек!

Әзәзіл шайтан және зұлымдық қалай пайда болған? Құдай Ие әрқашан Оған құлақ асып мойынсұнатын не мойынсұнбайтын таңдау еркін береді. Егер Ол бізге азат ерік бермеген болса, онда біз құлтемір (робот) сияқты болар едік. Егер біздің азат еркіміз болмаса, онда Құдайды сүйе алмас едік.

* **Аян 12:7-9:** Михайл деген кім? (Яһд 1:9) (25)

* Осы аяттардағы айдаһар кімді сипаттайды? (26)

* Бұл аяттарда қандай оқиға сипатталған? (27)

Көне заманда шайтан және оған бағынышты періштелер Құдайға қарсы бас көтерді; сол періштелер жындарға айналды. Ал Құдайға мойынсұнған періштелер әлі де Құдайға және Оның халқына қызмет етуде (Евр 1:14).

Мәсіх Иса өліп, қайта тірілгенде шайтанды жеңді. Бірақ шайтан әлі де Құдайға және Оның халқына қарсы күресуде. Біздің табанды тұруымыз үшін Құдай бізді барлық «рухани қару-жарақпен» қамтамасыз еткен (Еф 6:10-18). Біз Құдайдың берген қару-жарағын күнде асынып, оларды шайтанға қарсы қолдана білуіміз керек.

* **Аян 20:10:** Мәсіх қайта оралып, қиямет сотын жүргізген кезде шайтанға не болады? (28)


Сол оқиғадан кейін күнә атаулы болмайды. Сонда біз Мәсіхпен бірге ешқандай зұлымдық болмайтын жаңа жерде мәңгі өмір сүретін боламыз.

* Сіз бүгін қандай күнәларға өкініп, оларды Иемізге мойындауыңыз керек?

Жауаптар:

1. 3:1-аят: *«Құдай сендерге бақтағы ешбір ағаштың жемісінен жемеңдер деп шынымен айтты ма?»*
3:4-5-аяттар: Жылан әйелге: *«Жоқ, тіпті де олай емес, өлмейсіңдер! Қайта, Құдай сендер осы жемісті жеген кезде көздеріңнің ашылатынын жақсы біледі. Сонда сендер ненің жақсы, ненің жаман екенін айыра алып, Құдай сияқты боласыңдар!»* — деді.
2. Жоқ!
3. Олар мәңгілік өмір ағашының жемісінен жеп, мәңгі өмір сүрер еді.
4. Олар өздерінің жалаңаш екенін білді. Бұл білім олар үшін жақсы болмады. Олар күнә жасағандықтан, Құдайға бұрынғыдан гөрі азырақ ұқсас болды әрі бұл оларды бақытсыз етті.
5. Құдай адамды Едем бағына орналастырып, оған бақты күтіп-бағуды тапсырған еді.
6. Жылан оларға күдікті ой сеуіп азғырған кезде Адам мен Хауа Құдай Иеге бет бұрып, Одан сұрауға және жыланды қуып жіберуге тиіс еді.
7. Біз Құдайға мойынсұнбай, шайтанның тілін алғанда, Құдайды қайғыртамыз. Сонда Құдайдың бізді басқарғанын қаламай, өз еркімізбен өмір сүргіміз келеді.
8. Екеуінің көздері ашылып, олар өздерінің жалаңаш екенін байқады. Содан олар інжір ағашының жапырақтарын біріктіріп тігіп, алжапқыштар жасап алды.
9. Адам: *«Қасыма Өзің берген әйел ... »*, — деп Құдайды кінәлады және: *«... әйел маған сол ағаштың жемісінен берді»*, — деп Хауаны айыптады.
10. Хауа жыланның айтқанына сену жайлы шешімді күйеуімен ақылдаспай өз бетімен қабылдаған еді. Бұдан былай отбасын кім басқаратыны жайлы күрес болады. Әйел күйеуінің жетекшілік ететініне қарсы тұрмақ.
11. Енді жер өңдеп, жеміс пен көкөніс өсіру қиын жұмыс болады.
12. Олар азап шегіп, уақыты келгенде қайтыс болады. Олар мәңгі өмір сүрмейді.
13. Жоқ, олар Құдай Иеден жасырынып қалды.
14. Жаратқан Ие кінәсіз жануарды өлтіріп, олардың ұятын жапты.
15. Жаратқан Ие Адам мен Хауаны Едем бағынан қуып жіберді.
16. Оларда ұят пайда болды.
Күнә олардың арасындағы қарым-қатынасты бұзды.
Жаратқан Ие жердің топырағын қарғады.
Күнәнің зардабы азап пен өлім болды.
Күнә олардың Жаратқан Иемен қарым-қатынасын бұзды.

17. Ол шайтанның басын мыжиды.
18. Жаратқан Ие шайтанды жеңетін Біреуді жібереді.
19. Мәсіх Иса.
20. Өлім бізге Адам ата арқылы келді.
21. Егер Мәсіхке сеніп, Онымен байланыста болсақ.
22. Құдай жасаған барлық нәрсе өте жақсы болды.
23. Құдай Мәсіх арқылы көктегі әрі жердегі, көзге көрінетін және көрінбейтін нәрселердің бәрін де жаратқан.
24. Құдай оларды Мәсіх арқылы жаратқан.
25. Михайл — қуатты бас періште.
26. Әзәзіл шайтан — «ежелден бері келе жатқан жылан».
27. Көкте соғыс бұрқ ете түсті. Михайл қол астындағы періштелермен шайтан мен оның нөкерлеріне қарсы соғысты. Содан соң бұлар көктен қуылды.
28. Шайтан отты көлге, яғни, тозаққа лақтырылады.



4-сабақ: Құдайдың зұлымдыққа қарсы үкім шығаруы

* Базардан алған жемістердің кейбіреулері бүліне бастаса, онда оларды не істейміз? (1)

Біз сол бүлінген жемістер сияқтымыз! Сырттан қарағанда білінбейді, бірақ іштей бүлінгенбіз. Сыртына қарасаң әдемі көрінеді, бірақ Құдай барлық адамдардың бүлінгенін біледі. Біздің жүрегіміздің түкпірі Құдайдың алдында айқара ашық!

Жар 6:5-22-аяттарды оқыңыз.

* **Жар 1:31:** Құдай Ие Өзінің жаратқандарын қалай бағалаған еді? (2)

* **Жар 6:6:** Жаратқан Ие олар туралы енді не ойлады? (3)

* Адамдардың бәрі зұлымдыққа салынды. Жаратқан Ие не істеуі керек болды? (4)

* Ол мұны қалай істеді? (5)

Жаратқан Ие киелі әрі сүйіспеншілігі мол. Ол адамзатты соттауы керек болды, бірақ Ол адамдардың бәрінің қырылып қалғанын қаламады.

* **Жар 3:15:** Құдай Ие Кімді жіберемін деп уәде берген еді? (6)

Адамдар Құдайдың шайтанды жеңу жоспарының бір бөлігі болды!

* **Жар 6:8:** Жаратқан Ие кімді құтқаруды ұйғарды? (7)

* **Жар 6:14:** Жаратқан Ие Нұхқа не істеуді бұйырды? (8)

* **Жар 6:18-19:** Кім құтқарылатын болды? (9)

Бұл шағын қайық емес еді; қайта, кеме 3000 адам сыятын мұхит лайнері сияқты алып болды!

Нұх басқа адамдарға топан су туралы айтқанда, олар оны есі дұрыс емес деп мазақ қылды.

* Бірақ ақырында оларға не болды? (10)

* Топан су күнә мәселесін шеше алды ма? (11)

Жар 8:20-22-аяттарды оқыңыз.

* Топан судан кейін Нұх не істеді? (12)

* Жаратқан Ие қандай уәде берді? (13)

* **Жар 9:12-16**-аяттарды оқыңыз. Құдай Ие осы Келісімнің белгісі ретінде нені көрсетті? (14)

Жаратқан Иенің Нұхқа берген керемет уәдесі Оның тек бірсыпыра адамға ғана емес, БҮКІЛ адамзатқа деген рақымын көрсетеді. Құдай Ие ешкімнің тозаққа түскенін қаламайды. Оның сүйіспеншілігі бәріне арналған!

Біз аспаннан кемпірқосақты көрген сайын Жаратқан Иенің бүкіл жаратылысқа деген сүйіспеншілігі мен сенімділігін еске ала аламыз.

Жаңа Келісім

Құдай Ие қазіргі адамзат туралы мына аяттарда не білдірген?

* **Рим 3:10-18** (15)

* **Рим 3:23** (16)

Адамдардың бәрі күнәкар әрі бүлінген. Мәсіх адамзатты соттау үшін жерге қайта оралады; сонда Ол бүлінген барлық жемістерді лақтырып тастайтын болады.

Мат 25-тарауда Мәсіх (яғни, «Құдай тағайындаған Билеуші») осы туралы былай деген:

Мат 25:31-33 *«Құдай тағайындаған Билеуші қасиетті періштелерін ертіп ғаламат ұлылықпен көктен келген кезде Өзінің салтанатты тағына отыратын болады. Барлық халықтар Оның алдына жинап әкелінеді. Ол шопанның қойларды серкелерден ажыратқанындай адамдарды екі топқа бөліп, «қойларды» оң жағына, «серкелерді» сол жағына қояды».*

* Мәсіх **Мат 25:41**-аятта сол жағындағы күнәкарларға қандай үкім шығармақ? (17)

Адамның өмірінде болуы мүмкін ең қорқынышты нәрсе — Мәсіхтің сотына түсу!

* Көне Келісімде Нұх Құдайдың үкімінен қалай құтқарылды? (18)

Мәсіх Иса Нұхтың кемесі сияқты: Құдайдың үкімінен құтқарылудың жалғыз жолы — Мәсіх. Біз әбден бүлінгенбіз. Ал Құдай Ие толық мінсіз, киелі! Құтқарылу үшін біз «кемеге кірсек» болды. Демек, Мәсіх Исаға әрі Оның құрбандық өлімі арқылы күнәларымыздың құны өтелгеніне сенуіміз керек.

Адамдар Нұхқа қалай күліп қараған болса, сенбейтіндер қазір де бізге күліп келемеждейді.

* Жаратқан Ие бізге қандай тапсырма берді? (19)

* Жаратқан Ие сізге осы сабақ арқылы не үйретті?

* Осы сабақпен бөлісе алатын адамыңыз бар ма?

* Сіздің бойыңызда өкініп, бас тартуға тиісті күнә бар ма?

Үй тапсырмасы:

Келесі сабақтан бұрын Жар 6-9-тарауларды және Жар 11:1-9-аяттарды оқыңыз.

Жауаптар:

1. Оларды қоқыс жәшігіне лақтырамыз.
2. Бәрі өте жақсы болды. Жаратқан Ие риза болды.
3. Жаратқан Ие қайғырып, қасірет шекті.
4. Олардың көздерін құрту керек болды.
5. Алапат топан сумен.
6. Шайтанды жеңе алатын Біреуді.
7. Құдай Ие Нұхты таңдап алды.
8. Кеме тұрғызуға.
9. Нұх пен оның отбасы және жануарлардың әр түрінен бір жұптан.
10. Олардың бәрі топан суға батып өлді.
11. Жоқ.
12. Нұх Құдайға шүкірлік құрбандығын ұсынды.
13. Құдай енді қайтып жерді топан су баспайды деп уәде берді.
14. Кемпірқосақ.
15. Бірде-бір әділ адам жоқ.
16. Барлық адамдар күнә жасады.
17. Олардың тозаққа түсетінін айтты.
18. Нұх Құдайға мойынсұнып кемеге кірді.
19. Біздің тапсырмамыз мынау: адамдарды теріс жолдан қайтып, «кемеге кіруге», яғни, Құтқарушы Мәсіхке сенуге шақыру. Бұл оларға оғаш көрінсе де, осы «Ұлы аманатты» орындауға тиіспіз.



5-сабақ: Құдайдың Ыбырайымға берген уәдесі

Нұхтың үрім-бұтағы Құдайды ұмытып, жалған тәңірлерге табынып кетті.

Жүздеген жылдар өткеннен кейін, Жаратқан Ие Өзінің халқының түп атасы болуға Ыбырайымды таңдап алды.

Үш уәде

Жар 12:1-7-аяттарды оқыңыз.

* Жаратқан Ие Ыбырайымға қандай 3 уәде берді? (1)

1) Жарылқау

* **Жар 3:17-19:** Құдай Ие жаратқан жерге не болған? (2)

* **Жар 12:3:** Жаратқан Ие енді не істейтіні жөнінде айтты? (3)

* Біз қабылдай алатын ең ұлы жарылқау қандай? (4)

2) Халық

* **Жар 21:5:** Әйелі Сара Ысқақты туғанда Ыбырайымның жасы нешеде болды? (5)

Ысқақ керемет жолмен дүниеге келді. Жаратқан Ие Ысқақтың ерекше ұл екенін көрсеткісі келді.

* **Жар 12:2:** Ысқақ неге ерекше ұл болды? (6)



Қосымша

Ыбырайымның Құдайға шынымен сенім артатынына көз жеткізу үшін Құдай оны ауыр сынақтан өткізді. **Жар 22:1-18**-аяттарды оқыңыз.

Құдай Ие Ыбырайымға сүйікті ұлы Ысқақты құрбандыққа беруді бұйырды, алайда Ол осы ұлы арқылы бүкіл әлемді жарылқайтынын уәде еткен еді. Бұл тапсырма Ыбырайым үшін қаншама ауыр болса да, ол уәдесіне берік Құдайға сенім артып, тапсырманы орындауға бел буды.

Ыбырайым Ысқақты құрбандыққа шалу үшін пышақты көтере бергенде, Жаратқан Иенің періштесі оны тоқтатты. Содан кейін Жаратқан Ие Ыбырайымға баланың орнына құрбандыққа шалынатын қошқарды берді.

Осы оқиғадан Жаратқан Иенің адамның орнына құрбандыққа шалынатын малмен қамтамасыз еткенін көреміз. Жаңа Келісімде Құдай Өзінің (рухани) Ұлы Мәсіхті біздің орнымызға құрбандыққа берді. Мәсіхтің орнына құрбандыққа мал шалу мүмкін болмады, өйткені біздің күнәларымыздың құнын Мәсіхтен басқа ешқандай құрбандық өтей алмайды.

Құдай Ие Ысқақ арқылы Ыбырайымның тәндік те, рухани да ұрпақтары болғанын жоспарлады.

* **Ғал 3:7**-аятты оқыңыз. Жаңа Келісім бойынша, Ыбырайымның нағыз ұрпақтары кімдер? (7)

* Жаңа жаратылыста Құдайдың халқына кімдер қосылады? (**Аян 7:9**) (8)

3) Жер

* **Жар 17:8**: Құдай Ыбырайымның ұрпақтарына қай жерді бермек болды? (9)

Бірақ Ыбырайым Қанахан жеріне ешқашан иелік етпеген. Жар 23-тарауында Ыбырайымның марқұм әйелі Сараны жерлеу үшін жер танабын сатып алғаны туралы баяндалған. Содан 500 жылдан кейін ғана Құдай сол елді Өзінің халқына тұруға берді.

* **Евр 11:8-10**: Ыбырайым қай жағынан сенімнің тамаша үлгісі болып табылады? (10)

Бірақ...

* **Жар 46:6**: Үш буыннан кейін Ыбырайымның ұрпақтары қай жерге көшіп барды? (11)

* **Мыс 2:23:** Құдай халқы сол жерде кейінірек қандай жағдайға душар болды? (12)

Халыққа Құдайдың уәделерін жүзеге асыратын құтқарушы керек болды.

Біз Киелі кітапты оқып шыққанда, Құдайдың берген уәделерін қалайша іске асырғаны жайлы білеміз:

- Көне Келісімде Құдайдың Ыбырайымға берген уәделерін орындай бастаған жөнінде баяндалған.
- Ал Жаңа Келісімде осы уәделерді орындайтын Адамның Мәсіх Иса екенін оқимыз. Бірақ бұл уәделер Мәсіх жер бетіне қайта оралып, бізді көктегі жаңа мекенде өмір сүруге алып кеткенде ғана толығымен орындалатын болады.

Уәделі ел болашақтағы Жаңа жаратылысты көрсететін бастапқы бейне болатын (Аян 22:1-5).

* Құдай Ыбырайымға қандай 3 нәрсені уәде еткен? (13)

* Олар қашан толығымен жүзеге асады? (14)

Үй тапсырмасы:

Құдай Иенің Ыбырайымға берген уәделерін қалай орындай бастағанын көру үшін Жаратылыстың басталуы жазбасын оқып шығыңыз.

Жауаптар:

1. Жарылқау, халық және жер.
2. Құдай жаратқан жердің топырағын адамдардың жасаған күнәларының кесірінен қарғыс атқан еді.
3. Жаратқан Ие Ыбырайым арқылы бар ұлттарды жарылқайтын болады!
4. Ең ұлы жарылқау — Құдай Иемен жақын қарым-қатынас.
5. Ыбырайымның жасы жүзде болды.
6. Себебі Құдай Ие Ыбырайымның ұрпақтарын ұлы халық етіп, оларды Өзінің халқы еткісі келді.
7. Тәңір Иеге әрі Мәсіхке сенім артқандар.
8. Әрбір ұлт, ру, халық және тілден шыққан адамдар.
9. Қанахан жерін.
10. Ыбырайым Құдайдың берген уәделерін уақыты келгенде орындайтынына сенді. Ал оның көктегі үйі жердегіге қарағанда әлдеқайда жақсы болатынын да білді.
11. Мысыр жеріне.
12. Халық құлдыққа түсіп, бейнет шекті.
13. Жарылқау, халық және жер.
14. Мәсіх Иса қайта оралып, бізді Өзімен бірге өмір сүру үшін алып кеткенде.



6-сабақ: Уәделердің Ыбырайымның ұрпақ- тарына берілуі

Ысқақ

Жар 25:19-34-аяттарды оқыңыз!

* 20-аят: Ысқақ кімге үйленді? (1)

* Ысқақ пен Рабиға Ыбырайым мен Сараға қай жағынан ұқсас? (2)

* 23-аят: Жаратқан Ие аяғы ауыр Рабиғаға оның ішіндегі егіздер туралы не деді? (3)

Таңдап алу

Бұл — Киелі кітаптағы маңызды тақырып. Құдай сенушілердің Өзінің рухани балалары болатынын әлемді жаратпас бұрын алдын ала белгілеп қойған!

Еф 1:3-8-аяттарды оқыңыз.

* 4-аят: Құдай бізді Өзінің рухани балалары болуға қашан таңдап алған еді? (4)

* 6-аят: Құдай неге бұлай істеді? (5)

* 7-аят Құдай бізге тағы не берген? (6)

Біз бұл тақырып туралы Киелі кітапқа шолу курсы талқылағанда көбірек біле аламыз.

Құдайдың адамдарды жамандықтың құлдығынан азат етіп, күнәларын кешіруі Оның «рақымы» деп аталған (7-аят). Өйткені ешбір адам ақталуға лайықты емес. Құдайдың бізді таңдап алып, құтқарғанына шын жүректен риза болғанымыз жөн.

* Құдай бізге рақымын қаншалықты жаудырады? (8-аят) (7)

Жақып

Жақып ержеткенде Лия мен Рахила деген апалы-сіңлілі қыздарға үйленді. Жақып күйеу әрі әке ретінде қателер жіберді.

Жар 29:30-30:24-аяттарды оқып шығыңыз.

- * Жақып қай әйелін көбірек жақсы көрді? (8)
- * Қай әйелі оған 4 ұл туып берді? (29:32-35) (9)
- * Әпкесіне іші күйген Рахила не істеді? (30:3) (10)
- * Балханың қанша ұлы болды? (30:5-8) (11)
- * Сол кезде Лия не істеді? (30:9) (12)
- * Зилпаның қанша ұлы болды? (30:10-13) (13)
- * Лия Жақыппен тағы бір түнді бірге өткізу үшін не істеді? (30:14-16) (14)

Ежелде адамдар махаббат алмалары (ор. мандрагоры, евр. додаим) деген өсімдіктер тұқымдасы адамның құмарлығын арттырады деп нанатын.

- * Бұдан кейін Лияға не болды? (30:17-21) (15)
- * Ал Рахилаға не болды? (30:22-24) (16)

Жар 35:16-19-аяттарды оқыңыз.

- * Рахилаға не болды? (17)
- * Жақыптың барлығы қанша ұлы болды? Оны өзіңіз санасаңыз болады немесе **Жар 42:13**-аяттан оқып біле аласыз. (18)
- * **Жар 32:28**-аятты оқыңыз. Құдай Жақыптың есімін кім деп өзгертті? (19)
- * Жақыптың ұлдарының ұрпақтарынан не шықты? **Жар 49:28**-аятты оқыңыз. (20)

Қосымша

Құдайдың Ыбырайымға берген уәделері **Ысқаққа** (Жар 26:3) және **Жақыпқа** (Жар 28:13-14) да берілді. Осылайша **Ыбырайым, Ысқақ, Жақып** Құдай таңдаған Исраил халқының түп аталары болды.

Ыбырайымның Ажардан туған баласы **Ысмағұлдан** да, Ысқақтың басқа баласы **Есаудан** да халықтар өрбіді. Бірақ Жаратқан Ие адамзатқа құтқару жолын салу үшін Исраил халқын таңдап алған.

Көне Келісім жазбаларында **Исраилдің** үрім-бұтағы Құдайдың халқы деп аталып кетті. Ол Жақыптың 12 ұлының аттарымен аталған 12 рудан тұрады.



Жүсіп және Құдай халқының көбеюі

* Құдай Өзінің халқын көбейтті. Бірақ кейін халық қиын жағдайға ұшырады. Ол қандай жағдай болды? **Жар 41:56**-аятты оқыңыз. (21)

* Құдай Өзінің халқын аман-есен қалдыру үшін аштықтан қалай құтқарды? Жүсіптің **Жар 45:7**-аятта не айтқанын оқыңыз. (22)

Жар 37-47-тарауларда бауырларының Жүсіпті құлдыққа сатқаны, сонда да оның күтпеген жерден Мысыр перғауынының бас уәзіріне айналғаны туралы қызық әңгіме берілген. Одан біз ираилдіктер теріс шешімдер қабылдаса да, Құдайдың оларды бәрібір сүйіп, қамқорлағанын көре аламыз. Құдай Мысыр халқына да рақым көрсетті, себебі олар да ашаршылықтан аман шықты.

* **Жар 15:13**-аятты оқыңыз. Құдай халқы Мысырда қанша жыл тұрды? (23)

* **Жар 46:27**-аятты оқыңыз. Жүсіптің заманында Құдай халқының қанша адамы Мысыр еліне көшіп барды? (24)

* **Рұл 1:46**-аятты оқыңыз. 400 жылдан кейін олар қанша адам болып көбейген еді? (25)

Енді олардың саны уәделі жерді қоныстау үшін жеткілікті еді.

* **Мыс 1:8-13**-аяттарды оқыңыз. Мысырдан көшіп шығу жазбасының басында Құдай халқының қандай екі мәселеге тап болғаны туралы баяндалған? (26)

Жар 50:24 *«Жүсіп бауырларына: «Мен жуырда дүниеден қайтамын. Алайда Құдай рақымшылық жасап, сендерді осы елден сөзсіз алып шығып, Ыбырайымға, Ысқаққа және Жақыпқа ант беріп, уәде еткен жеріне бастап апаратын болады», — деді.*

Жүсіп Құдай Ие Өзінің халқына деген жоспарын әрі қарай жалғастыра беретінін білді.

Иеміздің көптеген адамдарды құтқару жайлы жоспары іске асуы үшін сіз де қызмет етуге шақырылғансыз! Барлық адамдар Мәсіх Иса туралы Ізгі хабарды естулері керек. Жалғыз Ол ғана оларға мәңгілік өмірді сыйлай алады.

* Сіз Иемізге қалай қызмет етіп жатырсыз?

Жауаптар:

1. Бетуелдің қызы Рабиғаға.
2. Ұзақ уақыт бойы олардың балалары болмағандықтан, өмірге келген бала Құдай жасаған керемет болды.
3. Рабиға екі халықтың түп атасы болатын егіз балаларды дүниеге әкеледі. Үлкені кішісіне қызмет ететін болады.
4. Әлем жаратылмас бұрын!
5. Құдайдың мадақталуы үшін. Демек, даңққа Ол бөлену керек!
6. Мәсіхтің құрбан болып, қаны төгілуімен төлеміміз өтелді, біз жамандықтың құлдығынан азат етілдік және күнәларымыз кешірілді.
7. Шексіз! Ол бізге рақымын молынан жаудырды.
8. Рахила.
9. Лия.
10. Рахила балалы болу үшін Жақыпқа өзінің күңі Балханы қосты.
11. Екі ұлы.
12. Лия тағы балалары болу үшін Жақыпқа өзінің күңі Зилпаны қосты.
13. Екі ұлы.
14. Ол махаббат алмалары арқылы күйеуімен түнді бірге өткізу кезегін сатып алды.
15. Лия тағы екі ұл және бір қызды туды.
16. Рахила Жүсіпті туды.
17. Рахила екінші баласы Буняминді босанған соң қайтыс болды.
18. Он екі ұл бала.
19. Израил.
20. Израилдің 12 руы.
21. Ашаршылық басталды.
22. Оларды аштықтан құтқару үшін Жаратқан Ие Жүсіпті алдын ала Мысырға жіберді.
23. Шамамен 400 жыл.
24. 70 адам.
25. 2 миллионға жуық адам деген болжам бар: 603 мың ер адам және олардың әйелдері мен балалары.
26. Олар Мысырда тұрды, алайда бұл Құдай оларға уәде еткен жер емес еді. Олар Мысырда құл болды.

Қосымша: Жаратылыстың басталуы жазбасы жөніндегі сұрақтар (викторина)

1. Әуел баста Кімдер Құдаймен бірге болды? (1)
2. Біз күнәнің қандай салдарларын көреміз? (2)
3. Нұхтың кезінде Жаратқан Иенің үкімінен кімдер құтқарылды? (3)
4. Жаратқан Ие Ыбырайымға қандай 3 уәде берді және олар қашан толығымен жүзеге асты? (4)
5. Сара жалғыз баласын туған кезде, Ыбырайым қанша жаста еді? (5)
6. Ыбырайымның Сарадан сүйген баласының аты кім еді? (6)
7. Ысқақтың қанша баласы болды? (7)
8. Олардың аттары кім? (8)
9. Жаратқан Ие екі ұлдың қайсысы арқылы Өзінің уәдесін орындауды жалғастыра берді? (9)
10. Жаратқан Ие Жақыпқа қандай жаңа ат қойды? (10)
11. Жақыптың қанша ұлы болды? (11)
12. Киелі кітап бойынша, олар ақырында кім болды? (12)
13. Жақыптың сүйікті ұлының аты кім еді? (13)
14. Жаратқан Ие оларды аштықтан құтқарып, аман қалдыру үшін не істеді? (14)
15. Құдайдың халқы Мысырда қанша жыл өмір сүрді? (15)
16. Мысырға Жақыппен бірге қанша адам көшіп барды? (16)
17. Жақыптың үрім-бұтағы Мысырда тұрған кезде олардың саны қаншаға жетті? (17)
18. Жаратылыстың басталуы жазбасының соңында және Мысырдан көшіп шығу жазбасының басында Құдай халқының (Исраилдің) қандай екі мәселеге ұшырағаны жайлы жазылған? (18)

Қосымшадағы сұрақтарға арналған жауаптар:

1. Құдай Сөзі (Мәсіх) және Киелі Рух.
2. Адам мен Хауа ұят сезіне бастады.
Күнәнің салдарынан олардың арасындағы қарым-қатынас бұзылды.
Жердің топырағын қарғыс атты.
Күнә ауыртпалық пен өлім әкелді.
Күнәнің салдарынан олардың Құдаймен қарым-қатынасы бұзылды.
3. Кемеге кіргендер.
4. Жарылқау, халық (үрім-бұтақ), жер. Бұл уәделер Мәсіх Иса қайта оралып, Өзіне сенушілерді жаңа көк пен жерге апарған кезде толық орындалады.
5. 100 жыл.
6. Ысқақ.
7. Екі ұл.
8. Жақып және Есау.
9. Жақыпты.
10. Израил.
11. 12 ұл.
12. Олар Израил халқының 12 руының түп атасы болды.
13. Жүсіп.
14. Жаратқан Ие оларды Мысырға жіберді.
15. Шамамен 400 жыл.
16. 70 адам.
17. Болжам бойынша, олар 2 миллионға жуық адам болды: 603 мың ер адам және олардың әйелдері мен балалары. Енді олардың саны уәделі жерді қоныстау үшін жеткілікті еді.
18. Израилдіктер Мысырда тұрды, ал Жаратқан Ие оларға уәде еткен жер бұл емес еді. Олар Мысырда құлға айналды.



7-сабақ: Құтқарушы Құдай

Мысырдан көшіп шығу жазбасының 1-тарауында Ыбырайымның үрім-бұтағының жағдайы тым қиындағаны туралы баяндалған.

Мыс 1:8-11,15-16,25-аяттарды оқыңыз.

* Сол кезде Израил халқы қандай жағдайды басынан өткізді? (1)

Алайда олардың жағдайы мүшкіл болған күннің өзінде Жаратқан Ие оларды құтқаруды жоспарлады.

Перғауынның израилдік ұл балалардың бәрін өлтіру туралы бұйрығына қарамастан, бір израилдік ерлі-зайыпты жаңа туған сәбиін себетке салып жасырды.

* Бұл сәбиді кім тауып алды? (2)

* Ол сәбидің атын кім деп қойды? (3)

Сол кезге дейін Құдайдың халқы Ол туралы аз білетін. Енді Құдайдың оларға Өзінің қасиеттерін ашық білдіргенін көреміз.

Мыс 2:23-3:17-аяттарды оқып шығыңыз.

Бұл үзіндіден Құдай туралы мына 4 маңызды нәрсені біле аламыз:

1) Құдай өздерін-өздері құтқара алмайтындығын білетін адамдарды құтқарады.

* Сол кезде Құдайдың халқы қай жерде тұрды? (4)

* Олар қандай мәселеге тап болды? (5)

* Олар нені қажет етті? (6)

* Олар не істеді? (2:23) (7)

Олар өздерін Құдай ғана құтқара алатынын білді.

Жаңа Келісім:

Жох 8:34-36: «Иса оларға былай деп жауап берді:

— *Сендерге өте маңызды шындықты айтамын: кім күнә жасаса, сол — күнәнің құлы. Ал құлы емес, ұлы ғана қожайынның үйінде мәңгі қалады, себебі ұлы ретінде оның еркі бар. Сонымен егер Құдайдың (рухани) Ұлы сендерді азаттыққа жеткізсе, шынымен азат боласыңдар».*

- * Кім күнәнің құлы? (8)
- * Біз мәңгілікке күнәнің құлы болып қала беруіміз қажет пе? (9)
- * Бізді кім азат ете алады? (10)
- * Құдайдың (рухани) Ұлы деген кім? (11)
- * Барлық адамдар қай жағынан ираилдіктерге ұқсас? (12)
- * Енді не істеуіміз керек? (13)

2) Құдай Өзінің халқын құтқару үшін бір адамды жіберді.

* **Елш 7:20-22:** Құдай Мұсаны Өзінің халқын құлдықтан құтқару үшін қалай дайындаған еді? (14)

* **Елш 7:23-29:** Мұса мінсіз адам болды ма? (15)

Құдай Мұса пайғамбарды Ираил халқын құтқару үшін айрықша дайындаған еді: ол перғауынмен еркін сөйлесе алатын жалғыз ираилдік болды. Бірақ Мұса Мысырға қайта оралғысы келмеді. Ол перғауынның Ираил халқын жібермейтінін білген еді.

* **Мыс 3:12:** Құдай Мұсаға не деді? (16)

Мұса Құдайдың қолдауымен Оның халқын құтқара алатын адам болды.

* Құдайдың халқын құтқару ісін атқару үшін неге Мұса соған сай келетін адам болды? (17)

Бірақ Мұса мінсіз құтқарушы болмады. Ол шайтанды жеңетін Адам да бола алмады (Жар 3:15).

* Мұсаның Құдайдың халқын мәңгілікке құтқаруға жарамсыз болғанын көрсететін екі жайтты келтіріңіз. (18)

Бір кезде Құдай Өзінің халқын мәңгілікке құтқару үшін мінсіз Құтқарушыны жіберетін болады.

Жаңа Келісім:

* **Мат 1:20-23:** Мәриямның Ұлының қандай екі есімі болады? Олардың мағыналары қандай? (19)

Тек Иса ғана бізді мәңгілікке құтқара алатын Адам болды!
Ол — Құдайдың (рухани) Ұлы, «Құдай бізбен бірге»!

3) Құдайдың Өзі халқын құтқару үшін көктен жерге келді.

* **Мыс 3:8:** Құдай не істеді? (20)

Жаңа Келісім:

* **Жох 1:14:** Сөз (яғни, Мәсіх Иса) не істеді? (21)

Мұса пайғамбардың заманындағыдай, Жаңа Келісімде де Құдай бізді құтқару үшін көктен жерге келді.

Кейбір діндерде Құдай бізге құлақ асып, жұмаққа қабылдауы үшін көптеген игі істер жасауымыз керек деген тәлім беріледі. Әйтсе де мұндай жолмен ешкім де құтқарыла алмайды. Адам ешқашан Құдай оны қабылдайтындай жеткілікті жақсы бола алмайды.

Жох1 4:10: *«Бұл сүйіспеншіліктің мәнісі мынада: Құдайды сүйген біз емес, қайта, Ол бізді сүйгендіктен, құрбандығы арқылы күнәміздің құнын өтеу үшін Өзінің (рухани) Ұлын жіберді».*

* Құдай не істеді? (22)

Құдайдың (рухани) Ұлы жерге келіп, бізді күнәларымыздың құлдығынан азат ету үшін өмірін құрбан етті!

* Мәсіхке деген сенім мен түрлі діндердің арасында қандай айырмашылық бар? (23)

4) Жаратқан Ие — жалғыз шынайы Құдай

Құдай халқының Жаратқан Ие туралы білгені аз болатын. Перғауын аса қуатты болып көрінгендіктен, Мұса одан қорықты. Жаратқан Ие Өзінің қасында перғауынның түк те қуатты емес екендігін Мұсаға түсіндіргісі келді.

* Құдай мен ел билеушісінің қайсысында билік пен қуат көбірек? (24)

* **Мыс 3:14:** Құдайдың аты кім? (25)

Киелі кітаптағы Құдайдың есімі бізге Оның кім екенін білдіреді.

Еврей тіліндегі «Яһуә» деген есім «Мен (Мәңгі) Бар Болушымын» және «Жаратушымын» деген мағынаны білдіреді. Кейінгі ғасырларда яһудилер «Яһуә» деген киелі есімді қолданудан алшақтап, оның орнына «Адонай», яғни, «Ие» деген атауды қолданатын. Сондықтан Яһуә есімі басқа тілдерге «Ие» немесе «Жаратқан Ие» деп аударылады.

Бұл есім Жаратқан Иенің басқа халықтар табынатын жалған тәңірлерге еш ұқсамайтын Құдай екендігін білдіреді. Ол тірі! Ол мәңгі! Ол шексіз құдіретті! Ол Ыбырайымға берген уәдесін ұмытқан жоқ! Жаратқан Ие — сенімді Құдай!

* Бұл есім Құдай туралы нені білдіреді? (26)

Жаңа Келісім:

Сол сияқты, Жохан жазған Ізгі хабарда Мәсіх Иса Өзі туралы 7 рет «Менмін» деп айтқан.

Мысалы, **Жох 14:6**-аятта Мәсіх: «*Жол, шындық және шынайы өмір Менмін. Мен арқылы болмаса, ешкім де Әкеге бара алмайды*», — деген.

* Мәсіх мұнымен не айтқысы келді? (27)

Тек Мәсіх қана бізді күнә мен шайтанның құлдығынан құтқара алады!

* Осы сабақтан Құдай туралы не білдік?

Үй тапсырмасы

Мыс 1-14-тарауларда Жаратқан Иенің Исраилді қалай құтқарғаны жөнінде баяндалған. Осы аптада сол тарауларды оқып шығып, Жаратқан Ие туралы не білгеніңіз жайлы жазыңыз.

Жауаптар:

1. Исраил халқы азаттығынан айырылып құлға айналды әрі езгі көрді. Перғауын олардың жаңа туған ұлдарын өлтіруге бұйрық берді.
2. Перғауынның қызы.
3. Мұса.
4. Мысырда.
5. Олар құлдықта болып, езгі көрді.
6. Олар құтқаратын біреудің келуін қажет етті, өйткені олар өздерін-өздері құтқара алмады.
7. Олар Құдайдан көмек сұрап жалбарынды.
8. Кім күнә жасаса, сол күнәнің құлы. Бұл барлық адамдарды білдіреді.
9. Жоқ!
10. Ұл, яғни, Құдайдың (рухани) Ұлы.
11. Мәсіх Иса.
12. Біз де құлмыз, яғни, күнәнің құлдығындамыз. Исраилдіктер сияқты біз де өзімізді құтқара алмаймыз.
13. Исраилдіктер сияқты біз де Құдайдан: «Бізді құлдықтан құтқара гөр», — деп өтінуіміз керек.
14. Мұса пайғамбар мысыр және еврей тілдерін білді. Ол патша сарайында өсіп, тәрбиеленгендіктен, перғауынмен қалай сөйлесу керектігін білді.
15. Жоқ, ол бір адамды өлтірген болатын!
16. Құдай оған: «Мен саған жар боламын», — деп уәде етті.
17. Мұса бала кезінде перғауынның сарайында өскендіктен, перғауынмен еркін сөйлесе алатын жалғыз исраилдік болды.
18. Себебі ол перғауыннан қорықты және ол бұрынырақ бір адамды өлтірген болатын.
19. «Иса» есімі «Жаратқан Ие құтқарады» дегенді білдіреді. (Ол Өзінің халқын күнәларынан құтқаратын болады.) «Имануил» «Құдай бізбен бірге» дегенді білдіреді.
20. Құдай исраилдіктерді азат ету үшін көктен жерге келді.
21. Сөз адамға айналып арамызда өмір сүрді.
22. Ол біздің күнәларымыздың құнын өтеу үшін Өзінің (рухани) Ұлын жіберді.
23. Кейбір діндерде біз көптеген игі істер істесек қана Құдай бізге құлақ салып, жұмаққа кіргізеді делінеді. Ал Киелі кітапта мынадай тәлім берілген: істеген игі істеріміз біз Құдай алдына баратындай жеткілікті бола алмайды. Алайда Құдайдың (рухани) Ұлы осы дүниеге келіп, күнәларымыздың құнын өтеп, бізді күнәнің құлдығынан азат етті!
24. Әрине, Құдай Ие.
25. «Мен (Мәңгі) Бар Болушымын».
26. Құдай жалған тәңірлерге ұқсамайды. Құдай мәңгі тірі! Ол шексіз құдіретті! Жаратқан Ие Ыбырайымға берген уәдесін ұмытқан жоқ. Ол — сенімді Құдай!
27. Мәсіх Иса адамдардың тек Өзі арқылы ғана Құдай Әкеге (Яһуәға, яғни, Жаратқан Иеге) бара алатындарын түсіндірді. Себебі Оның Өзі — Құдайдың (рухани) Ұлы!



8-сабақ: Құдай құрбандық арқылы құтқарған

Бұл сабақтан Құдайдың құдіретті Соттаушы және Құтқарушы екендігі туралы білеміз. Оның ғажап құтқаруын есте сақтап, Оны мадақтағанымыз жөн!

Жаза (Мыс 5-11)

Перғауын Жаратқан Иеге қарсы соғысты. Жаратқан Ие перғауынға оның өзі мен халқының жазаланатыны туралы көп рет ескерту жасады.

* Жаратқан Ие перғауын мен оның халқына қандай апаттар жіберді?
(7-11-тараулар) (1)

* Бұл бізге Құдай туралы қандай тәлім береді? (7:17) (2)

Жаратқан Ие құдіретті: Ол перғауыннан (және әзәзіл шайтаннан!) әлдеқайда құдіретті!

Бірақ перғауын Жаратқан Иеге бәрібір құлақ асқан жоқ.

* Жаратқан Иенің мысырлықтарға жіберген соңғы жазасы қандай еді? (3)

Исраилдіктер де күнә жасады. Тұңғыштардың өлімі тек мысырлықтарға ғана емес, сондай-ақ, Жаратқан Иеге мойынсұнбаған исраилдіктерге де жіберілген жаза болатын.

Осы қорқынышты жазаның арқасында перғауын исраилдіктерді босатып жіберді. Осылайша жаза Құдай халқының құтқарылуына жол ашты.

* Киелі кітаптан сот пен құтқарылудың әрдайым бірге жүретінін көреміз. Бұл жағдай бізге Жаратқан Ие туралы нені білдіреді? (4)

Құтқарылу

Мыс 12:1-30-аяттарды оқып шығыңыз.

Қан

Жаратқан Ие ираилдіктерге Өзінің жазасынан қорғанудың жолын көрсетті. Бұл жаза әр отбасындағы тұңғыш ұлдың өлуі болды.

* Ираилдік отбасылар бұдан аман қалу үшін не істеулері керек болды? (5)

* Құдай қанды көргенде не істемек еді? (13-аят) (6)

Тоқтының қаны тұңғыштарды өлімнен сақтап қалды. Әр отбасында тұңғыш ұлдың өлмеуі үшін бір тоқтыдан құрбандыққа шалынды.

Жаңа Келісім

* Бұдан 1500 жыл өткеннен кейін Жақия пайғамбар Иса туралы не деді? (Жох 1:29) (7)

* Бұл нені білдіреді? (8)

Тамақ

* **Мыс 12:8:** Ираилдіктерге тағы не істеу керек еді? (9)

Жаратқан Ие Өзінің халқын құтқарып қана қойған жоқ, Ол оны тамақтандырды да. Тоқтының еті халыққа жол жүруге күш берді. Келесі күні олар алыс та қиын сапарға шықпақ еді.

Жаратқан Ие халықты сол түні де тамақтандырды, содан кейінгі 40 жыл бойы да иен далада асырайтын болды.

* **Мыс 16:31-35**-аяттарды оқыңыз. Ираил халқы 40 жыл бойы немен тамақтанды? (10)

Олар сапар шеккенде Жаратқан Ие оларды қажетті барлық нәрселерімен қамтамасыз етті.

Жаңа Келісім

* **Жох 6:35**-аятта Мәсіх Иса не деді? (11)

* Бұл нені білдіреді? (12)

* Біз нанды не істеуіміз керек? (**Жох 6:51**) (13)

* Бұл нені білдіреді? (14)

Мәсіх бізді Құдайдың сотынан құтқару үшін жанын қиды. Ол бізді мәңгілік өмірге және мәңгілік мекенге апаратын жолға керектінің бәрімен де қамтамасыз етеді.

Құдайдың істеген істері есімізде болсын!



Мейрам!

* Израилдіктер Құтқарылу мейрамын неге жыл сайын осы уақытта атап өтетін болды? (14:25-27-аяттар) (15)

Жаңа Келісім

* Біз құлдық пен өлімнен құтқарылғанымызды қалай тойлаймыз? (Қор1 11:23-26) (16)

* Нан мен шарап (немесе жүзім шырыны) нені білдіреді? (17)

* Мәсіх Исаның құрбандық өлімін неге еске алуымыз керек? (18)

* Мәсіхтің біз үшін істеген керемет ісін ешқашан ұмытпауымыз үшін не істегеніміз жөн?

* Бұл — адамзат тарихындағы ең тамаша хабар! Оны кіммен бөлісе аласыз?

Жауаптар:

1. Судың қанға айналуы, бақалар, масалар, шыбын-шіркей, малдың қырылуы, іріңді жаралар, бұршақ, шегірткелер, түнек, тұңғыштардың өлімі.
2. Құдай — Жаратқан Ие.
3. Жаратқан Ие Мысыр еліндегі әр отбасындағы тұңғыш ұлды өлтірді.
4. Жаратқан Ие — Соттаушы және Құтқарушы.
5. Олар тоқтыны сойып, оның қанын есіктің маңдайшасы мен жақтауларына жағып қоюлары керек болды.
6. Жаратқан Ие қанды көргенде, сол үйге соқпай, өтіп кететін еді.
7. *«Қараңдар, Мынау — Құдайдың құрбандыққа жіберген «Тоқтысы»! Ол адамзаттың күнәсін өз мойнына артып, сол үшін жанын қияды».*
8. Иса біздің орнымызға құрбан болмақ. Оның қаны бізді өлімнен қорғайтын болады.
9. Жаратқан Ие оларға тамақ жеуді бұйырды. Олар тоқтының етін пісіріп, нан жауып, екеуін бірге жеуге тиіс болды.
10. Манна атты тәтті нан.
11. *«Шынайы өмір сыйлайтын «нан» Менмін. Маған келгендер рухани нәрден тарықпайды, Маған сенгендер ешқашан шөлдемейді!»*
12. Тек Мәсіх Иса ғана біздің Құдаймен қарым-қатынас жасауға деген аңсауымызды қанағаттандырады (яки «шөлімізді» қандырады).
13. Оны «жеуіміз» керек.
14. Біз Мәсіхпен қарым-қатынас жасауымыз қажет. Мәсіхтің бізге сөзін арнап, өмірімізді өзгертуіне жол беруіміз керек. Бұл үшін Құдай Сөзін күнделікті оқып, сол туралы ойланып-толғанып, мінажат етуіміз маңызды.
15. Израилдіктер Жаратқан Иенің өздерін Мысырдағы құлдықтан қалай азат еткенін және тоқтының қанына қарап өлімнен аман алып қалғанын есте сақтаулары үшін осы мейрамды атап өтетін болды.
16. Нан ұзу рәсімін бірге орындағанда.
17. Мәсіх Исаның денесі мен қанын.
18. Өйткені Құдай күнәларымызды кешіріп, бізге мәңгілік өмір сыйлауы үшін Мәсіх Өзінің өмірін құрбандыққа берді.



9-сабақ: Теңізден өтіп шығу

Мыс **14:1-15:2**-аяттарды оқып шығыңыз.

Ақырында перғауын израилдіктерді босатып жіберді. Алайда олар кетіп қалғаннан кейін, перғауын шешімін өзгертіп, әскерімен бірге олардың соңынан қуа жөнелді.

- * Перғауынның әскерін көргенде, израилдіктер не сезінді? (1)
- * Израилдіктер неге мысырлықтардан қашып құтыла алмады? (2)

Сұмдық жағдай орын алды!

- * Аман шығу үшін израилдіктер не істеуге тиіс болды? (Мыс 14:22-аят) (3)
- * Жаратқан Ие қанша израилдікті құтқарды? (4)
- * Қанша мысырлық жауынгер опат болды? (Мыс 14:28-аят) (5)

Жаңа Келісім

- * Біздің жауымыз кім? (**Пет1 5:8**) (6)
- * Біз Мәсіхке сенбес бұрын кім болдық? (**Жох 8:34**) (7)
- * Адамдар өз күшімен күнә мен шайтанның құлдығынан азат бола ала ма? (8)

Израил халқы іспетті, барлық адамдар үмітсіз жағдайда.

Мұса пайғамбар Израил халқын теңіз арқылы өткізгенде, оларды бостандыққа жеткізді.

Израилдіктер теңіз арқылы жүрген кезде енді өлетін боламыз деп ойлады. Бұл қорқынышты болды, бірақ олар тек осы жолмен ғана бостандыққа жете алды.

Сол сияқты, Мәсіх Иса да бізді мәңгілік өмірге жеткізу үшін айқышта өмірін қиды! Ол өлімнен қайта тірілді. Сөйтіп Ол біз үшін мәңгілік өмірге апаратын жолды дайындағанын көрсетті. Мәсіх алдымыздан жүрген, Ол қазір де алдымыздан жүреді. Бұ дүниедегі өміріміз аяқталған кезде Мәсіх бізді мәңгілік мекенімізге (яки «үәделі елге») бастап алып барады!

Дәл солай Мәсіх Исаның соңынан еруге шешім қабылдаған біз де өзіміз үшін жоқ болуымыз керек.

Өзіміз үшін жоқ болып, Мәсіхке өміріміздің Иесі болуға жол береміз.
Бұл — шынайы бостандыққа апаратын бірден-бір жол!

- Өзіміз үшін жоқ болу нені білдіреді?
- Бұл үшін қандай іс-әрекеттен бас тартуымыз керек?
- Қандай нәрселерді істей бастауымыз қажет?

Киелі кітапта теңіз астарлап өлімді білдіреді. Егер жүзуді білмейтін біреу қайықтан құлап кетсе, ол суға батып өледі.

Мұса пайғамбар Израил халқын теңіз (яғни, өлім) арқылы өткізіп бостандыққа жеткізгені іспетті, Мәсіх Иса да бізді өлім арқылы мәңгілік өмірге бастап алып жүрді!

Демек, біз Мәсіх Исаның соңынан ергенде, өзіміз үшін жоқ болуымыз (яғи «өлуіміз») керек. Өзіміз үшін жоқ болғанда, Мәсіхке өміріміздің Иесі болуға жол береміз. Енді Құдайдың даңқын асыру үшін өмір сүреміз! Жер бетіндегі өміріміз аяқталғанда, Мәсіх бізді мәңгілік өмірге жеткізеді.

Евр 2:14-15 «Тәңір Иенің рухани балалары ет пен сүйектен жаралғандықтан, Иса да ет пен сүйектен тұратын тәнді қабылдады. Осылайша Ол Өзінің құрбандық өлімі арқылы өлімнің әміршісін, яғни, әзәзіл шайтанды жеңіп шықты әрі өмір бойы өлімнен қорқып, шайтанның құлы болып жүрген адамдарды азат етті».

* Иеміз Иса Өзінің құрбандық өлімі арқылы қандай мақсатын іске асырды? (9)

Жох 14:1-3 «Көңілдерің толқымасын! Құдайға сеніңдер және Маған да сеніңдер! Көктегі Әкемнің үйінде тұратын орын көп. Егер солай болмаса, Мен сендерге айтқан болар едім ғой. Енді сол жерден сендер үшін орын дайындауға бара жатырмын. Барып, дайындап болғаннан кейін қайтып келіп, Өзім болатын жерде сендерді де болсын деп қасыма алып кетемін».

* Иеміз Иса бізді қайда алып кетеді? (10)

Сал1 4:16-17 «Өйткені Иеміздің Өзі көктен түсіп, бұйрық береді әрі бас періште шақырып, Құдайдың кернейі қатты дауыстайды. Сонда ең алдымен Мәсіхке сеніп бұ дүниеден кеткендер қайта тіріледі. Тірі жүрген біз мұнан соң солармен бірге Иемізбен кездесу үшін бұлттың үстімен көкке көтерілеміз. Содан мәңгі бақи Иемізбен бірге боламыз. Бір-біріңді осы сөзбен жұбатыңдар!»

* Иеміз Иса бізді Өзі дайындаған орынға қашан алып кетеді? (11)

Қосымша ой: шомылдыру рәсімі

Рим 6:4 «Демек, Мәсіхпен тығыз байланысқанда біз Онымен бірге рухани «өліп, жерлендік». Сонымен Құдай Әке Өзінің ұлы құдіретінің арқасында Мәсіхті өлімнен қайта тірілтіп, жаңа өмір бергендей, біз де енді жаңаша өмір сүруіміз керек!

Шомылдыру рәсімінен өтудің қандай астарлы мағынасы бар? (12)

Бұл рәсім ираилдіктердің теңізден өту оқиғасына ұқсайды.

Біз құтқарылғаннан кейін не істеуіміз қажет?

* **Мыс 14:31-15:1:** Ираилдіктер теңізден өткенде қандай 3 нәрсені істеді? (13)

* Иеміз Иса бізді құтқарғаннан кейін біз де не істеуіміз керек? (14)

* Жаратқан Иені терең қастерлеу деген нені білдіреді? (15)

* Жаратқан Иеге және Мәсікке сенім арту нені білдіреді? (16)

* Иемізді мадақтау нені білдіреді? (17)

Біз Иемізді мадақтағанда Оны қуантамыз, өзіміз де қуанышқа кенелеміз! Құдайды күнде мадақтау — жақсы дағды. Оны кез келген уақытта істеуге болады, мысалы, тамақтың алдында.

* Мұсаның Құдай халқын теңіз арқылы өткізуі Иеміз Исаның біз үшін істеген ісіне қалайша меңзейді? (18)

* Бүгін не үйрендіңіз?

* Осы сабақта үйренгеніңізді кіммен бөлісе аласыз?

Жауаптар:

1. Исраилдіктердің зәрелері ұшты.
2. Өйткені алдында теңіз болды, ал артынан перғауын әскерімен қуып келе жатты. Бұлай болмаған жағдайдың өзінде исраилдіктер баяу қозғалды, себебі олармен бірге балалар, қарт адамдар және көптеген жүктері болды.
3. Құдай оларды құтқаруы үшін, олар теңізден өтулері керек болды.
4. Бәрін.
5. Бәрі.
6. Перғауын исраилдіктердің жауы болғаны сияқты, шайтан — біздің жауымыз.
7. Исраилдіктер перғауынның құлы болғандай, біз де шайтанның құлы болдық.
8. Исраилдіктердің өздерін құтқара алмағаны сияқты, біз де өз күшімізбен азат бола алмаймыз.
9. Құдай перғауынның күшін жойып, Өзінің халқын азат еткені сияқты, Иеміз Иса да шайтанның күшін жойып, бізді азат етті.
10. Иеміз Иса бізді Әкесінің үйіне апарады. Онымен бірге сонда болу уәделі жерде (Қанаханда) өмір сүруден әлдеқайда тамаша болмақ!
11. Иеміз Иса көктен қайта оралған әрі Оған сеніп, қайтыс болғандар тірілген кезде.
12. Біз суға түскенде, Исамен бірге рухани «өліп, жерленеміз», ал судан шыққанда, Онымен бірге жаңа өмір сүруіміз үшін «қайта тірілеміз» деген мағына бар.
13. Олар Жаратқан Иені терең қастерледі.
Олар Жаратқан Иеге және Оның қызметшісі Мұсаға сенді.
Олар Жаратқан Иені мадақтады.
14. Біз Жаратқан Иені терең қастерлеуіміз керек.
Біз Жаратқан Иеге және Оның Қызметшісі Мәсіх Исаға сенуіміз керек.
Біз Жаратқан Иені мадақтауымыз керек.
15. Біз Жаратқан Иені терең қастерлесек, күнәдан аулақ боламыз. Өйткені Ол біздің істеген ұнамсыз істеріміздің бәрін: мысалы, айтқан өсегімізді, шағымдарымызды, мейірімсіз істерімізді, смартфоннан жаман нәрсе көретінімізді және т.с.с. біледі.
16. Біз еш уайымдамаймыз. Мысалы, егер Ол бізге басқа бір жерге көшіп барып, сонда Мәсіхке куә болуды тапсырса, онда біз Оған үміт артып, солай істегеніміз дұрыс. Иеміз сол жерде де қамымызды ойлайды!
17. Иемізді сөзбен мадақтап, Оған ән-жыр айту.
18. Мұса исраилдіктерді теңізден (яғни, өлімнен) өткізіп, бостандыққа алып шықты. Сол сияқты Иеміз Иса да бізді күнә, өлім және шайтанның құрсауынан азат етіп, мәңгілік өмір сыйлау үшін Өзін өлімге қиды және қайта тірілді.



10-сабақ: Құрбандықтар

Ежелден бері адамдар Құдайға арнап құрбандықтар шалып, сый-тартулар ұсынған болатын. Мысалы, Қабыл мен Әбіл солай істеген (Жар 4-тарау).

Адамдар Құдайдың жарылқауына ие болып, Оның қаһарынан қорғанғылары келді. Кейбір мәдениеттерде сондай дәстүрлер әлі де бар. Адамдар Құдайдың қаһарын басу үшін құрбандыққа мал шалу керектігін түсіне бастаған еді.

* Адамдар ежелден бері Құдайға арнап құрбандықтар неге шалып келген?
Адамдар ең алдымен не нәрсеге ие болғылары келеді? (1)

Мұсаның заманында Жаратқан Ие Өзінің халқына Оған қалай қызмет ету керектігін білдірген.

Олар Жаратқан Иенің алдына келгенде, құрбандыққа мал шалып, оны құрбандық үстелінде өртеуге тиіс болды. Олар бұл жайт арқылы мына екі нәрсені түсіне алды:

1. **Күнә жасаған адам жазалануға тиіс, ал оның жазасы — өлім.** Адамның Құдаймен қарым-қатынасын қалпына келтіру үшін бір мал шалынуы керек болды.

Исраилдіктер жиі жасаған күнәларына бола, діни қызметкерлердің күнде құрбандық шалулары қажет болды.

2. **Адамдарға өздерінің орнын басатын бірдеңе керек.** Адамдардың орнына құрбандыққа мал шалынды. Күнәні мал емес, адам жасаған еді, бірақ адамның орнына бір малдың құрбандыққа шалынуы керек болды.

* Адамдар құрбандыққа мал шалғанда қандай екі нәрсені түсінуге тиіс болды? (2)

Леуіліктер жазбасы

Леуіліктер жазбасында құрбандықтың 5 түрі сипатталған. Жаратқан Ие құрбандықтар арқылы халықты Өзімен қалай дұрыс қатынас жасау керектігін білдіргісі келді.

Леу 1-тарау – Шалынып түгелдей өртелетін құрбандық.

Леу 2-тарау – Астық тартуы.

Леу 3-тарау – Қарым-қатынасқа ризашылық білдіретін құрбандық.

Леу 4-тарау – Күнәнің құнын өтейтін құрбандық.

Леу 5-тарау – Айыпты өтейтін құрбандық.

Енді шалынып түгелдей өртелетін және қарым-қатынасқа ризашылық білдіретін құрбандықтар туралы қарастырайық.

Леу 1-тарау:

Шалынып түгелдей өртелетін құрбандық

Күн сайын таңертең және кешке діни қызметкерлер құрбандыққа бір мал шалып, түгелдей өртеуге тиіс болды. Олар шалынған малды тұтастай өртеулері керек еді, осылайша оның етінен ешкім жей алмады. Бұл құрбандық арқылы ираилдіктер мынадай тәлім алды: Жаратқан Ие біздің бүкіл өмірімізге иелік етуге лайық.

Осы құрбандыққа қарап біз өмірімізді Жаратқан Иеге толықтай бағыштауымыз керектігі жөнінде сабақ аламыз.

Бұл туралы Інжіл шарифте былай деп жазылған:

Рим 12:1 *«Сонымен, бауырластарым, бізге осындай мол мейірімін төккені үшін өздеріңді Құдай жолына арнауға шақырамын. Өмірлерің Құдайға ұнамды, толықтай бағышталған, тірі құрбандықтай болсын: Оған лайықты рухани қызмет көрсетулерің осы болады».*

Біз өзімізді және бүкіл өмірімізді Құдай Иеге арнауымыз керек!

* Шалынып түгелдей өртелетін құрбандық нені адамдардың есіне салады? (3)

* Інжіл шарифтегі қай аят осы жайтты есімізге салады? (4)

Леу 3-тарау:

Қарым-қатынасқа ризашылық білдіретін құрбандық

Шалынып, түгелдей өртелетін құрбандықтан басқа, құрбандыққа шалынған малдардың бәрінің бір бөлігін діни қызметкерлердің жеулеріне болатын.

Басқа ираилдіктердің қарым-қатынас құрбандығынан ғана жеуіне болатын. Олар бұл малдардың етін Жаратқан Иенің киелі шатырының алдында жейтін. Бұл жайт адамдарға олардың құрбандық арқылы Жаратқан Иемен қарым-қатынаста бола алатынын көрсетті.

Інжіл шариф бойынша, Мәсіхке сенушілер нан үзу рәсімін орындағанда, Құдай Иемен қарым-қатынас жасайды. Себебі бұл рәсімдегі нан Мәсіх Исаның денесін, ал жүзім шырыны немесе шарап Оның қанын бейнелейді. Мәсіх Иса Өзінің өмірін құрбандыққа беру арқылы адамдардың күнәларының құнын өтеді.

- * Қарым-қатынасқа ризашылық білдіретін құрбандық нені адамдардың есіне салды? (5)
- * Інжіл шариф бойынша, Құдайдың халқы бұл жайтты қалай еске алады? (6)

Құрбандыққа мал шалу жеткілікті ме?

Евр 10:1-10-аяттарды оқыңыз.

- * Бізді күнәларымыздан тазарту үшін құрбандыққа мал шалудың жеткіліксіз екенін қайдан біле аламыз? (10:1-2-аяттар) (7)
- * Құрбандыққа мал шалу қай жағынан пайдалы болған? (10:3-аят) (8)
- * Мәсіх Иса не үшін бұл дүниеге келді? (10:10-аят) (9)

Көне Келісімді оқи отырып, Мәсіх Исаның біз үшін істеген істерін түсіне бастаймыз. Адам Құдай Иемен қарым-қатынасын қалпына келтіруі үшін құрбандық ұсынуы қажет еді. Бұл үшін құрбандыққа мал шалу жеткіліксіз болды. Жалғыз Мәсіх Иса ғана Өзінің құрбандық өлімі арқылы бізді күнәдан тазартып, Құдаймен қарым-қатынасымызды қалпына келтірді!

- * Көне Келісімді оқу арқылы біз Мәсіх Исаның Жаңа Келісімнің негізіндегі құтқару ісін қай жағынан толығырақ түсіне аламыз? (10)
- * Біз күнә жасап қойсақ, не істеуіміз керек? (Жох1 1:9-2:2) (11)

Жасаған күнәміз Құдаймен қарым-қатынасымызды бұзады. Егер күнәмізге өкініп, оны Құдай алдында мойындасақ, онда Онымен қарым-қатынасымыз қалпына келеді. Бірақ Құдайдың киелі екендігін ешқашан ұмытпаңыз: егер адам қайта-қайта Оған қарсы бас көтерсе, Құдайдың қаһарына ұшырайды.

- * Сіз достарыңызбен құрбандық жөнінде сөйлескенде, біржола берілген құрбандық туралы оларға қалай түсіндіре алар едіңіз?

Жауаптар:

1. Адамдар Құдайдың жарылқауына ие болып, Оның қаһарынан аман болғылары келеді.
2. Күнәнің салдары — өлім. Күнәлі адамның орнына күнәнің құнын өтейтін мал құрбандыққа шалынуы керек болды.
3. Құдай Ие біздің бүкіл өмірімізді Оған арнауымызға лайық.
4. Рим 12:1: *«Сонымен, бауырластарым, бізге осындай мол мейірім төккені үшін өздеріңді Құдай жолына арнауға шақырамын. Өмірлерің Құдайға ұнамды, толықтай бағышталған, тірі құрбандықтай болсын».*
5. Олардың құрбандық ұсыну арқылы Жаратқан Иемен қарым-қатынас жасай алатындарын.
6. Нан үзу рәсімін орындау арқылы.
7. Өйткені адамдар қайта-қайта құрбандыққа мал шалулары керек болды.
8. Бұл іс адамдарға өздері жасаған күнәларының салдарынан Құдаймен қарым-қатынастарының бұзылғанын еске салатын.
9. Мәсіх бізді жасаған күнәларымыздан біржола тазарту үшін Өзінің өмірін құрбандыққа беруге осы дүниеге келді.
10. Көне Келісімде Жаратқан Иемен қарым-қатынасты қалпына келтіру үшін құрбандыққа мал шалу керек деген тәлім берілген. Бірақ құрбандыққа мал шалу күнәдан тазару үшін жеткіліксіз болды. Тек Мәсіх Иса ғана Өзінің мінсіз өмірін құрбандыққа беруі арқылы бізді күнәнің арамдығынан тазартып, Құдай Иемен қарым-қатынасымызды қалпына келтірді.
11. Жасаған күнәмізге өкініп, оны Құдайға мойындап, Одан соны кешіруді өтінуіміз керек.



11-сабақ: Он өсиет

Мыс 20:1-17-аяттарды оқыңыз.

Бұл өсиеттерді не үшін орындауымыз керек?

Көп адам егер Жаратқан Иенің өсиеттері мен парыздарын орындасақ, жұмаққа барамыз деп ойлайды. Олар егер адамның жасаған игі істері жаман істерінен көп болса, онда Жаратқан Ие оны жұмаққа қабылдайды деп сенеді. Бірақ Киелі кітапта мұндай тәлім жоқ! Біз ешқашан Құдай талап еткендей жақсы бола алмаймыз. Алайда Киелі кітаптағы тамаша хабар мынау: адам күнәкар болса да, Құдай Ие оны сол жағдайынан құтқаруға дайын.

Құдай Ие бізді құтқарып, Өзінің халқы етті, сондықтан Оған мойынсұнамыз. Құдайдың құтқаруын қабылдағаннан кейін, Оған қуанышпен мойынсұнамыз.

Жаратқан Ие израилдіктерді құлдықтан құтқарғанда, Ол халықтың жаңа Иесі әрі Патшасы болды. Содан соң Ол халқына игілікті өсиеттер мен заңдар тапсырып, оларды орындауды міндеттеді. Израилдіктер Оған мойынсұну арқылы өздерін құтқарған жаңа Патшаның халқы екендігін көрсетті.

Жаңа Келісімде де солай: Құдай бізді шайтанның құлдығынан құтқарды! Мәсіх жаңа Иеміз әрі Патшамыз болды. Сондықтан Оған мойынсұнып қызмет етуіміз керек. Оған мойынсұнуымыз бізді құтқарған жаңа Патшаға тиесілі екендігімізді көрсетеді.

* Бұл өсиеттер мен заңдарды не үшін орындауымыз керек? (1)

Инжіл шарифтегі өсиеттер

Бірде Мәсіх Исаға «Таураттағы ең ұлы өсиет қайсысы?» деген сұрақ қойылды. Мәсіх бұл сұраққа қалай жауап берді?

Мат 22:37-40-аяттарды оқыңыз.

* Ең ұлы екі өсиет қандай? (2)

Әрине, бұл өсиеттерді өз күшімізбен орындай алмаймыз. Алайда Құдай бізге Өзінің Киелі Рухын берді; Ол бізді жетелеп, осындай өмір сүруге үйретуге дайын.

Жаратқан Иенің өсиеттері мен заңдары бізге Оның қасиеттерін көрсетеді. Біз Құдай Иеге рухани жағынан ұқсас жаратылғанбыз (Жар 1:26-27). Құдай біздің мінез-құлқымыздың Оның қасиеттеріне сай өзгергенін қалайды.

Енді Жаратқан Иенің Өзінің халқына тапсырған заңдарының ішіндегі ең ұлы он өсиетіне назар аударайық.

Алғашқы 4 өсиет

Алғашқы 4 өсиет біздің Жаратқан Иемен қарым-қатынасымыздың қандай болу керектігін көрсетеді.

1. * Бірінші өсиет қандай? (Мыс 20:3-аят) (3)

* Құдай Ие қай жағынан қызғаныш күйеуге ұқсас? (4)

Бұл өсиет екінші өсиетпен байланысты:

2. * Екінші өсиет қандай? (20:4-аят) (5)

* Тәңір бейнесі деген не? (6)

* Құдайдың бейнесін қайдан көре аламыз? (Жар 1:26) (7)

Біз қатты ұнататын адамдарға тым көп құрмет көрсетуге бейіміз.

* Адам қолымен жасалған тәңір бейнесіне табыну қай жағынан дұрыс емес? (8)

Біз ешқандай бейнелерге не мүсіндерге мінажат етпеуіміз керек.

Біз үшін Құдай Иеден «құнды да маңызды» болып көрінген кез келген адам немесе нәрсе «жалған тәңірге» айналады.

* Адамдар қандай «жалған тәңірлерге табынулары», яғни, олар Құдай Иеден гөрі кімдерге және қандай нәрселерге көбірек мән берулері мүмкін? (9)

3. * Үшінші өсиет қандай? (7-аят) (10)

Біздің айтқан сөздеріміз істеген істерімізге сай келуі керек, әйтпесе екіжүзді боламыз. Егер «Құдайды сүйеміз» десек, онда Оған мойынсұнуға тиіспіз.

Рим 2:24: «Басқа ұлттардың арасында сендерге бола Құдайдың аты қорланады».

* Біз Құдайдың атын қалай қорлаймыз? (11)

* Құдайдың атын құрметтегеніміз неден көрінеді? (12)

Лұқ 6:46: «Егер сендер айтқандарымды орындамасаңдар, несіне Мені «Мырза, Ие!» дейсіңдер?»

* Иеміз Иса сөзін арнаған сол адамдардың мәселесі неде болды? (13)

* Адамдар тағы қалай Құдайдың атын орынсыз ауызға алады? (14)

4. * Төртінші өсиет қандай? (20:8-аят) (15)

Құдай Иемен уақыт өткізіп, сенушілермен кездесіп, қарым-қатынас жасай алу үшін әр аптаның бір күні жұмыс істемейтін бос болуы керек. Бұл күн шаббат яки (діни) демалыс күні деп те аталатын. Біз үшін жексенбі күні Жаратқан Иемен және Оның адамдарымен қарым-қатынас жасау көбірек жұмыс істеуден маңызды!

Демалыс күнін Жаратқан Иеге бағыштағанымыз біздің өз күшімізге емес, Жаратқан Иеге сенім артқанымызды көрсетеді. Егер біз аптаның әр күні демалыссыз жұмыс істейтін болсақ, онда бұл өмірімізге керектіні Құдай Иеден күтпей, өз күшімізге сүйеніп аламыз дегенді білдіреді. Ондай жағдайда біз Құдайға үміт артпаған болып шығамыз.

* Демалыс күнін Жаратқан Иеге бағыштағанымыз Оны сүйуге қалай көмектеседі? (16)

5-10-өсиеттер

Келесі 6 өсиеттен бір-бірімізге қалай қарап, не істемеуіміз керектігін көреміз.

Егер біз (алғашқы 4 өсиет бойынша) алдымен Құдай Иені сүймесек, онда (соңғы 6 өсиет бойынша) бір-бірімізді де сүйе алмаймыз.

* Біз қалған 6 өсиетті орындай алуымыз үшін не істеуіміз керек? (17)

* Келесі 6 өсиет қандай? (Мыс 20:12-17-аяттар) (18)

* Бұл өсиеттерді орындау оңай ма?

Мат 5:27-28 «Неке адалдығын бұзба!» деген өсиетті де естідіңдер. Ал Мен сендерге былай деймін: кім бір әйелге құмарта қараса, оның өз жүрегінде сол әйелмен неке адалдығын бұзғаны».

* Мәсіх Иса біздің ойларымыз туралы бұл аятта не деді? (19)

Құдай Ие біздің тек сыртымыздан ғана жақсы болып көрінгенімізді емес, ішкі дүниеміздің де жақсы болғанын қалайды. Ол бізге сыртымыз бен ішіміздің жақсы болуы үшін Өзінің Киелі Рухын берді. Сол үшін Құдайға алғыс айтайық!

* Он өсиетті оқығанда біз өз ойларымызға қатысты нені есте ұстауымыз керек? (20)

* Біз Құдай Иеге ұнамды болу үшін, Оған ішкі дүниемізбен де, сырттай да қалай мойынсұна аламыз? (21)

Құдай Иеден сіздің мінез-құлқымыздың Оның қасиеттеріне барған сайын көбірек сай келуі үшін сізді Өзінің Киелі Рухына кенелтуін сұраңыз!

Мінез-құлқыңыз сіздің кімге тиесілі екеніңізді көрсетеді?

Қосымша:

Қандай заңдарды орындауым керек?

* 21 ғасырда Орталық Азияда өмір сүретін біз яһуди дінін ұстанбаймыз, сондықтан Тауратта біз орындауға міндетті емес заңдар мен ережелер бар ма? (22)

Тауратта көп өсиет, заң және ереже берілген. Ондағы белгілі бір заң-ережені орындау керек пе, жоқ па, соны қалай біле аламыз?

Соны анықтау үшін мына екі сұраққа жауап беру керек:

1. Сол заманғы израилдіктер бұл заң не ереже арқылы қандай тәлім алған?

2. Жаңа Келісімде сол заң, ереже және тақырып туралы не жазылған?

* Таураттағы бір заң не ережені орындауымыз керек пе, жоқ па, соны анықтау үшін қандай екі сұраққа жауап беру керек? (23)

Екі мысал:

1) Тамақ туралы заң-ережелер



Леу 11-тарауды оқыңыз: Израил халқына еттің кейбір түрлерін (мыс., 11:7-аятта шошқа етін) жеуге тыйым салынған.

* Бұл туралы алдымен қай сұрақты қоюымыз керек? (24)

* Леу 11:45-аятта бізге қандай тәлім берілген? (25)

Израил Жаратқан Иенің халқы болғандықтан, басқа халықтарға ұқсамай, Оған бағышталып киелі өмір сүрулері керек болды.

* Біз қоятын екінші сұрақ қандай болуы керек? (26)

* **Пет1 1:15-16**-аяттарда қандай тәлім берілген? (27)

Құдай біздің де Оған бағышталып киелі де қасиетті болғанымызды қалайды. Біз Құдайдың халқы болғандықтан, Оған сенбейтін адамдар сияқты күнәлі өмір сүрмеуіміз керек.

* **Мар 7:18-19**-аяттарда қандай тәлім берілген? (28)

Сол себепті біз Жаңа Келісім заманындағы сенушілер ретінде леуіліктер жазбасын оқығанда, бізге қай тамақтың адал не арам екендігі туралы уайымдаудың қажеті жоқ. Қайта: «Иемізге бағышталып қасиетті өмір сүріп жатырмыз ба?» — деген сұрақ жайлы ойлануымыз керек!

* Ал мына ереже бойынша, маңайымыздағы адамдарға қалай сүйіспеншілік көрсетуіміз қажет?

Қор1 8:13: *«Сондықтан, егер жейтін тамағым бауырласымды күнәға азғырса, онда мен оны күнәдан сақтау үшін бұдан былай ешқашан да (базардан алынған) етті жемейтін боламын».*

* Егер сенуші бауырласыңыз құрбандық асын жеп отырғаныңызды көріп күнәға азғырылса, онда сол етті жеген жөн бе? (29)

2) Көзге көз, тіске тіс



Мыс 21:23-25 «Өзіне де зақым келтірілсе, онда мына аралықта ғана кек алынсын: жанға жан, көзге көз, тіске тіс, қолға қол, аяққа аяқ беріліп, күйік үшін күйдірілсін, жарақат үшін жарақатталсын, көгерген үшін көгертілсін».

* Бұл туралы алдымен қай сұрақты қоюымыз керек? (30)

Осы заң билер мен төрешілердің дұрыс шешім шығарулары үшін арналған еді. Олардың бұл қағидадан асып қатал үкім шығаруларына болмаған. Демек, олардың содан қатаңырақ жаза тартқызбаулары керек болды. Билер мен төрешілер адамдардың айыпты адамнан шектен шығып кек алуларына жол бермеуге тиіс еді. (Жаратқан Иеге мойынсұнбаған Ләмехтің мейірімсіз сөздерімен салыстырыңыз: Жар 4:23-24.) Қайта, билер мен төрешілер әділдікпен әрі мейірімділікпен үкім шығаруға тиіс болған. Олардың айыпты адамның тісі не көзін шығарудың орнына айыппұл төлеу жайлы шешім қабылдаулары да мүмкін еді (салыстырыңыз: Мыс 21:26-27,30). Осылайша ираилдіктер бұл аяттардан Жаратқан Иенің әділ әрі мейірімді екені жөнінде тәлім алған.

* Мыс 21:23-25-аяттардан қандай тәлім аламыз? (31)

* Біз қоятын екінші сұрақ қандай болуы керек? (32)

* Мәсіх **Мат 5:38-39**-аяттарда бұл жайт жөнінде қандай тәлім берген? (33)

* **Рим 12:19**-аятта қандай тәлім берілген? (34)

Әрине, Жаратқан Ие қазір де әділ және мейірімді!

Иеміз Иса жуырда қайта оралмақ. Ол күнәкар адамзатқа сот жүргізеді және әркімге істеген істеріне қарай үкім шығарып, әділдікті орнататын болады!

Құдай Ие бәрін де көріп тұр. Бізге жамандық жасаған адамдарды кешіру қиын. Алайда Киелі кітапта біздің басқаларды кешіріп, сүйіспеншілік көрсетуіміз керек екендігі жөнінде тәлім берілген (Мат 6:14-15). Мұны өз күшімізбен емес, жалғыз Киелі Рухтың күшімен ғана істей аламыз.


* Біздің Таураттағы белгілі бір заңды не ережені орындауымыз міндет пе, жоқ па деген сауалға жауап бере алуымыз үшін алдымен қандай 2 сұраққа жауап беруіміз керек? (35)

Бір-біріңіз үшін мінажат етіп, маңайыңыздағы әр адамға Құдайдың сүйіспеншілігін көрсетіп, Оған бағышталған қасиетті өмір сүру үшін, Иеміздің көмектесуін өтініңіздер.

Жауаптар:

1. Өйткені Құдай Ие бізді құтқарып, Өзінің халқы етті. Ол — біздің Патшамыз!
2. *«Құдай Иеңді шын жүректен, бүкіл жан дүниеңмен, бар күш-қуатыңмен, барлық ақыл-ойыңмен сүй!» «Өзіңді қалай сүйсең, маңайыңдағы адамды да солай сүй!»*
3. *«Сенің Менен басқа ешқандай тәңірлерің болмасын!»*
4. Басқа еркектерді ұнатып, олармен жеке қарым-қатынас жасайтын әйелдің күйеуі оны, әрине, қызғанады. Сол сияқты, Жаратқан Ие біздің Өзінен басқа «тәңірлеріміздің» болуына төзбейді.
5. *«Өзіңе тәңір бейнелерін жасама!»*
6. Тәңір бейнелері — түрлі жалған тәңірлер мен күштердің бейнелері не мүсіндері.
7. Құдай Иенің бейнесін кез келген адамның бойынан көруге болады, өйткені адамдар Оған рухани жағынан ұқсас етіп жаратылған.
8. Жалған тәңірдің бейнесі Құдай Иенің қандай екенін көрсете алмайды. Адамның Құдайды бейнелеуге тырысуының өзі Құдайды қорлайды.
9. Адамдар бейнелер мен мүсіндерге, танымал басшылар, киножұлдыздар, әншілер, спортшылар және т.б. атақты адамдарға, байлық, үй-жай және т.с.с. әртүрлі нәрселерге табынулары мүмкін.
10. *«Құдай Иеңнің атын орынсыз аузыңа алма!»*
11. Егер «Құдай — Менің Ием» дей тұра, еркінсіп күнә жасай берсек, онда Оның аты бізге бола қорланады.
12. Біз Құдайды Оған мойынсұну арқылы құрметтейміз.
13. Олар Иеміз Мәсіхті «Мырза, Ие» деп атағанмен, Оның айтқандарын орындамады.
14. Көп адам егер бір нәрсе жақпай қалса, Құдайға кейіп (мысалы, «Құдай-ай!» деп) сөйлейді, бірақ Оған шын жүректен сиынбайды. Ал жағдайы жақсы болса, Құдайға алғыс айтпайды.
15. *«Демалыс күнін Тәңір Иеге бағыштауды есіңде сақтайтын бол!»*
16. Онда Құдай Иемен және басқа сенушілермен қарым-қатынас жасауға уақыт бөле аламыз.
17. Сол үшін алғашқы 4 өсиетті орындауымыз керек!
18. *5. Ата-анаңды сыйла!*
6. Кісі өлтірме!
7. Неке адалдығын бұзба!
8. Ұрлық жасама!
9. Ешкімді бекерге айыптама!
10. Басқаның үйіне сұқтанба!

19. Біздің әрекеттеріміз сияқты, ойларымыз да маңызды.
20. Жаратқан Ие біздің сырт көзге ғана жақсы болып көрінбей, ішкі дүниеміздің де жақсы болғанын қалайды.
21. Құдай сырттай да, ішкі дүниемізбен де Оған мойынсұна алуымыз үшін, бізге Өзінің Киелі Рухын сыйлады.
22. Иә, бар.
23. Сол заманда ираилдіктер бұл заң не ереже арқылы қандай тәлім алған? Жаңа Келісімде бұл заң, ереже не тақырып туралы не жазылған?
24. Сол заманда ираилдіктер бұл заң не ереже арқылы қандай тәлім алған?
25. Жаратқан Иеге бағышталып киелі болыңдар!
26. Жаңа Келісімде бұл заң, ереже не тақырып туралы не жазылған?
27. Барлық жағдайда киелі болыңдар!
28. Тамақтардың барлық түрлерін жеуімізге болады.
29. Жоқ.
30. Сол заманда ираилдіктер бұл заң не ереже арқылы қандай тәлім алған?
31. Жаратқан Ие әділ және мейірімді.
32. Жаңа Келісімде бұл заң, ереже не тақырып туралы не жазылған?
33. Кек алмау керек, қайта, біздің міндетіміз — басқаларды кешіріп, сүйіспеншілік көрсету.
34. *Кек алмаңдар, соны Құдайдың қаһарына қалдырыңдар!*
35. Сол заманда ираилдіктер бұл заң не ереже арқылы қандай тәлім алған? Жаңа Келісімде бұл заң, ереже не тақырып туралы не жазылған?



12-сабақ: Киелі шатыр

Жаратқан Ие бізбен бірге

Мыс 25:1-22-аяттарды оқып шығыңыз.

Жаратқан Ие киелі шатырда Өзінің халқымен кездесуге уәде берген. Шатырдың ішінде екі бөлме болды.

- * Бұл қандай бөлмелер болды? (Мыс 26:33) (1)
- * Ең қасиетті бөлмеде не орнатылған еді? (Мыс 25:10-22) (2)
- * Мыс 25:10-22-аяттардан бұл туралы не біле аламыз? (3)
- * Керуб атты бас періштелер туралы не білеміз? (Жар 3:24) (4)

Керубтер Жаратқан Иенің адамдар Оған жақындай алмайтынындай толығымен мінсіз де киелі екендігін көрсеткен.

Шатырдың айналасында аула және оның перделер іліп бекітілген қоршауы болды (Мыс 27:9-11).

- * Аулада не орналасқан? (Мыс 40:29-32) (5)

Бұлардың екеуі де адамдардың Жаратқан Иенің алдында таза болуы үшін керек болды.

Халық иен далада көшіп-қонып жүргенде, арнайы қызметшілер киелі шатырды өздерімен бірге алып жүретін.

Шамамен 500 жыл өтіп, халық уәделі елге қоныстанғаннан кейін Сүлеймен патша Иерусалим қаласында киелі үй тұрғызды. Ол үлкен әрі әсем ғимарат болып, киелі шатыр іспетті қасиетті және ең қасиетті екі негізгі бөлмеден тұрды. Жаратқан Ие сол жерде де Өзінің халқымен кездесуге уәде берді.

* Киелі үй қай жағынан киелі шатырға ұқсады? (6)

Жаңа Келісім

Жаңа Келісім заманында бізге көзге көрінетін киелі үйдің қажеті жоқ. Енді Мәсіхке сенушілердің қауымы — Құдайдың киелі үйі.

Қор1 3:16: *«Сендер өздеріңнің «Құдайдың киелі үйі» екендіктеріңді және Құдайдың Рухы өздеріңде тұратынын білмейсіңдер ме?»*

* Сондықтан біздің Құдаймен кездесуіміз үшін бір әдемі ғимаратқа бару шарт емес. Онда қайда баруымыз керек? (Мат 18:20) (7)

Құдай әрқашан Өзінің халқымен бірге!

Құдай киелі

Құдай бізді Өзімен қарым-қатынаста өмір сүруіміз үшін жаратқан. Құдайдың халқы үшін Оның олармен бірге болуы өте маңызды еді. Құдай олармен бірге болмаса, олар Оның халқы бола алмайтын еді ғой!

Бірақ израилдіктер Жаратқан Иеден қорықты. Олар Оның киелі, ал өздерінің күнәкар екендіктерін білді. Халық Жаратқан Иенің күнәкар адамдарды (мысалы, перғауынды) жазалағанын көзімен көрген еді.

Жаратқан Ие Келісім сандығы қақпағының үстінде тұратыны жөнінде уәде берді. Яғни, Келісім сандығының қақпағы Оның «жер бетіндегі тағы» болды. Халық Келісім сандығын көрмеді, өйткені ол ең қасиетті бөлмеге орнатылған. Сол бөлмеге тек қана бас діни қызметкер жылына бір-ақ рет кіретін. Осылайша Жаратқан Ие өз халқының арасында тұрғанмен, олардан бөлек болған.

* Құдайдың халқында қандай мәселе болған? (8)

Күнәкар адамдардың киелі Құдаймен қалай кездесуіне болады?

Көне Келісім заманында израилдіктерге жасаған күнәларына кешірім алу үшін екі нәрсе керек болды:

- 1) Адамның орнына **құрбандыққа** мал шалу.
- 2) **Діни қызметкердің** Жаратқан Иеге құрбандықтарды ұсынуы.

- * Жасаған күнәларына кешірім алу үшін исаилдіктерге қандай екі нәрсе істеу керек болды? (9)

Алайда исаилдік діни қызметкерлер де, олар ұсынған құрбандықтар да ешқашан мінсіз болмағандықтан, күнә мәселесін түпкілікті шеше алмады. Бірақ олар халықты Мәсіхтің келуіне дайындады. Мәсіх күнә мәселесін түпкілікті шешетін болды.

Жаңа Келісім

Евр 7:26-27: (Бұл аяттар Мәсіх Иса туралы.) *«Бізге дәл сондай Бас діни қызметкер қажет: **қасиетті де кінәратсыз, кіршіксіз таза** Ол күнәкарлардан аластатылып, аспаннан да жоғары, Құдайдың қасына көтерілді. Иса бұрынғы бас діни қызметкерлер сияқты күнде алдымен өз күнәларының құнын өтеу үшін, содан соң халықтың күнәлары үшін құрбандық шалуға тиісті емес. Ол айқышта өлгенде Өзін **біржола** құрбан етіп күнәлардың құнын өтеді».*

- * Мәсіх Исаның сол бас діни қызметкерлерден айырмашылығы қандай? (10)
- * Мәсіхтің Өзін құрбан еткенінің Көне Келісімдегі құрбандықтардан айырмашылығы қандай болған? (11)

Мәсіх Иса — біздің мінсіз Бас діни қызметкеріміз әрі біз үшін құрбандыққа шалынған мінсіз «Тоқты»!

- * **Мар 15:37-38**-аяттарды оқыңыз. Мәсіх жанын көктегі Әкесіне тәсілім еткен кезде Иерусалимдегі киелі үйде қандай керемет оқиға орын алды? (12)

Сол керемет оқиға біздің Құдайдан ажыраған жағдайымыздың аяқталғанын білдірген. Бұл — бұрын-соңды болмаған тамаша жаңалық! **Жалғыз Мәсіх Иса ғана күнәкар адамның кешіріліп, киелі Құдайдың алдына баруына жол ашты!**

- * **Евр 10:19-20**-аяттарды оқыңыз. Бұл таңғаларлық мүмкіндікпен не істеуіміз керек? (13)

Жох 14:6: Иса оған: *«Жол, шындық және шынайы өмір Менмін! Мен арқылы болмаса, ешкім де Әкеге бара алмайды», — деп түсіндірді.*

- * Енді біз Құдай Әкенің алдына Кім арқылы барамыз? (14)
- * Қазіргі заманда көп адам Құдайға бару үшін не істейді? (15)

- * Көне Келісімнің бізге Жаңа Келісімді түсінуге қалай көмек бола алатынын байқадыңыз ба?

Киелі кітапты бір жыл ішінде оқып шығуға болады!

Егер сіз күнде Көне Келісімнің 2 тарауын, Жаңа Келісімнің 1 тарауын, Забурдың 1 жырын (егер ұзақ болса, жартысын) оқысаңыз, бір жыл ішінде бүкіл Киелі кітапты оқып шыға аласыз!



* Киелі кітапты бір жыл ішінде қалай оқып шығуыңызға болады? (16)

Жауаптар:

1. Қасиетті бөлме және ең қасиетті бөлме.
2. Келісім сандығы.
3. Келісім сандығы алтынмен қапталған (Мыс 25:10-11).
Оның арнайы қақпағының үстіне алтыннан жасалған екі керуб мүсіні орнатылған (25:17-18).
Келісім сандығының ішіне он өсиет жазылған екі тас тақташа салынған (25:21).
Жаратқан Ие сол жерде Өзінің халқымен кездесуге уәде еткен (25:22).
4. Керубтер мәңгілік өмір сыйлайтын ағашқа апаратын жолды күзеткен.
5. Аулада шалынған құрбандықтар өртелетін үстел және жуыну рәсіміне арналған қазан орнатылған.
6. Киелі үйдің де екі бөлмесі: қасиетті бөлме және ең қасиетті бөлме болған. Оның ауласында шалынған құрбандықтар өртелетін үстел және жуыну рәсіміне арналған қазан орнатылған.
7. Басқа сенушілермен кездесіп, Мәсіхтің атынан қауым болып жиналуымыз керек.
8. Құдай олардың араларында тұрды; бірақ олар күнәкар болғандықтан, Оның алдына бара алмады.
9. Діни қызметкер және оның құрбандықтар ұсынуы.
10. Мәсіх Иса киелі, мінсіз әрі кемелді.
11. Мәсіх Өзінің өмірін біржола құрбан еткен.
12. Киелі үйдегі шымылдық жоғарыдан төмен қарай ортасынан қақ айырылды.
13. Құдайдың алдына бару керек.
14. Құдайдың алдына Мәсіх Иса арқылы барамыз.
15. Жауап ретінде өз мысалдарыңызды келтіріңіз.
16. Бұл үшін күнде Көне Келісімнің 2 тарауын, Жаңа Келісімнің 1 тарауын және Забурдың 1 жырын (егер ұзақ болса жартысын) оқыңыз.



13-сабақ: Иен даладағы өмір

Жаратқан Ие Синай тауының беткейінде қоныс тепкен халқына көп заң мен ереже тапсырған. Олар Оның тапсырмасы бойынша киелі шатыр жасады. Халық сол жерге келгеніне бір жыл өткен соң, уәделі елге қарай жолға шықты.

Қорқыныш!

Рұл 13:1-14:9-аяттарды оқып шығыңыз.

- * Мұса пайғамбар неге 12 адамды уәделі жерді барлап келуге жіберді? (1)
 - * Барлаушылар уәделі жер туралы қандай хабар әкелді? (13:28) (2)
 - * «Ағы мен балы ағыл-тегіл мол» деген нені білдіреді? (3)
 - * Барлаушылар сол жердегі қалалар туралы қандай хабар әкелді? (4)
 - * Олар сонда тұрған халықты қалай сипаттады? (5)
 - * 12 барлаушының қаншасы Жаратқан Иеге сенім артты? (13:31; 14:6-9) (6)
 - * Олардың қаншасы Жаратқан Иеге сенім артқан жоқ? (7)
- Он барлаушы уәделі жерде көрген алыптардан қатты қорықты.
- * Бірақ Халеп не деді? (13:31) (8)
 - * Халеп пен Ешуаның қалған он барлаушыдан айырмашылығы қандай болды? (9)
 - * Құдайдың құдіреті мен адамдардың күшінің қайсысы үлкен? (10)
 - * Бүкіл халық Жаратқан Иенің олар үшін қандай игіліктер жасағанын білді. Бұлар қандай игіліктер болды? (11)

Дегенмен халық әлі де адамдардан қорқып, Жаратқан Иені терең қастерлемеді.

Жаратқан Ие біз үшін істеген игіліктерді осылайша тез ұмытуға бейімбіз!

* Құдай біз үшін істеген игіліктерді қалайша әрдайым есте сақтай аламыз? (12)

Егер осылай істесек, адамдардан қорықпай, Құдай Иені терең қастерлейтін боламыз!

* Израилдіктер Жаратқан Иеге сенім артпай не істеді? (14:1-4) (13)

Дәл солай біз де Жаратқан Иеге сенім артпасақ, Оған мойынсұнғымыз келмейді.

* **Рұл 14:20-25**-аяттарды оқыңыз. Жаратқан Ие оларға не деді? (14)

* **Заң 1:1-3**-аяттарды оқыңыз. Израилдіктердің Жаратқан Иеге сенім артпағандықтарының салдары не болды? (15)

Жаратқан Ие халықты арасындағы ересектері өмірден өтіп болмайынша, 40 жыл бойы иен даланы кезіп жүруге мәжбүр етті. Бүлік кезінде жиырма жасқа толмағандар және Халеп пен Ешуа ғана уәделі жерге кіретін болды.

* Жаратқан Ие неге солай істеді? (16)

Жаратқан Иеге сенім артпаудың салдары әрдайым қайғылы жағдайға апарып соғады.

Жаңа Келісім

Уәделі жерде Жаратқан Иенің Ыбырайымға берген уәдесі орындалмақ еді (Жар 12:1-7). Сол жерде Жаратқан Ие Өзінің халқының арасында мекендемек болды.

Аян 21:1,3-аяттарды оқыңыз. Уәделі жер – Құдайдың халқы Онымен мәңгі бірге болатын Жаңа жаратылыстың да бейнесі.

* **Евр 11:16**-аятты оқыңыз. Көне Келісім заманында Жаратқан Иеге үміт артқандар нені аңсап күтті? (17)

* **Жох 3:16**-аятты оқыңыз. Егер біз Жаңа жаратылысқа кіріп, мәңгі өмірге ие болғымыз келсе, не істеуіміз керек? (18)

Егер біз Мәсіх Исаға сенім артсақ, онда уәделі мәңгілік мекенге енеміз. Бұл Көне Келісімде уәде етілген жерден әлдеқайда жақсы!

Иен далада өмір сүру

Жаңа жаратылыстағы өмірмен салыстырғанда біздің қазіргі өміріміз иен даладағы өмірге ұқсас. Иен дала – біздің өмір жолымыздың бейнесі.

* **Заң 29:5-6**-аяттарды оқыңыз. Құдай иен далада 40 жыл бойы Өзінің халқына қалай қамқор болды? (19)

Жаңа Келісімде Киелі Рух Исаны иен далаға 40 күнге алып кетті.

* Шайтан Исаны қалай азғыруға тырысты? (**Мат 4:3**) (20)

* Иса оған қалай жауап берді? (**Мат 4:4**) (21)

Бізге тек нанмен ғана емес, Құдайдың айтқан сөздерімен өмір сүруіміз керек.

Құдай иен далада Израил халқын қалай қамқорлаған болса, Ол мені де солай қамқорлайды деп Иса Құдайға қалтқысыз сенім артты.

* **Жох 6:35**-аятта Иса Өзін кіммін деп атады? (22)

* Бұл нені білдіреді? (23)

* **Жох 4:10**-аятта Мәсіх құдық басына келген әйелге не деді? (24)

* Бұл нені білдіреді? (25)

Сіз қаншалықты жиі ішіп-жейсіз? Егер көп уақыт ішіп-жемесеңіз не болады?

* Сондықтан рухани сау болуымыз үшін бізге рухани тамақты күнделікті ішіп-жеу керек. Сау болу үшін не істеуіміз қажет? (26)

Біздің өміріміз «сенім сапары» болуы керек: біз Құдайға сенім артып, Оған мойынсұнуға тиіспіз. Үнемі рухани тамақтануды тоқтатпауымыз керек! Біз алыптардан қорықпай, қайта, Құдайды терең қастерлеуіміз қажет!

* Біз қандай алыптарды көріп отырмыз?

* Біз алыптардан қорқамыз ма, әлде Құдайды терең қастерлейміз бе?

Біз Құдайға сенгенде күнә жасамаймыз.

Біз қорқатын емес, Иемізге сенетін адамдар болуымыз керек!

* Құдай сізге бүгін не айтып отыр?

Жауаптар:

1. Олар уәделі жерді барлап, қалалар мен адамдар туралы мәлімет жинап әкелуге тиіс еді.
2. Сол жерде ағы мен балы молынан ағып жатыр.
3. «Ағы мен балы молынан ағып жатыр» мал мен бал арасы өте көп дегенді білдіреді. Өсімдіктер мен ағаштардың өнім беруі үшін бал арасының тозаңдандыруы маңызды. Осы арқылы сол елдің өте құнарлы екендігін көре аламыз.
4. Сол жердегі қалалар бекіністі және өте үлкен болды.
5. Сондағы халық мықты еді, араларында алыптар да болды.
6. Тек екеуі, яғни, Халеп пен Ешуа! (13:31; 14:6-9)
7. Он.
8. Халайық, біз елге өрлеп барып, оны иемденіп алайық! Соны сөзсіз істей аламыз!
9. Халеп пен Ешуа Құдайды терең қастерледі, ал басқалары адамдардан қорықты.
10. Құдайдың құдіреті.
11. Құдай оларды Мысырдан алып шығып, перғауыннан құтқарып, зор кереметтер жасаған еді.
12. Біз Киелі кітапты күнде оқып, Құдайды мадақтауымыз керек. Рухани ән-жырлар Құдайдың істерін есімізге салады. Біз сенушілермен кездесіп, Құдай Иені мадақтап, Оның сөзін бірге оқуымыз қажет.
13. Олар Құдайға мойынсұнбай, уәделі жерге барудан бас тартты.
14. Халеп пен Ешуа екеуінен және халықтың балаларынан басқа ешкім уәделі елге кірмейді.
15. Синай тауынан уәделі жерге дейін небәрі бірнеше апталық жол. Алайда халық 40 жылдан кейін ғана сол жерге кіре алды!
16. Өйткені олар Құдайға сенім артпады.
17. «Олар одан гөрі жақсы елді, яғни, көктегі отандарын, аңсап күтті».
18. Мәсіх Исаға сенуіміз керек.
19. Жаратқан Ие оларды киім-кешек, аяқкиім, тамақ және сусындармен қамтамасыз етті.
20. Шайтан Исаға тастарды нанға айналдыруды ұсынып, азғыруға тырысты.
21. «Адам тек нанмен ғана емес, Құдайдың аузынан шыққан әрбір сөзімен өмір сүреді» деп (Тауратта) жазылған ғой!
22. «Шынайы өмір сыйлайтын «нан» Менмін».
23. Мәсіх біздің Құдаймен қарым-қатынас жасауға деген мұқтаждығымызды толтырады. Ол бізді мәңгілік және күнделікті өмірге қажеттінің бәрін бере алады.
24. Мен саған «өмір суын» беремін.
25. Иеміз Иса Құдаймен қарым-қатынас жасауға деген аңсауымызды қанағаттандырады. Ол бізге мәңгілік және күнделікті өмірге қажеттінің бәрін бере алады.
26. Біз күнде Киелі кітап оқып, мінажат етіп, Иеміз Исамен уақыт өткізуіміз керек.

14-сабақ: Киелі кітаптағы

Ұлы әңгімені 8 суретпен сипаттау



Осыған дейін үйренгенімізді қайталау мақсатында, Киелі кітаптағы Құдайдың хабарларын түсіндіретін мына сегіз суретті қолданайық.

Бірінші сурет жайлы жазылған мәліметті бірге оқимыз; топтағы біреу сөздерге қарамай мәліметті қайталайды. Содан кейін екінші сурет туралы мәліметті бірге оқып, оны басқа адам дәл солай қайталайды. Осылайша барлық 8 суреттегі мәліметтерді оқып, мазмұнын қайталаймыз. Сөйтіп топтағы барлық адам 8 суретті сөздерге қарамай айтып шыға алуы керек.

1. Жаратылыс

Құдай Ие бәрін тамаша етіп жаратты. Оның Өзі алғашқы адамдар — Адам ата және Хауа анамен Едем деп аталатын әдемі бақта уақыт өткізді.



2. Күнәнің пайда болуы

Адам мен Хауа Құдай Иеге емес, шайтанға мойынсұнды. Сол себепті олар Құдайдың жарылқауларынан, соның ішінде мәңгілік өмірден, айырылып қалды.

(Суреттегі жебе тәрізді көрсеткі Құдайдың оларды Едемнен және Өзінің қасынан қуып шыққанын білдіреді.)

Сол кезден бастап адам баласының жан дүниесінде қайтадан Құдаймен қарым-қатынасты аңсайтын тілек болып келеді.



3. Уәде

Жаратқан Ие Ыбырайымға Өзіне ерекше жақын **халықтың** түп атасы болатыны жайлы уәде берген. Ол Ыбырайымға Өзі сол халықпен бірге болатын **жер** беретіні және Ыбырайым арқылы барлық ұлттарды **жарылқайтыны** жөнінде де уәде еткен (Жар 12:2-3).

(Суреттегі тәж Жаратқан Иенің оларға мейірімді Патша болатынын бейнелейді.)
Кемпірқосақ Жаратқан Иенің берген уәдесінде тұратынын сипаттайды (салыст. Жар 9:13-16). Оған әрқашан сенуіңізге болады!



4. Мысырдан көшіп шығу

Құдайдың халқы бөтен ел — Мысырда құлдыққа түскен еді. (Суреттегі пирамидалар Мысырды білдіреді.)

Көрсеткі Жаратқан Иенің оларды Мысырдағы азапқа толы құлдықтан алып шыққанын бейнелейді.



5. Жер

Жаратқан Ие Өзінің халқын уәделі жерге бастап апарды. Егер олар Оған мойынсұнатын болса, онда Жаратқан Ие халықпен сол жерде бірге тұрып, оларды молынан жарылқайтыны жайлы уәде еткен.

(Ағаштар мен су уәделі жердің шұрайлылығын бейнелейді.)

Алайда израилдіктер Жаратқан Иеге мойынсұнғылары келмей, Онымен орнатылған ерекше қарым-қатынасты бұзды.



6. Мәсіх Иса

Жаратқан Ие Құтқарушы жіберемін деген уәдесінде тұрды.

Мәсіх Иса осы дүниеге келіп, күнәларымыздың құнын өтеу үшін өмірін айқыш ағашта біржола құрбан етті. Содан кейін Мәсіх өлімнен қайта тірілді. Бұл жайт Оның өлімді жеңгенін дәлелдейді! Енді әрбір адам Жаратқан Иемен қайтадан татуласа алады!



7. Мәсіхтің қайта оралуы

Мәсіх Иса қазір көкте.

Көрсеткі Оның қияметте жерге қайта оралатынын бейнелейді.

Сонда Ол ескі жерді жойып, күнәкар адамзатқа үкім шығаратын болады.




8. Жаңа жаратылыс

Мәсіхке сенуші біздің бәріміз сонда Құдай Иемен жаңа «мәңгілік уәделі елде», яғни, «Жаңа жаратылыста» өмір сүретін боламыз!



Бір-біріңіз үшін мінажат етіңіздер; Жаратқан Ие сіздерге осы аптада бұл суреттерді біреумен бөлісуге мүмкіндік жасап беруін өтініңіздер.



15-сабақ: Ешуа

Исраил халқы иен далада 40 жыл бойы кезіп жүрген еді. Содан кейін Мұса пайғамбар оларды уәделі жердің шекарасына бастап апарды. Өзі сол жерге кірмеді.

Мұса дүние салып, Ешуа Құдай халқының жаңа жетекшісі болды. Оған халықты бастап уәделі жерге кіру тапсырмасы жүктелді. Ешуа оларға шайқастарда басшылық ететін болды.

* Құдай халқының Мұсадан кейінгі жетекшісі кім болды? (1)

* Оған қандай тапсырма берілді? (2)

Уәде

Ешуа 1:1-9-аяттарды оқыңыз.

* Құдай Өзінің халқына қандай уәде берген еді? (Мыс 3:8) (3)

Қанахандағы халық мықты болғандықтан, исаилдіктер оларды өз күшімен жеңе алмайтын еді. Оларға Жаратқан Иенің қолдауы керек болды.

Жаратқан Иенің Ешуаға қандай уәде бергеніне назар аударайық:

Еш 1:5-9-аяттар еврей өлеңіне ұқсайды. Көне Келісімнің басым көпшілігі еврей тілінде жазылған. Еврей өлеңіндегі ең маңызды ой көбінесе орта тұсында берілген әрі басқа ойлар жұптасып орналасқан. Төмендегі өлеңнің алғашқы және соңғысы (А), екінші және соңғысының алдындағы (Ә), үшінші және сегізінші (Б) және т.б. жұптасқан өлең жолдарының мағыналарының бірдейлігіне назар аударыңыз.

А. Мен сені ешқашан тастап та кетпеймін, жалғыз да қалдырмаймын.

Ә. Қайратты да батыл бол!

Б. Қайратты да өте батыл бол!

В. Барлық Таурат заңын сақтап берік ұстанатын бол! ... қайда барсаң да, табысты боласың.

Г. Осы Таурат кітабында жазылғандардың бәрін сақтап, ... аузыңнан тастама.

Г. Күні-түні солар туралы ойланатын бол.

В. Оларды орындай алуың үшін ... Сонда өркендеп табысты боласың.

Б. Қайратты да батыл бол.

Ә. Еш нәрседен абыржып қорқушы болма!

А. ... Қайда барсаң да, Құдайың Жаратқан Ие сенімен бірге болып жар болады.

- * Еврей мәнерінде құрылған бұл өлеңдегі басты ой қандай? (4)
- * Егер Ешуа осылай істесе, нәтижесі қандай болмақ еді? (7-аят) (5)
- * Неге Ешуаның абыржып қорқуы керек болмады? (6)

Уәденің орындалуы

Еш 21:43-45-аяттарды оқыңыз.

- * Жаратқан Ие Ыбырайымға уәде еткен жердің қандай бөлігін исаилдіктер Ешуаның тұсында иемденіп алды? (43-аят) (7)
- * Жаратқан Ие оларға тағы не сыйлады? (44-аят) (8)
- * Осы үзінді бойынша, Жаратқан Иенің берген уәделерінің қаншасы жүзеге асты? (45-аят) (9)

Бұл нағыз керемет болды! Бірақ ол исаилдіктер үшін оңайға түскен жоқ. Оларға әр қала үшін шайқасуға тура келді. Ақырында Жаратқан Ие исаилдіктерге уәделі жерді табыстады. Онда қуаныш пен тыныштық жайылатын болды. Бұл жер халықтың Жаратқан Иемен бірге тұратын мекені болуға тиіс еді.

Олардың сол халықтардан арылуы неліктен керек болды?

Халықтың осы дүниеге Жаратқан Иенің нұры болуы үшін, олар уәделі жердегі жауларынан арылулары қажет болды.

Сол жаулар жалған тәңірлерге табынып, сұмдық істер жасады, тіпті балаларын құрбандыққа шалды! Жаратқан Ие олардың бұл істерін жек көріп, исаилдіктердің олар сияқты өмір сүріп, сұмдық істер жасағандарын қаламады.

- * Олардың сол халықтардан арылуы неліктен керек болды? (10)

Жаңа Келісім

Мәсіх Иса өмір сүрген заманда Жерорта теңізінің жағалауларындағы халықтардың көпшілігі грек тілін білетін. Сондықтан Жаңа Келісім көне грек тілінде жазылған.

- * Жаңа Келісім қай тілде жазылған? (11)

* Ал Көне Келісімнің басым көпшілігі қай тілде жазылған? (12)

Еврей тіліндегі «Ешуа» есімінің грекше түрі — «Иесус», яғни, «Иса».

* «Иса» есімінің мағынасы қандай? (**Мат 1:21**-аятты қараңыз.) (13)

Ешуа кейбір жақтардан Мәсіх Иса сияқты болды. Мәсіх Иса — біздің сенімді Жетекшіміз. Ол бізді құтқарып, мәңгілік уәделі елге (яғни, Жаңа жаратылысқа) бастап апарады. Бұл Көне Келісімдегі уәделі жерден әлдеқайда тамаша мекен болады! Біз осы күнәкар дүниеде уақытша тұрамыз. Мәңгілік мекенге барар жолдамыз!

Мәсіх Иса күнәсіз болды. Ол Құдайдың заңдарын толығымен орындады. Мәсіх солардан «оңға да, солға да тайқымады» (салыст. Еш 1:7). Шайтан Оны иен далада сынақтан өткізгенде, Иса Құдайдың сөзінен аяттар келтіріп шайтанмен «күресіп» оны жеңді (Мат 4:1-11).

* Иса қай жағынан Ешуаға ұқсайды? (14)

* Иса қай жағынан Ешуаға ұқсамайды? (15)

Қазіргі заманда Құдай біздің қалай «күрескенімізді» қалайды?

Осы заманда «уәделі жеріміз» деген жоқ. Құдай сенушілерге бір жерді жаулап алып, Оған мойынсұнбайтындарды қуып шығыңдар демейді. Қайта, біздің міндетіміз мынау: айтқан сөздеріміз бен көрсеткен сүйіспеншілігіміз арқылы адамдарға киелі Құдай туралы шындықты жеткізу. Оның адамзатты қатты сүйгені сонша, олар мәңгілік өмірге ие бола алулары үшін Өзінің (рухани) Ұлын жіберіп, құрбандыққа берді. Адамдар әлемнің Билеушісі — Жаратқан Иеге мойынсұнбай, өз беттерінше өмір сүргендеріне өкініп, теріс жолдан қайтулары керек.

* Біздің қазіргі міндетіміз қандай? (16)

«Рухани күрестің» ортасында жүрміз. Әзәзіл шайтан бізді Жаратқан Иеге мойынсұнбауға үнемі итермелейді. Біз мәңгілік уәделі елге жеткенше, әлі талай рухани күресті бастан өткіземіз.

* **Еш 1:16-17**-аяттарды оқыңыз. Израилдіктер Ешуаға не деп уәде берді? (17)

Израилдіктер жеңіске жету үшін өздерінің жетекшісі Ешуаға барлық жағынан мойынсұнуға тиіс болды. Сол сияқты, біз де жеңіске жету үшін Жетекшіміз Исаға толық мойынсұнуымыз керек.

Ешуа өз халқын уәделі жерге жеткізе алуы үшін Жаратқан Ие онымен бірге жүріп жар болды. Мәсіх Иса — адамға айналған Құдайдың (рухани) Ұлы! Сондықтан Ол — бізбен бірге болатын Құдай (Имануил) әрі бізді мәңгілік уәделі елге апаратын Жетекшіміз.

* Мат 28:20-аятта Мәсіх Иса Өзінің шәкірттеріне қандай уәде берді? (18)

Еш 1:5-9-аяттарды Мәсіхтің бізге арнаған сөздері ретінде қабылдауымызға болады.

* Мәсіхтің бізбен бірге екендігін және бізді қайратты да батыл қыла алатынын нық білуіміз үшін не істеуіміз керек? (19)

Біз Құдайдың сөзін оқығанда, Иеміз бізді жігерлендіріп, қорқыныштан арылтады!

Исраилдіктердің әр қала үшін шайқасуға тура келгендігі сияқты, біз де әрбір күнәлі ойымыз бен әрекетімізге қарсы күресуіміз керек.

* Мысалы:

- Біз кімді жек көреміз?
- Кімді кешірмедік?
- Өзімізді жұбайымыздан не бауырласымыздан артық сүйеміз бе?
- Біздің жақындарымызға ашуланып айқайлайтын кездеріміз бола ма?
- Смартфоннан не телевизордан жаман нәрселер көреміз бе?

Нұх пайғамбар туралы сабақ есіңізде ме? Біз сырттай жақсы көрінгенмен, ішкі дүниеміз бұзылған жеміс сияқты болуы мүмкін. Иемізден сізді қалай өзгерткісі келетінін сұраңыз. Осы арқылы сіз басқаларға Мәсіхтің соңынан еріп, жолда қалып қоймай, мәңгілік уәделі елге жетуге көмектесе аласыз.

Күнделікті тапсырма

Шайтанның бізге ататын жебелерінен қорғану үшін, күнде рухани қару-жарақты асыныңыз (Еф 6:10-18). Құдайдың біз үшін шайқасып, бізді азат ететіні есіңізде болсын! Біздің мақсатымыз — күнәға берілмеу әрі ізгі күрестен қашып кетпеу (Тім1 1:18ә-19а).

Жауаптар:

1. Ешуа.
2. Құдайдың халқын уәделі жерге бастап апару.
3. Құдай оларды шұрайлы, кең, ағы мен балы ағыл-тегіл мол жерге апаруды уәде еткен.
4. Осы Таурат заңы кітабында жазылғандардың бәрін ... аузыңнан тастамай, күні-түні солар туралы ойланатын бол!
5. Ешуа қайда барса да, табысты болады.
6. Себебі Ешуа қайда барса да, оның Құдайы Жаратқан Ие онымен бірге жүріп жар болады.
7. Ол бүкіл елді табыстады.
8. Жаратқан Ие оларға барлық жауларынан тыныштық сыйлады.
9. Барлығы да жүзеге асты.
10. Құдай сол адамдардың сұмдық істерін жек көріп, израилдіктердің олар сияқты өмір сүріп сұмдық істер жасағандарын қаламады.
11. Көне грек тілінде.
12. Еврей тілінде (кейбір бөліктері көне арамей тілінде).
13. Жаратқан Ие құтқарады.
14. Бұл екі есім де «Жаратқан Ие құтқарады» деген мағынаны білдіреді. Ешуаның және Мәсіх Исаның мақсаты Құдайдың халқын құтқарып, уәделі елге бастап апару болды.
15. Ешуа пенде болғандықтан, мінсіз емес еді. Ал Иса Құдайдың заңын толық орындады. Ешуа Құдайдың халқын уақытша уәделі жерге бастап апарды. Мәсіх Иса бізді мәңгілік уәделі елге бастап апарады.
16. Бізге берілген тапсырма — айтқан сөздеріміз бен көрсеткен сүйіспеншілігіміз арқылы адамдарға оларды сүйетін киелі Жаратқан Ие туралы шындықты жеткізу. Олар Оған мойынсұнбағандарына және жасаған күнәларына өкінулері керек.
17. Олар Ешуаға толық мойынсұнуға уәде берді.
18. «Мен бұл дүниенің ақыр соңына дейін әр күні өздеріңмен бірге болып, сендерге жар боламын».
19. Біз Құдайдың сөзін оқып, ол туралы ойланып, Иемізге мойынсұнуымыз керек.



16-сабақ: Билер

Билер жазбасында өте қорқынышты оқиғалар жетерлік. Бұл біздің Құтқарушыға қаншалықты мұқтаж екенімізді көрсетеді. Осы қара түнекте нұр болатын Құтқарушы керек!

* Киелі кітапта баяндалған сұмдық оқиғалар туралы оқығанымызда, есімізге не түседі? (1)

* Кім дүние үшін Нұр? (**Жох 8:12**) (2)

Билер Құдай халқының жетекшілері әрі құтқарушы батырлары болды. Билердің заманы Ешуа мен Израилдің бірінші патшасы Саулдың арасындағы уақытты қамтиды. Осы кезең 300 жылдан астам уақытқа созылды (шамамен б.з.д. 1300-1000 жж.).

* Билер дегеніміз кім? (3)

Шеңбер

Бил 2:6-19-аяттарды оқыңыз.

Құдай Өзінің халқына уәделі жерді олардың дүниеге нұр болулары үшін табыстаған еді. Осылайша басқа халықтар Израилге қарап, қалай өмір сүру керектігін әрі өздерінің шынайы Жаратқан Иеге мойынсұнып қызмет етуге тиіс екендерін түсіне алулары керек болды.

Алайда Билер жазбасында израилдіктердің Жаратқан Иеге қалай мойынсұнбағанын көреміз.

Бес бөліктен тұратын, қайталанып отыратын мынадай шеңбер бар:

1. Израилдіктер жалған тәңірге табынады.
2. Құдай оларды жазалап жауларының қолына тапсырады.
3. Олар Құдайға жалбарынып сиынады.
4. Құдай оларды құтқаратын би тағайындайды.
5. Би қайтыс болады.

Содан кейін шеңбер қайтадан басталады.

* Билер жазбасындағы шеңбер қандай 5 бөліктен тұрады? (4)

- 1.
- 2.
- 3.
- 4..
- 5.

Билердің төрт осалдығы

1) Билер біз еліктейтіндей жақсы үлгі болмады.

Осы жазбадағы билер біз үшін жақсы үлгі болған жоқ!

Мысалы:

1. **Геден** қорқынышқа берілді (6:27). Ол сияқты Құдайды ылғал және құрғақ жүнмен сынағанымыз дұрыс болмас еді (6:36-40)!
2. **Ефтах** ойланбай ант беріп, өз қызының өмірін қиды (11:30-40).
3. Ең әйгілі би — **Самсон** орасан күшті болды. Ол жалған тәңірге табынатын філістірлік қызға үйленді (14:1-2). Кейін Самсон жезөкшеге барып жүрді. Оған шашын алуға болмайтыны жөніндегі құпиясын ашқан соң (16:15-19), өзінің ғаламат күшінен айырылып қалды. Самсон әрқашан кек алумен болды.

Мұндай істер бізге жақсы үлгі емес!

Жаңа Келісімде

Құтқарушымыз бізге жақсы үлгі болды. Оған еліктеуіміз керек. Ол қорықпады, ешкімді өлтірмеді әрі кек сақтамады. Қайта, Ол мінсіз өмір сүрді.

* Бұл Адам Кім? **Пет1 2:21-23**-аяттарды оқыңыз. (5)

2) Билердің құтқаруы уақытша ғана болды.

* Би қайтыс болғанда қандай жағдай орын алды? (2:19) (6)

Жаңа Келісімде

Евр 7:25: Сол себептен Ол [Мәсіх Иса] Өзі арқылы Құдайға сиынғандардың бәрін толықтай құтқара алады. Иса мәңгі өмір сүріп, олар үшін өтініш жасайды.

* Мәсіх Иса неліктен бізді мәңгілікке құтқара алады? (7)

3) Билер күнә мәселесін шеше алмады.

Билер жазбасының бәрінде мынаны байқаймыз: ондағы исаилдіктердің жағдайы қиындаған үстіне қиындай береді.

Бірақ Жаратқан Иенің Өзінің халқына деген сүйіспеншілігін әрдайым көрсетіп отыратыны тамаша!

* Олар Құдайға жалбарынғанда Ол не істеді? (мысалы, 3:9-аятта) (8)

* Би қайтыс болғанда қайтадан қандай жағдай орын алды? (2:19) (9)

Жаңа Келісімде

Біздің Құтқарушымыз күнә мәселесін шешіп қойған!

* Құдай не істеді? (**Жох1 4:9-10**) (10)

* Құдай бізге не берді? (**Елш 2:38**) (11)

Киелі Рух бізді бірте-бірте Мәсіхке ұқсас етіп өзгертеді. Біз Оған мүмкіндік берсек, Ол ар-ұжданымызды оятып, күнәдан аулақ жүруге күш береді. Ал Мәсіх қайтып келгенде, біз Онымен бірге Жаңа жаратылыста өмір сүріп, күнәдан біржола арыламыз!

4) Билер халықты өз Патшасы — Құдайға мойынсұндыра алмады.

* **Жыр 43:5**-аятта Құдай қалай сипатталған? (12)

Заң 33:5-аятта Мұса Жаратқан Иені «Ешүрунның Патшасы» деп атаған. (Ешүрун сөзі бұл аятта Исаилге меңзейді.)

* Ал **Бил 21:25**-аятта не жазылған? (13)

Исаилдіктер патшасы жоқ болғандай өмір сүрді. Оларға ешкім билік жүргізбеді. Олар Жаратқан Иенің билігіне мойынсұнудан бас тартып, өз беттерімен өмір сүріп, жағдайлары барған сайын қиындай түсті. Бұл сұмдық болды!

* Исаилдіктердің не істеулері керек еді? (14)

* Жаратқан Ие исаилдіктердің басқа халықтар сияқты патша талап ететінін білді. Сондықтан Жаратқан Ие оларға патшаның нені істеп, нені істемеуі керектігі туралы не айтқан? (**Заң 17:14-20**) (15)

Жақсы патша өзінің халқын Жаратқан Иенің еркіне мойынсұнуға жетелеуі керек.

Біз Көне Келісімді оқи отырып, ешбір патшаның бәрін дұрыс істей алмағанын көреміз. Бірақ Құдай Өзінің заңына мойынсұнуға жетелейтін мінсіз Патшаны бір күні жіберетіні жайлы уәде берді.

Жаңа Келісімде

Мына аяттарда Исаға қандай атақ берілген?

* **Мат 2:2** (16)

* **Мат 27:37** (17)

* **Аян 19:16** (18)

Мәсіх Иса — бізге керекті Патшаның дәл Өзі! Ол мінсіз өмір сүріп, Құдайдың заңын орындады (Мат 5:17).

* Билердің қандай 4 мәселесі болды? (19)

1.

2.

3.

4.

* Кім біз үшін жақсы үлгі болып табылады? (20)

* Кім бізді мәңгіге құтқара алады? (21)

* Күнә мәселесін Кім шеше алады? (22)

* Мінсіз Патша Кім? (23)

Сіз Патшаңызды қалай мадақтайсыз?

Билер жазбасынан қандай тәлім аламыз?

1. Құдайға сенбейтіндерге еліктеп, олардың істерін қайталау оңай.

* Израилдіктер Жаратқан Иеден гөрі нені жоғары бағалап мадақтады? (24)

* **Заң 6:5**-аятты оқыңыз. Жаратқан Ие бізден нені күтеді? (25)

2. Күнә тым күшті болғандықтан, одан өз күшімізбен арыла алмаймыз; сол себепті бізге көмек керек.

Жох 8:34,36: «... кім күнә жасаса, сол — күнәнің құлы. ... Сонымен егер Құдайдың (рухани) Ұлы сендерді азаттыққа жеткізсе, шынымен азат боласыңдар».

* Біз күнә жасауды қалай доғара аламыз? (26)

Тек Мәсіх Иса ғана бізді күнәдан азат етіп, жүрегімізді өзгерте алады!

3. Құдай бізді сүйгендіктен, қажет болғанда жазалап тәрбиелейді.

Евр 12:5-6: «Балам, Тәңір сені тәрбиелегенде, онысын ешқашан менсінбей жүрме. Ол сені жөнге келтіргенде, лайым еңсең түсіп жүнжіме. Иеміз Өзі сүйетін әркімді түзетеді әрі тәрбиелейді, бауырына басқан әр баласын да жазалайды қажет болғанда».

* Тәңір Ие кімді тәрбиелейді? (27)

Бір қиын жағдайға тап болсаңыз, Құдайдан Оның сізге осы жағдай арқылы не үйреткісі келетінін сұраңыз.

Әрине, қиын жағдайлардың бәрін Құдайдың жазасы деп түсіну дұрыс емес. Бақытсыздыққа ұшыраған адамға: «Сені Құдай жазалап жатыр», — деу ұшқары пікір. Керісінше, басқаларға үкім шығармай, мейірімді болуымыз керек!

Рим 8:28-29: «Тағы да мынаны білеміз: барлық жағдайларда Құдай Өзін сүйетіндердің игілігі үшін әрекет етеді, себебі Ол бізді өз мақсатына сай таңдап алды. Құдай алдын ала білетін біздерді **Өзінің (рухани) Ұлының үлгісіне ұқсасын**, осылайша (рухани) Ұлы көптеген бауырластарының арасындағы тұңғышы іспетті аса қадірлі болсын деп бұрыннан белгілеп қойған еді».

* Құдай өміріміздегі қиыншылықтарды қалай қолданады? (28)

4. Құдай сенімді, рақымды әрі мейірімді.

Біз Одан қанша рет алыстап кеткен болсақ та, Оған шын жүректен бет бұрып жалбарынсақ, Ол мінажатымызға құлақ асып, бізді құтқарады. Кейбір сенушілер: «Тым көп қателестім, енді лайық емеспін», — деп ойлап, қауымға баруды доғарады әрі Мәсіхтің жолынан ауытқып кетеді. Бірақ біз Құдайға шын жүректен бет бұрып сиынсақ, Ол бізді кешіріп, мейіріммен әрі сүйіспеншілікпен қабылдайды әрі қалыпқа келтіріп, дұрыс жолмен жетелейді. (Салыст. Лұқ 15:20-24.)

Жыр 144:8: «Жаратқан мейірбанды да қайырымды, тез қаһарланбайтын, өте мейірімді!»

* Біз тағы да күнә жасап қойған болсақ, нені естен шығармауымыз керек? (29)

* Билер жазбасынан не үйрене аламыз? (30)

- 1.
- 2.
- 3.
- 4.

* Қиын жағдайлардың бәрі Құдайдың жазасы ма? (31)

* Басқаның өмірінде қиын жағдай болып жатса, оған қалай қарауымыз керек? (32)

* Қиыншылықтар туралы не білеміз? (33)

* Бүгін Құдай сізге осы жазба арқылы қандай тәлім берді?

Жауаптар:

1. Бізге Құтқарушы керек екендігі.
2. Мәсіх Иса!
3. Билер Ешуа мен бірінші патша Саулдың дәуірі кезінде Құдай халқының жетекшілері және құтқарушылары болды.
4. 1) Израилдіктер жалған тәңірлерге табынды.
2) Жаратқан Ие оларды жазалап, жауларының қолына тапсырды.
3) Олар Жаратқан Иеге жалбарынды.
4) Жаратқан Ие оларға құтқаратын бір биді жіберді.
5) Би қайтыс болды.
5. Мәсіх Иса!
6. Израилдіктер қайтадан жалған тәңірлерге табынып, жағдайы барған сайын қиындады.
7. Өйткені Мәсіх мәңгі өмір сүреді!
8. Құдай оларға құтқаратын биді жіберді.
9. Израилдіктер қайтадан жалған тәңірлерге табынып, жағдайы барған сайын қиындады.
10. Ол Өзінің (рухани) Ұлын күнәларымыздың құнын өтеп, бізді құтқаруға жіберді.

11. Ол бізге Өзінің Киелі Рухын сыйлады.
12. Ол «Менің Патшам» деп сипатталған.
13. Сол заманда Израилде ... патша жоқ болатын. Әркім өзіне дұрыс болып көрінгенді істейтін.
14. Олар өздерін құлдықтан құтқарған Патша — Жаратқан Иеге мойынсұнулары керек еді.
15. Патша Израил халқынан шыққан (демек, Жаратқан Иеге сиынушы) болуы керек. Ол көп әйел алмауы да, жылқы, алтын, күміс жинамауы да қажет. Патша Құдай тапсырған Таурат заңын біліп, Оған мойынсұнуға тиіс.
16. Яһудилердің патшасы.
17. Яһудилердің патшасы.
18. Патшалардың Патшасы, иелердің Иесі .
19. Билер бізге жақсы үлгі бола алмады.
Билер уақытша ғана құтқара алды.
Билер күнә мәселесін шеше алмады.
Билер халықты Жаратқан Иеге көктегі Патшасы ретінде мойынсұнуға жетелей алмады.
20. Мәсіх Иса!
21. Мәсіх Иса!
22. Мәсіх Иса!
23. Мәсіх Иса!
24. Дүние жүзінде Жаратқан Иеге сенбейтіндер «әулиелерге», өлген адамдарға немесе байлыққа, қымбат телефон, мәшине, зәулім үйге және т.с.с. заттық нәрселерге сенім артып жоғары бағалайды.
25. *«Құдай Иеңді шын жүректен, бүкіл жан дүниеңмен, бар күш-қуатыңмен сүй!»* деген өсиетті орындағанымызды қалайды.
26. Күнә жасауды доғару үшін бізге Құтқарушы Исаның көмегі керек.
27. Тәңір Ие сүйген баласын түзетіп, тәрбиелейді.
28. Құдай өміріміздегі қиындықтар арқылы бізді Исаға ұқсас етіп өзгерткісі келеді.
29. Біз Құдайға бет бұрып жалбарынсақ, Ол бізге құлақ асып, бізді дұрыс жолмен жетелеуге дайын тұрады.
30. 1) Сенбейтіндерге еліктеп, істегендерін істеу оңай.
2) Күнә тым күшті болғандықтан, одан өз күшімізбен арыла алмаймыз; сол себепті бізге көмек керек.
3) Құдай бізді сүйгендіктен, қажет болғанда түзетіп, тәрбиелейді.
4) Құдай сенімді, рақымды әрі мейірімді.
31. Жоқ.
32. Мейіріммен!
33. Құдай барлық қиындықтарды бізді Мәсіх Исаға ұқсату үшін қолданады.



17-сабақ: Патшалар

Патшалықтар туралы 1-2-жазбалар

Патшалықтар туралы 1-жазбадан Самуил, Саул және Дәуіт туралы біле аламыз.

Самуил Израилдің пайғамбары және соңғы биі болды. Ол израилдіктерге Жаратқан Иенің хабарын жеткізіп, олардың күнәларын әшкереледі.

Бірақ израилдіктер басқа халықтар сияқты болғылары келді: олар Жаратқан Иенің өздеріне Патша болғанын қаламай, адам баласының патшалық құрғанын қалады. Сондықтан Жаратқан Ие оларға Саулды тағайындады.

Саул Израилдің алғашқы патшасы болды. Ол Жаратқан Иеге бірнеше рет мойынсұнбай, күнәлары үшін шын жүректен өкінбеді. Сондықтан Жаратқан Ие одан бас тартып, оның орнына басқа адамды патша болуға тағайындады.

* Жаратқан Ие жаңа патша болуға тағайындаған адамның есімі кім? (1)

* Ол қандай адам болды? (**Елш 13:22**) (2)

Дәуіт Израил халқының ең ұлы патшасы болды. Оның патшалық құрғаны жөнінде Патшалықтар туралы 2-жазбадан оқимыз. Бұдан кейінгі 18-сабақтан Дәуіт жөнінде көбірек мәлімет аламыз.

* Самуил кім болды? (3)

* Саул кім болды? (4)

* Дәуіт кім болды? (5)

Патшалықтар туралы 3-4-жазбалар

* Дәуіттен кейін кім патша болды? (6)

* Сол патша қандай ірі ғимарат салды? (**Пат3 6:1-2**) (7)

* Ол қандай адам болды? (**Пат3 10:23**) (8)

* Сүлеймен патшалық құрған уақытта израилдіктердің өмірі қандай болды? (**Пат3 4:25**) (9)

Бұл Жаңа жаратылыстағы өмірге ұқсады!


* Бірақ кейінірек Сүлеймен күнәға батты. Ол не істеді? (**Пат3 11:1-13**) (10)

Содан Сүлейменнің жаман істерінің патшалықтың күйреуіне әкеп соққанына көз жеткіземіз.

Жаратқан Ие Сүлейменнің істеріне наразы болып қаһарланды. Оның баласы Рохабоғам билік басына келгенде, Жаратқан Ие патшалықтың екіге бөлінуіне жол берді:

Елдің солтүстік бөлігіндегі **Солтүстік Израил** патшалығына он ру кірді.

Ал елдің оңтүстік бөлігі **Яһуда** патшалығы деп аталып, оған Яһуда мен Бунямин рулары кірді.



* Елдің солтүстік бөлігі қалай аталды? (11)

* Елдің оңтүстік бөлігі қалай аталды? (12)

Солтүстік Израил

200 жылдың ішінде Солтүстік Израилді 20 жаман патша биледі. Олар халықты жалған тәңірлерге табынуға азғырды. Патшалар бірінен-бірі өткен зұлым болды. Осылайша Жаратқан Иенің халқы барған сайын Одан алыстай берді.

Аяғында Жаратқан Ие Ассур патшалығының Солтүстік Израилді басып алуына жол берді. Ассур әскері көп адамды қырып, халқының көбін Ассур еліне айдап әкетті. Бұл оқиға б.з.д. (біздің заманымызға дейінгі) 722 жылы орын алды (Пат4 17:5-23). Картада олардың қайда айдалып әкетілгені үзік сызықтармен көрсетілген.



* Солтүстік Израилдің қанша патшасы жақсы болды? (13)

* Б.з.д. 722 жылы Солтүстік Израилді кімдер басып алды? (14)

Яһуда патшалығы

350 жылдың ішінде Яһуда елінде 20 патша билік құрды. Олардың кейбірі жақсы, ал кейбірі жаман патша болды. Осылайша Яһуданың халқы да Солтүстік Израилдің халқы сияқты барған сайын Жаратқан Иеден алыстай берді.

Аяғында Жаратқан Ие Бабыл патшалығының Яһуда патшалығын жаулап алуына жол берді. Бабыл әскері көп адамды қырып, халықтың көбін Бабыл еліне жер аударды. Бұл оқиға б.з.д. 586 жылы (яғни, Мәсіх Исаның дүниеге келуінен шамамен 586 жыл бұрын) орын алды (Пат4 25-тарау). Яһудилердің қайда жер аударылғаны қартада үзік сызықтармен көрсетілген.



* Яһуда елінің қанша патшасы жақсы болды? (15)

* Б.з.д. 586 жылы Яһуда патшалығын кімдер жаулап алды? (16)

Жаратқан Иенің шешуші соты:

Мұсаның кезінде халық құлдықтан құтқарылған еді. Ал енді олар қайтадан құл болды.

Ешуаның кезінде халыққа жер берілген болатын. Енді олар жерінен айырылып қалды.

Самуилдің кезінде халыққа патша тағайындалған еді. Ал енді патша тақтан құлады.

Дәуіттің кезінде халық жауларынан құтқарылып, алаңсыз өмір сүрген еді. Бірақ енді олар жауларынан жеңілді.

Сүлейменнің кезінде Жаратқан Иенің олармен бірге екенін бейнелейтін киелі үй салынған еді. Ал енді киелі үй қиратылды.

Жаратқан Ие берген уәдесінде тұрады: Ол Өзіне мойынсұнғандарды жарылқайды, ал мойынсұнбайтын қыңырлар Оның қарғысына ұшырайды (Заң 28:1-2,15).

* Жаратқан Иенің берген уәдесін орындайтынын Көне Келісімнен қалай көреміз? (17)

Құдай Ие күнәні жазалауы керек. Бірақ Ол әділ болумен қатар мейірімді де, бұл бізді таңғалдырады.

* Яһуда халқының жер аударылғанынан 70 жыл өткен кейін қандай оқиға болды? (Шеж2 36:20-23) (18)

Сонымен қатар Жаратқан Ие Дәуіттің ұрпақтарын да аман сақтап қалды. Ол Дәуітке оның ұрпақтарынан шыққан біреудің әрдайым патшалық тағында отыратыны жайлы уәде еткен болатын (Пат2 7:16; Пат3 2:4; 8:25). Халық Бабылдағы құлдықтан Яһуда еліне қайта оралғанда, араларында Дәуіттің ұрпағы Зоробабел да көшіп барып, әкім болып тағайындалды (Хақ 1:1; Зәк 4:6-10).

Алайда Құдайдың халқы (б.з.д. шамамен 100 жыл бұрын қысқа уақытқа созылған тәуелсіздікті санамағанда) бөтен патшаларға кіріптар болып қала берді. Олар азаттық, жақсы патша, жауларынан қауіпсіздік және Жаратқан Иеге еркін қызмет ете алатын өз жерлері болғанын армандады.

Жаңа Келісім

* Мәсіх Иса не орнатуға келді? (**Мар 1:14-15**) (19)

* Соның Патшасы Кім болды? (**Мат 2:2**) (20)

* **Мат 12:42**-аятта Иса қалай сипатталған? (21)

Иса жер бетінде өмір сүрген заманда яһудилер Құтқарушы Мәсіх келеді деп үміттенді. Олар: «Ол Сүлейменнің кезіндегідей салтанатты патшалық орнатады», — деп күтті. Бірақ Мәсіх Исаның болашақтағы Патшалығы Сүлейменнің патшалығынан әлдеқайда тамаша болады. Мәсіхтің Патшалығындағы тыныштық, байлық және қуаныш Сүлеймендікінен әлдеқайда асып түседі!

* Мәсіх Исаның тамаша Патшалығына қалай кіруге болады? (22)


* Өміріңіздің қай аумақтарында Исаға Патша ретінде мойынсұнбай жүрсіз?

Жауаптар:

1. Дәуіт.
2. Дәуіт Жаратқан Иенің көңілінен шыққан әрі Оның қалағанының бәрін орындауға дайын адам болды.
3. Самуил пайғамбар және би болды.
4. Саул Израилдің алғашқы патшасы болды.
5. Дәуіт Израилдің екінші патшасы болды.
6. Оның ұлы Сүлеймен.
7. Сүлеймен ғибадатхана салды.
8. Жаратқан Ие Сүлейменді жер бетіндегі ең бай және данышпан адам қылды.
9. Сүлеймен патшалық құрған кезде халық алаңсыз тіршілік етіп, әр адам өз бау-бақшасында тұрып жемістерін рақаттана жейтін.
10. Сүлеймен көп шетелдік әйелге үйленіп, олардың тәңірлеріне табынды.
11. Солтүстік Израил патшалығы.
12. Яһуда патшалығы.
13. Солтүстік Израилдің 20 патшасының бәрі жаман болды!
14. Ассур патшалығы.
15. Яһуданың 20 патшасының кейбірі жақсы, кейбірі жаман болды.
16. Бабыл патшалығы.
17. Жаратқан Ие Өзіне мойынсұнғандарды жарылқайды. Ол халыққа азаттық, жер, патша, жауларынан құтқарып, алаңсыз өмір және Оған сиынып, құрбандық ұсына алатын киелі үй сыйлаған еді. Ал Өзіне мойынсұнбайтын қыңырларды Ол сол жарылқаулардан айырып жазалайды.
18. Парсы патшасы Кир Бабылға билік құрған алғашқы жылы Жаратқан Иенің халқының елдеріне қайтып, Иерусалимдегі киелі үйді қайта салуы жайлы жарлық шығарды.
19. Ол Құдайдың Патшалығын орнатуға келді.
20. Мәсіх Иса.
21. Ол «Сүлейменнен де мәртебесі зор Біреу» ретінде сипатталған.
22. Мәсіх Исаның Патшалық билігіне мойынсұнуымыз керек!



18-сабақ: Дәуіт — Израилдің ұлы патшасы



* Дәуіт патша қашан өмір сүрді? (1)

Дәуіт патшалық құрған заманнан бері Құдай Өзінің халқына сөзін арнау үшін көп пайғамбар жіберді.

Көне Келісімдегі бірқатар жазбаны жазған пайғамбарлар б.з.д. 800-400 жылдар аралығында өмір сүрді.

Б.з.д. 400 жылдан кейін Жаратқан Ие төрт ғасыр бойы пайғамбар жібермеді.

* Жаратқан Ие Көне Келісімдегі бірқатар жазбаны жазған пайғамбарларға қай жылдар аралығында сөзін арнаған? (2)

Жаратқан Ие Өзі бір күні жіберетін Патша Мәсіхті келуіне Өзінің халқын дайындау үшін Дәуітті қолданған. Дәуіттің өмірі кейбір жағынан Мәсіхтің өміріне ұқсас болды. Жаратқан Ие Дәуітке Мәсіхке байланысты керемет уәделер берді.

Дәуіт Мәсіхтің алдын ала берілген бейнесі болды.

1. Ол Бетлехемде дүниеге келді.

* Дәуіт қай қалада дүниеге келді? (Пат1 17:12) (3)

* Мәсіхтің дүниеге келуінен 700 жыл бұрын Миха пайғамбар Оның қай қаладан шығатыны туралы жазған? (**Мих 5:2**) (4)

* Инжіл шариф бойынша, Мәсіх Иса қай жерде дүниеге келді? (**Лұқ 2:4-7**) (5)

2. Ол Құдайдың халқын құтқарды.

* Дәуіт алып Ғолиятты жеңіп, көзін жойғаны арқылы Құдайдың халқы үшін не істеді? (**Пат1 17:48-53**) (6)

* Инжіл шариф бойынша, Мәсіх Иса айқыш ағашта өмірін құрбан еткені арқылы Өзіне сенуші халқы үшін не істеді? (**Жох 3:16-17; Қол 1:21-22; Евр 2:14**) (7)

Осылайша Дәуіттің Мәсіх Исаға ұқсас мына жағы да болды: Дәуіт алып Ғолияттың басын шауып тастады. Құдай Ие Жар 3:15-аятта уәде еткендей, Мәсіх шайтанның басын мыжитын болды.

3. Ол май жағу рәсімінен өтіп, көп азап шеккен патша болды.

* Көне Келісім заманында май жағу рәсімінен кімдер өтті? (**Леу 21:10; Пат1 10:1**) (8)

Саул патша шамамен он жыл бойы Дәуітті қудалады. (Бұл туралы Пат1 18-31-тарауларда жазылған.) Сол уақытта Дәуіттің жүрегінде бірталай Забур жырлары пайда болды. Оларда Мәсіх туралы көп пайғамбарлық сөз (алдын ала білдірілген хабарлар) қамтылған.

«Мәсіх» сөзі «май жағу рәсімінен өткен» деген мағынаны білдіреді. Инжіл шариф бойынша, Мәсіх — Құдай уәде еткен Құтқарушы Патша. Көне Келісімдегі Құдайдың Қызметшісінің (Мәсіхтің) азап шегетіні жөніндегі пайғамбарлық сөздер Мәсіх Исаның айқыш ағаштағы азапты құрбандық өлімі арқылы жүзеге асты.

* Дәуіт қалай азап шекті? (9)

* Дәуіт азап шегіп жүргенде, оның жүрегінде не пайда болды? (10)

* Мәсіх Иса қалай азап шекті? (11)

4. Ол ұлы патша болды.

Ақырында Дәуіт Израилдің ұлы патшасы болды. Оның билік құрған кезінің соңында Израилге бағынышты жер шығыстағы Евфрат өзенінен батыстағы Мысырға дейін созылып жатты.

Інжіл шариф бойынша, Мәсіх Иса — патшалардың Патшасы, Ол бүкіл әлемге билік ететін болады! (**Флп 2:9-11**)

* Дәуіт және Мәсіх Иса қандай патшалар болды? (12)

* Дәуіт қандай төрт жағынан Мәсіхке ұқсас болды? (13)

- 1.
- 2.
- 3.
- 4.

Мәсіх орындайтын уәделер

Пат2 7:1-16-аяттарды оқып шығыңыз.

Сол уақытқа дейін киелі үй болмағандықтан, израилдіктер Жаратқан Иеге киелі шатыр алдында сиынып, қызмет етіп жүрді.

* Осы аяттар бойынша, Дәуіт не істегісі келді? (14)

* Неге? (15)

Жаратқан Ие Дәуітке риза болғанмен, Оның басқа жоспары болды. Жаратқан Ие киелі үйді Дәуіттің ұлы Сүлейменнің салғанын қалады.

Есесіне Жаратқан Ие Дәуітке үш тамаша уәде берді.

* **Пат2 7:10**-аятта Жаратқан Иенің қандай уәделері келтірілген? (16)

Жаратқан Ие Израил халқына мәңгі тұратын әрі еш құрып кетпейтін, қауіпсіз мекен сыйлағысы келді.

Бірақ израилдіктер Оған қарсы бас көтеруін жалғастыра берді. Онда Жаратқан Ие Өзіне мойынсұнғылары келмейтін халыққа қалайша мәңгі қауіпсіз мекен сыйламақ?

Сондықтан пайғамбарлар мәңгі қауіпсіз мекен туралы берілген уәдені Мәсіхтің болашақта келгенде орнайтын тамаша дәуірге меңзегенін білдіре бастады (мысалы, **Иш 60:11**-аятта).

* Пат2 7:15-аятта Жаратқан Ие нені уәде етті? (17)

Киелі үйді Дәуіттің ұлы салатын болды. Киелі үй — Жаратқан Ие Өзінің халқымен бірге тұратын мекен. Бірақ Жаратқан Ие Өзіне мойынсұнбаған халықпен бірге тұра алмады.

Пайғамбарлар бұл уәденің де Мәсіхтің Құдай халқымен мәңгі бірге болатынын білдіретінін түсіне бастады (мыс., **Езк 48:35**).

* Пат2 7:12-13,16-аяттарда Жаратқан Ие қандай уәде берді? (18)

Бірақ Дәуіттің ұрпақтарынан шыққан патшалар барған сайын жаман бола берсе, бұл қалай жүзеге аспақ?

Сонда пайғамбарлар бұл уәденің адамдарға Дәуіттің ұрпағы мінсіз Патша Мәсіхтің Патшалығына қатысты айтылғанын түсіне бастады (мыс., **Иш 9:6-7**).

Жаратқан Ие Дәуітке қандай 3 уәде берді? (19)

1.

2.

3.

Мәсіх Иса — Дәуіттің Ұрпағы. Ол — Жаратқан Ие уәде еткен мәңгілік Патша. Мәсіх бізді мәңгі бірге болу үшін Өзінің қауіпсіз мекеніне алып кетеді!

Жох 14:1-3 *«Көңілдерің толқымасын! Құдайға сеніңдер және Маған да сеніңдер! Көктегі Әкемнің үйінде тұратын орын көп. Егер солай болмаса, Мен сендерге айтқан болар едім ғой. Енді сол жерден сендер үшін орын дайындауға бара жатырмын. Барып, дайындап болғаннан кейін қайтып келіп, Өзім болатын жерде сендерді де болсын деп қасыма алып кетемін».*

* Мәсіх Иса бұл аяттарда бізге қандай уәде берген? (20)

Осы мекен туралы Аян жазбасынан да оқимыз:

Аян 21:3 *«Көктегі тақтан былай деген зор дауысты естідім: «Қараңдар, Құдайдың адамдар арасындағы тұрағы! Ол солармен бірге тұрып, олар Оның халқы болмақ. Осылай Құдайдың Өзі солармен бірге мекендеп, олардың Құдайы болады!»*

* Мәңгі қауіпсіз мекенімізде бізбен бірге Кім тұратын болады? (21)

Сонымен Жаратқан Иеге қарсы шыққан, соған бола Оның жазасына іліккен исаилдіктер сияқты болмайық.

Қайта, Жаратқан Иеге ұнамды істер істей берейік әрі бізді мәңгілік қауіпсіз мекеніне алып кететін Мәсіхтің қайтып келуіне дайын болайық.

- * Сіздің қай жағынан Жаратқан Иеге мойынсұнбай жүрген болуыңыз мүмкін? Қандай ойларыңыз, сөздеріңіз не іс-әрекетіңіз Құдайдың ашуын тудыруы мүмкін?
- * Енді не істеуіміз керек? Сол күнәларымыз үшін өкініп, Жаратқан Иеге бет бұруымыз керек!

Қосымша: Киелі үй Едем бағы сияқты болды.

Киелі шатыр, кейінірек киелі үй Құдай халқына Едем бағын есіне салып тұрды.


- Едем бағында **әдемі ағаштар мен гүлдер** болды. Киелі үй бақ іспетті етіп безендірілді. Ұсталар киелі үйдің ішіндегі бағаналарды анар жемістері мен гүлдердің бейнелерімен безендірді (Пат3 7:16-20).
- Едем бағында **алтын мен қымбат тастар** болғаны сияқты, шеберлер киелі үйді де алтынмен және асыл тастармен әшекейледі (Пат3 7:48-50; Шеж2 3:6).
- **Жаратқан Иенің** Едем бағында адамдармен кездескені сияқты, халықтың ортасында киелі шатыр, сосын киелі үй орнатылған кезде Жаратқан Ие Өзінің халқының арасында тұрды (Леу 26:11-12).
- Едем бағының **кіреберісі оның шығыс жағында болғаны** сияқты, Киелі үйдің кіреберісі де шығыс жақта болды (Езк 47:1).
- Едем бағының **кіреберісін керубтер қорғап тұрғаны** сияқты (Жар 3:24), киелі үйдің перделеріне керуб бейнелері салынды (Шеж2 3:14). Керубтер Жаратқан Иенің кіреберісті қорғап тұратынын білдіретін белгі болды; осылайша адамдардың ең киелі бөлмеге еркінсіп кірулеріне жол берілмеді. Келісім сандығының қақпағында орнатылған екі алтын керуб мүсіні де адамдардың киелі Құдайға еркінсіп жақындауға болмайтынын бейнеледі.
- Едем бағында төрт тармаққа бөлініп, жерді суландыратын бір **өзен** ағып жатты. Жаратқан Иенің періштесі Езекиел пайғамбарға жаңа киелі үйден ағып шығып, барлығына өмір сыйлайтын өзен туралы көрініс көрсеткен (Езк 47:1-2,7-10).

* Киелі үйдің қай жақтары Едем бағын Құдай халқының есіне салып тұрды? (22)

- 1.
- 2.
- 3.
- 4.
- 5.
- 6.

Жауаптар:

1. Дәуіт б.з.д. 1000 жыл шамасында (яғни, Мәсіхтің дүниеге келуінен 1000 жылдай бұрын) өмір сүрген.
2. Б.з.д. 800-400 жылдар аралығында.
3. Бетлехем атты шағын қалада.
4. Бетлехемде.
5. Бетлехемнен.
6. Дәуіт Израил халқын філістірлердің озбырлығынан құтқарды.
7. Мәсіх Өзінің халқын өлім, күнә және шайтанның құрсауынан құтқарды.
8. Патшалар және діни қызметкерлер май жағу рәсімінен өткен.
9. Саул патша оны шамамен он жыл бойы құдалады.
10. Дәуіттің жүрегінде бірталай Забур жыры пайда болды. Оларда Мәсіх туралы пайғамбарлық сөздер (алдын ала білдірілген хабарлар) қамтылған.
11. Мәсіх Өзіне сенім артқандар үшін айқыш ағашта өмірін құрбан етті.
12. Дәуіт Израилдің ең ұлы патшасы болды, ал Патшалардың патшасы Иса бүкіл дүние жүзіне билік жүргізетін болады!
13. Дәуіт Бетлехемде дүниеге келіп, Құдайдың халқын құтқарды. Дәуіт қатты азап шегіп, ұлы патша болды.
14. Дәуіт Жаратқан Иеге әдемі, үлкен киелі үй салғысы келді.
15. Ол Жаратқан Иеге құрмет көрсеткісі келді.
16. Жаратқан Ие халыққа мәңгі қауіпсіз жерді уәде етті.
17. Жаратқан Ие Өзінің сүйіспеншілігін олардан алып қоймайды. Ол халқымен мәңгі бірге болады!
18. Жаратқан Ие Өзінің халқына Дәуіттің ұрпағынан шыққан патша оларға билік жүргізетіні жайлы уәде етті.
19. Жаратқан Ие мәңгі қауіпсіз мекен жөнінде уәде етті. Өзі олармен мәңгі бірге тұрады. Жаратқан Ие Өзінің халқына Дәуіттің ұрпағы дәйім патшалық құратыны жөнінде уәде берді.
20. Мәсіх бізді көктегі Әкесінің үйіне (яғни, мәңгі қауіпсіз мекенге) апару үшін көктен қайта оралады.
21. Құдай Иенің Өзі!
22. Сонда әдемі жеміс ағаштары мен гүлдер, алтын және асыл тастар болған. Құдай Ие сол жерде жүрді. Кіреберісі шығыс жақта болды. Керубтер кіреберісті күзетіп тұрды. Өзен (болашақ жайлы көріністе) бүкіл дүниеге өмір беріп тұрды.



19-сабақ: Даналық жайлы жазбалар: Әйүп жазбасы

Көне Келісімде даналық жайлы бес жазба бар:

Әйүп жазбасы, Забур жырлары, Нақыл сөздер, Даналықты уағыздаушы, Сүлейменнің таңдаулы әні.

Осы бес жазбадан Жаратқан Иеге ұнамды өмір сүріп, басқаларға игілік әкелуіміз үшін қажетті даналық таба аламыз.

Бұл жазбаларда ән-жыр мен нақыл сөз іспетті көптеген поэзиялық мәтіндер қамтылған. Өлеңдер мен ән-жырлар жүрегімізге терең әсер етеді. Олар бізге сезімдерімізді білдіруге көмектеседі. Жаратқан Ие бізге сезімдер сыйлаған, бірақ олар көп жағдайда жасырын күйде қалып келеді. Забур жырлары бізге жан дүниеміздің тереңінде жатқан сезімдерді түсініп, оларды Жаратқан Иенің алдында жайып салуға көмектеседі. Біз солай істегенде, Жаратқан Ие бізді жұбатып, сауықтырып, қалыпқа келтіре алады.

Даналық жайлы осы бес жазба адамның басынан өтетін көптеген жайттар, мысалы, ауыртпалық, азап, қорқыныш, қуаныш, ризашылық және даналыққа мұқтаждық туралы әңгіме қозғайды. Осы жазбалар бізге Жаратқан Иені меңзеп, Оның сүйіспеншілікке толы сенімділігі туралы паш етеді.

Жаратқан Ие осы жазбалар арқылы бізге сөзін арнағысы келеді!

* Көне Келісімде даналық жайлы қандай бес жазба бар? (1)

Әйүп жазбасы

Әйүп жазбасында көп азап шеккен адамның әңгімесі берілген. Оны түсіну үшін жазбаны басынан аяғына дейін оқып шығу керек.

Әйүп 1-2-тарауларды оқып шығыңыз.

* Әйүп өзінің көптеген адамдары мен мал-мүлкінен айырылды. Олар кімдер және нелер болды? (2)

Бізге арналған үлгі

* 1. **Әйүп 1:21**-аятта не деді? (3)

* Мұны өз сөзіңізбен қалай айтар едіңіз?

Бұл — біз үшін сондай керемет үлгі: біз түрлі қиын жағдайға түссек те, Жаратқан Иені мадақтауды үйренуіміз керек.

* 2. **Әйүп 2:10**-аятта не деді? (4)

* Мұны өз сөзіңізбен қалай айтар едіңіз?

Жаратқан Ие өмірімізде болуға жол берген жақсы мен жаманды кішіпейіл жүрекпен қабылдай білуіміз қажет.

3. Бірақ Әйүп мінсіз болмады. Ол Жаратқан Иеге ашуланды.

* 3:11-аятта Әйүп Жаратқан Иеден не сұрады? (5)

Бұл да біз үшін жақсы үлгі: Жаратқан Иеге шынайы сезімдерімізді білдіруіміз керек. Ол бізді түсінеді және Өзімен ашық сөйлескенімізді қалайды. Жаратқан Ие біз кешіп жатқан азаптың кесірінен Өзінен сырт айналғанымызды қаламайды. Әйүп ауру мен азаптың өзінде Жаратқан Иеге сенім артуды үйренді.

* Әйүп қандай 3 жақтан біз үшін үлгі болады? (6)

- 1.
- 2.
- 3.

Жаратқан Иеге арналған сұрақтар

Әйүп өзінің не үшін азап шегіп жатқанын білгісі келді. Жаратқан Ие оның сұрақтарына жауап бермеді. Бірақ кейінірек 38-41-тарауларда Жаратқан Ие онымен кездескенде, осының өзі Әйүпке жеткілікті болды.

Жаратқан Ие сөйлегенде, Оның сұрақтарымызға жауап беруге міндетті емес екенін түсінеміз. Жаратқан Ие бәрін назарында ұстайды. Ол — бүкіл адамзаттың Билеушісі. Бізге барлық жайтты түсінудің қажеті жоқ, бірақ соның бәрінде Оған сенім артуға тиіспіз. Жақсы және жаман кездерде Жаратқан Иеге сенім артсақ, Ол мұнымызға риза болады.

* Біз Жаратқан Иеден не күтуіміз керек? (7)

* Жаратқан Ие бізден не күтеді? (8)

Қуанышты аяқталған әңгіме

Әйүп 42:7-17-аяттарды оқыңыз.

Көне Келісімде адам өлгеннен кейін оған не болатыны туралы анық айтылмаған. Осы аяттарда Жаратқан Иенің көп азап шеккен Әйүпті кейін қалай жарылқағаны сипатталған. Інжіл шарифтен мынаны көре аламыз: Жаратқан Ие «өміріміздегі ауыртпалықтар міндетті түрде қуанышты аяқталады» деп уәде бермеген. Бұл тарау Жаңа жаратылысқа меңзейді: ондағы өмір біз ойлағаннан әлдеқайда керемет болады!

* Әйүптің әңгімесінің соңы нені есімізге салады? (9)

Қосымша

Әйүп бір кезде ғана Жаратқан Иемен кездесетіні жөніндегі үміті туралы айтты; мүмкін, Әйүп бұл кездесу өзінің өлімнен қайта тірілетінінен кейін болады деп ойлаған шығар. **Әйүп 19:25-27** оқыңыз.

Күнә және азап шегу

Әйүптің достары: «Адам азап шексе, онда оның күнә жасағаны», — деп ойлады. Ал Әйүп мынаны анық білді: Ол Жаратқан Иемен тығыз қарым-қатынаста жүріп келген еді және шегіп жатқан азабы жасаған күнәларының салдары емес еді. Әйүп достарымен осы тақырып туралы көп айтысты.

Бұл жазбада мынадай тәлім берілген: біз шегетін азаптар әрдайым жасаған күнәміздің салдарынан бола бермейді. Мәсіх Иса ешқашан күнә жасамаған, бірақ Ол шеттетілу мен әділетсіздікті басынан өткізіп, соңында қатты азаптап өлтірілді. Мәсіх азап шегіп құрбан болды, соның нәтижесінде біз барлық азаптан арылатын боламыз!

* Бұл қашан болады? (10)

Соған дейін біз көрген қиыншылықтардың бәрін Құдай біздің игілігіміз үшін қолданатынын білеміз (мысалы, **Жақ 1:2-4**-аяттарды оқыңыз).

* Құдай біз көрген қиыншылықтарды біздің игілігіміз үшін қалай қолданады? (11)

Азап шеккен кезімізде біздің мынадай таңдау жасауымызға тура келеді: немесе өкпелеп, жүрегімізді қатайтамыз, немесе осы жағдайды Мәсіх Исаға ұқсай түсетін мүмкіндік ретінде пайдаланамыз.

- * **Евр 13:5**-аятта Құдай бізге қандай уәде берген? (12)
- * Егер біреу азап шексе, бұл — оның жасаған күнәсінің салдары дегенді білдіре ме? (13)
- * Ешқандай жамандық істемесе де, ауыр азаптарды басынан өткізген Біреуді мысалға келтіріңіз. (14)
- * Азап атаулы болмайтын заман қашан болады? (15)
- * Жаратқан Ие біз көрген азаптардың бәрін біздің игілігіміз үшін қалай қолданады? (16)
- * Азап көріп жүрген кезде бізде қандай таңдау бар? (17)
- * **Евр 13:5**-аятта Құдай бізге қандай уәде берді? (18)


Өмірдегі ауыртпалықтарымызда Құдай бізді рақым ете көрсін!

- * Әйүп жазбасынан сіз не үйрендіңіз?

Жауаптар:

1. Әйүп жазбасы, Забур жырлары, Нақыл сөздер, Даналықты уағыздаушы, Сүлейменнің таңдаулы әні.
2. Әйүп балалары мен қызметшілерінен, мал-мүлкінен және денсаулығынан айрылды.
3. «Анамның құрсағынан жалаңаш шықтым, дүниеден жалаңаш қайтамын да. Жаратқан Ие сыйлап берді де, Жаратқан Ие қайтарып алды да. Жаратқан Иенің есімі мадақтала берсін!»
4. «Құдай жақсылық жіберсе, соны қабылдау, ал ауыртпалық жіберсе, содан бас тарту дұрыс па өзі?»
5. «Мен туған кезде-ақ неге құрымадым екен? Құрсақтан шығып жатқанда-ақ неге өліп қалмадым екен?»

6. 1. Біз түрлі қиындықтарға ұшырасақ та, Жаратқан Иені мадақтауды үйренуіміз керек.
2. Құдай жіберген жақсыны да, жаманды да кішіпейіл жүрекпен қабылдауымыз қажет.
3. Құдай алдында шынайы сезімдерімізді жайып салуымыз маңызды.
7. Ол біздің барлық сұрақтарымызға жауап бермеуі де мүмкін, бірақ Оған бет бұрып Оны іздесек, Ол бізбен кездеседі.
8. Біз жақсы кезде де, жаман кезде де Оған сенім артуымыз керек.
9. Жаңа жаратылыста.
10. Мәсіх қайта оралғанда бізді Жаңа жаратылысқа, яғни, жаңа мекенімізге алып кетеді.
11. «Себебі сенімдеріңнің сыналып берік те шынайы екендігінің дәлелденуі төзімділік тудыратынын білесіңдер. Тек төзімділіктерің іс жүзінде соңына дейін жетуге тиіс, сонда сендер рухани жағынан жетіліп те кемелденіп, ешбір кемшіліктерің қалмайды».
12. «Ешқашан сені тастап, қалдырып кетпеймін!»
13. Жоқ.
14. Мәсіх Иса.
15. Мәсіх қайта оралып, бізді көктегі мәңгілік мекенге (Жаңа жаратылысқа) алып кеткен кезде.
16. Сенімнің сыналуы төзімділікті тудырады. Төзімділігіміздің өсуі маңызды, өйткені біз сол арқылы рухани жағынан жетіліп, кемелденеміз әрі кемшіліктерден арыламыз.
17. Біз немесе өкпелеп, жүрегімізді қатайтамыз, немесе осы жағдайды Мәсіх Исаға ұқсай түсетін мүмкіндік ретінде пайдаланамыз.
18. «Мен сені ешқашан тастап та кетпеймін, жалғыз да қалдырмаймын».



20-сабақ: Даналық туралы жазбалар: Забур жырлары

Сіз білесіз бе?

- Бұл — Киелі кітаптағы ең үлкен жазба.
- Онда 150 жыр бар.
- Забурдағы жырлар 700 жыл уақыт ішінде жазылған.
- Забур жырларының көп бөлігін Дәуіт патша жазған. Мұса, Сүлеймен және басқа да көп адам жазған жырлар да бар.
- Інжіл шарифтің авторлары басқа жазбаларға қарағанда Забур жырларынан аяттарды көбірек келтірген. Жаңа Келісімнің төрт-ақ жазбасында олардан үзінділер келтірілмеген!
- Мәсіх туралы пайғамбарлық сөздер Көне Келісімнің кез келген басқа жазбасына қарағанда Забур жырларында ең көп кездеседі.
- Інжіл шарифтің заманында Забур жырлары жазбасы яһудилердің ән-жырлар мен мінажаттар жинағы болған. Иеміз Иса да оларды жиі айтқан. Сонымен Иеміз сол ән-жырлар мен мінажаттарды көп пайдаланған болса, біз де солай еткеніміз жөн!
- Ән-жырлар мен мінажаттардың басты тақырыптарын түсіну үшін оларды бірнеше рет оқыымыз керек.

* Забур жырлары жазбасында қанша ән-жыр мен мінажат бар? (1)

* Забур жырларының көбін кім жазған? (2)

* Жаңа Келісім заманында кімдер осы жазбаны ән-жырлар мен мінажаттар жинағы ретінде қолданған? (3)

* Ән-жырдың басты тақырыбын түсіну үшін не істеуіміз керек? (4)

Жырлардың негізгі 3 түрі:

1. Забурдағы көп жырды Жаратқан Иені **мадақтау** үшін айтуға болады. **99-жырды** оқыңыз.
2. Көп жырды **Жаратқан Иеге** істеген істеріне **алғыс айту** үшін қолдануға болады. **114-жырды** оқыңыз: бұл жырда өлім аузында жатқан адамның құтқарылғаны үшін Құдайға айтқан алғысы берілген.

3. Біз қиындыққа тап болғанда, **Құдайға жалбарыну** үшін пайдалануға болатын көп жыр бар.

* Мысалы, мына аятты жазғанда адам не сезінген еді? **Жыр 87:19:**

*«Таныс-достарымды менен алшақтаттың,
Тас түнек айналды серігіме жақын».* (5)

Біз бір жырды оқығанда, оны жазған адамның қандай сезімде болғаны жөнінде ойлануымыз керек. Біздің де солай сезінетін кездеріміз бола ма?

Жырдағы сөздерді Жаратқан Иені мадақтау, Оған алғыс айту не жалбарыну үшін қолдануға болады.

Жаратқан Ие бізге түрлі жағдайымыз бен сезімдерімізді сипаттауға керекті сөздерді табуға көмектеседі.

* Забур жырларын қандай басты 3 мақсатта пайдалана аламыз? (6)

- 1.
- 2.
- 3.

Забур жырлары бізге Мәсіх Исаны тануға көмектеседі.

1. Дәуіт патшаның өмірінің Мәсіхке меңзейтінін есте сақтауымыз керек. Оның басынан өткен көп жайт Мәсіх Исаның өмірінде болған жағдайларға ұқсайды. Мысалы:

- Дәуіт көрген қиыншылықтарын басынан өткізген нақты азабынан әсірелеп бейнелеген. **Жыр 21:13-19**-аяттарды оқыңыз. Оларда айқыш ағашқа шегеленген адамның көретін азабы таңғаларлықтай дәл сипатталған. Ал айқыш ағашқа шегелеу әдісі Дәуіт осы жырды жазған кезден жүздеген жылдан кейін ғана қолданыла бастаған.
- Дәуіттің ұлы патша болғаны рас, алайда жырларда кездесетін кейбір сипаттамалар Дәуітке сай келмейді. Мысалы, **Жыр 2:6-9**-аяттарда бүкіл әлемнің Патшасы болуға тағайындалған Мәсіх туралы бейнеленген.

2. Забур жырларынан Жаратқан Ие туралы оқығандарымыз Мәсіхтің кім екендігін көрсетеді.

1-мысал: * **Жыр 102:2-3**-аяттарды оқыңыз. 3-аят бойынша Жаратқан Ие не істеді? (7)

* **Мар 2:1-12**-аяттармен салыстырыңыз. Мәсіх Иса не істеді? (8)

2-мысал: * **Жыр 22:1**-аятты оқыңыз. Бұл жерде Жаратқан Ие кім? (9)

* Жох **10:11**-аятпен салыстырыңыз. Онда Мәсіх Өзі туралы не айтқан? (10)

* Дәуіттің өмірінің Мәсіхке меңзейтін жайттарынан екі мысал келтіріңіз. (11)

1.

2.

* Забур жырларында Құдай Әке туралы айтылғанның Құдайдың (рухани) Ұлына да сай келетін жайттардан екі мысал келтіріңіз. (12)

1.

2.

Забур жырларын жиі оқу арқылы Мәсіхке жақындай түсейік!

* Забурдағы ең сүйікті жырыңыз қандай? Ол сізге несімен ұнайды? (13)

Қосымша

Забур жырларының кейбіреуінде автор жауларын Жаратқан Ие соттап, өмірлеріне апат жіберуін тілейтін аяттар бар.

Мысалы: **108-жыр**

* Інжіл шарифте кек алу туралы не жазылған?


Рим 12:17-19-аяттарды қараңыз. (14)



Адамдар Құдайдың халқын қудалағанда, біз бұл үшін кек алуды мақсат етпеуіміз керек. Алайда қудалаушылар үшін мінажат етіп, осы жағдайға қатысты сезімдерімізді Құдайға ашық айтқанымыз жөн. Ол өз халқының қудаланып жатқанын көргенде, бұған бізден де қатты ашуланады. Жуырда Мәсіх жер бетіне қайта оралып, зұлымдарға әділ үкімін шығаратын болады.

Жауаптар:

1. 150.
2. Дәуіт патша.
3. Мәсіх Иса.
4. Оны бірнеше рет оқып шығу керек.
5. Ол өмір неткен сондай жаман, қиын деп ойлады, оның қасында енді достары да жоқ, тек қараңғылық қана қалды.
6. Жаратқан Иені мадақтау, Оған алғыс айту және жалбарыну үшін.
7. Құдай барлық әділетсіздігіңді кешіріп, сені барлық дертіңнен сауықтырады.
8. Мәсіх Иса оның күнәларын кешіріп, оны сауықтырды.
9. Ол — менің Бағушым.
10. Мәсіх Иса — ізгі Бағушы.
11. Ол азап шекті әрі ұлы патша болды.
12. Біздің Құтқарушымыз және ізгі Бағушымыз.
13. Мысалы, Жыр 22: Жаратқан Ие бізді жетелейді және қамымызды ойлап, күш-жігер мен құрмет сыйлайды. Біздің мақсатымыз — Оның соңынан еру (яғни, Оның шәкірттері болу).
14. Біз жамандыққа жамандықпен қайтармауымыз керек. Ешкімнен кек алмай, тиісті жазаны тартқызуды Жаратқан Иеге қалдыруға тиіспіз.



21-сабақ: 90-жыр

Забурдағы 90-жырды оқып шығыңыз.

Осы жырдағы уәделер патшаға арналған болатын. Олар ақырында Мәсіхке және бізге де қатысты болып келеді.

Құдай — біздің қорғанымыз!

* Адамдар өміріндегі қандай жағдайлар туралы уайымдайды? (1)

* Жыр 90:2-аятта жыршы Жаратқан Ие туралы не жазған? (2)

Қорған соғыс кезінде бас сауғалауға арналған орын болатын. Оған барып жасырынған адам аман қалған.

* 4-аятта Хақ Тағала (Құдай Ие) неге теңеп сипатталған? Мұнда Оның халқы неге теңеп бейнеленген? (3)

Құс қанатын жайып балапандарын қауіптен қорғайтыны сияқты, Жаратқан Ие де бізді қорғап, аман сақтайды.

* 5-6-аяттарды оқыңыз. Біз Жаратқан Иенің қасиеттері туралы ойланып, Оның қандай екенін еске алсақ, онда өмірімізде не болады? (4)

7-8-аяттарды оқыңыз. Оларда Жаратқан Иенің зұлымдарды жазалап, Өзінің халқын қорғайтыны туралы бейнеленген. Бұл сипаттама Мәсіх Исаның ақырғы заманда адамзатты соттайтын қиямет күнін меңзейді. Сол кезде Жаратқан Иенің билігіне мойынсұнбағандар біржола жазаланатын болады.

* Жаратқан Иенің билігіне және Оның Патшасы Мәсіхке мойынсұнған адамдарға қиямет күні не болады (8-аят)? (5)

* Сонымен біз Жаратқан Иенің қасиеттері туралы ойланып, Оның қандай екенін еске алғанда, өмірімізде не болады? (6)

Шайтан мен Мәсіх арасындағы күрес

Шайтан Мәсіхті жеңуге бар күшін салған

Шайтан Едем бағындағы оқиғадан бері Мәсіхтің келетіні туралы біліп, содан қорыққан еді (Жар 3:15). Мәсіх Иса дүниеге келгенде, шайтан Оны өлтіруге ұмтылды (Мат 2:13-16). Оның бұл жоспары жүзеге аспаған соң, шайтан Мәсіхті күнә жасауға азғыруға барынша тырысты.

* **Мат 4:5-7:** Шайтан 90-жырдан келтірген осы аяттарды қалай қолданды? (7)

* Мәсіх Иса Өзі ғибадатхананың төбесінен төмен қарай секірсе, Жаратқан Иенің Оны қорғайтынын шайтанға неге дәлелдегісі келмеді? (8)

Айтпақшы, шайтанның айтқанын істеу ешқашан дұрыс болмайды!

Мат 4:11-аятты оқыңыз. Одан біз Жыр 90:11-аятта Жаратқан Ие уәде еткен періштелердің Исаға көмек беруге келгенін көреміз.

Мәсіх шайтанды жеңді

Жыр 90:13-аятта аталған абжылан яки айдаһар шайтанды бейнелейді. Ал арыстандар зиян тигізбекші жауларды сипаттайды (Жыр 21:14).

* **Жар 3:15**-аятта Жаратқан Ие жылан кейпіндегі шайтанға не деді? (9)

Шайтан Хауаның Ұрпағынан жеңілетін болады, ал Хауаның сол Ұрпағы шайтанмен күресте азап шегетін болады.

* **Жыр 90:13**-аятта Мәсіхтің не істейтіні туралы алдын ала жазылған? (10)

Ол шайтанды және оған қызмет етіп жүргендердің бәрін жоятын болады!

* Сонымен Мәсіхтің мақсаты не болды? (11)

Қиыншылықтар келген уақытта

* **Жыр 90:15-16**-аяттарда Жаратқан Ие Мәсіхке қандай уәде берген? (12)

Жаратқан Иенің Мәсікке берген уәделері:

- Оған жар болады
- Оны аман-есен сақтайды
- Оны құрметке бөлейді
- Оның ғұмырын ұзақ қылады
- Оған құтқаруды сыйға береді

* **Флп 2:8-11**-аяттарды оқыңыз. Құдай Мәсікке берген уәделерін орындады ма? (13)

Мәсіх **көп азап шегіп, өмірін құрбандыққа берсе де, Құдай Оны құтқарып алды.** Мәсіхтің өлімі Құдай Оны қалдырып кетті дегенді білдірмейді. Керісінше, Ол азап шеккен кезінде Құдай Әке **Оған жар болды.** Құдай Әке Оны өлімнен **қайта тірілту** арқылы құтқарды және құрметке бөледі. Енді Мәсіх Иса мәңгі өмір сүреді. Сонымен қатар Мәсіхтің Құдайға мойынсұнғанының нәтижесінде көптеген адамдар құтқарылады!

* **Жыр 90:13**-аятта Мәсіхтің не істейтіні туралы қандай хабар берілген? (14)

Біз Мәсіх Исаға сенім артсақ, шайтан мен жындардан қорқудың қажеті жоқ.

* **Жыр 90:15**-аятта Жаратқан Ие туралы не жазылған? (15)

Жаратқан Ие бізді Өзінің періштелерімен әр сәтте қорғайды! Сонымен бірге Киелі кітапта Иеміздің өмірімізде кейде қиындықтардың болуына жол беретіні туралы да жазылған.

Сондықтан «Мәсіх Исаға сенгеннен кейін енді өміріңде ешқандай қиыншылық болмайды», — дегендерді тыңдамаңыз.

* **Жох 16:33**-аятта Мәсіх шәкірттеріне не деді? (16)

Біз өмірімізде қысымшылық көреміз, алайда Мәсіх бізге Өзінің тыныштығын сыйлайды.

* Құдай бізге **Рим 8:38**-аятта қандай тамаша уәде берген? (17)

Біз Мәсіхпен бірге жүрсек, еш нәрсе де бізді Құдайдың сүйіспеншілігінен айыра алмайды!

* Сонымен Мәсіх Исаның шәкірттері қысымшылық көре ме? (18)

* **Рим 8:38**-аятта Құдай бізге қандай уәде берген? (19)

Құдайдың жоспарлары

* Мәсіх Иса Забурдағы осы жырды жақсы білді. Мәсіх айқышқа шегеленер алдындағы түнде Гетсимани бағында не туралы мінажат етті? **Лұқ 22:42** (20)

Мәсіх Құдайдың бізді жамандықтан сақтай алатынын, бірақ кейде Оның содан жоғары жоспарлары болатынын білді.

Лұқ 22:43-аятты оқыңыз. Құдай Мәсіхті нығайту үшін тағы да періштесін жіберді.

Сол сияқты, біз де Құдайдың бізді жамандықтан сақтай алатынын, бірақ кейде Оның содан жоғары жоспарлары болатынын білеміз. Егер Ол бізден мәселелерге шыдауды қаласа, онда Оның көмек жіберетінін әрдайым есте ұстауымыз керек!

* **Рим 8:28-29**-аяттардан Құдайдың біз көрген қиындықтарды қалай қолданатыны туралы не біле аламыз? (21)

* Сонымен, Құдай біздің өмірімізде қиындықтардың болуына не үшін жол береді? (22)

Мәңгілік өмір

* **Жыр 90:16**-аятта Жаратқан Ие қандай уәде берді? (23)

Көне Келісімдегі жазбаларда өлімнен кейінгі өмір туралы көп жазылмаған. Көне Келісімде ұзақ өмір — Жаратқан Иенің жарылқауының белгісі ретінде сипатталған.

Інжіл шарифте Құдай бізге осы дүниедегі өміріміздің ұзақ болатынын уәде етпеген, бірақ Ол содан әлдеқайда жақсы сыйды, яғни, Онымен бірге болатын мәңгілік өмірді уәде еткен. Бұл біздің ойлағанымыздан әлдеқайда керемет болмақ!

Мәсіх Иса бізді күнәнің, өлімнің және шайтанның құрсауынан құтқарды! Ол бізге мәңгілік өмір сыйлады. Сол себепті біз ештеңеден қорықпауымыз керек.

Біз Жаратқан Иенің жоспарларын әрқашан түсіне бермейміз. Дегенмен мынаны мақсат етейік: Мәсіх Иса Құдайға сенім артқандай, біз де **Құдайға сенім артайық!**

Құдай біздің жердегі өміріміздің қамын ойлап, әрдайым бізбен бірге болатыны әрі мәңгілік өмір сыйлайтыны жөнінде уәде еткен. Сондықтан қорқудың қажеті жоқ!


* Құдай бізге қандай уәде берген? (24)

* Сонымен бізге қандай тапсырма берілген? (25)

* Осы жырдағы қай аятты ең алдымен есте сақтауыңыз қажет?

Жауаптар:

1. Адамдар денсаулығы, болашағы, емтихандар, балалар, ақша және т.б. көп нәрсе жайлы уайымдайды.
2. Жаратқан Ие — бас сауғалайтын панамыз әрі қорғанымыз.
3. Хақ Тағала (Құдай Ие) күшті құсқа, ал біз әлсіз балапандарға теңеп сипатталғанбыз.
4. Біз еш нәрседен қорықпаймыз әрі сескенбейміз, өйткені өміріміз «қауіп-қатерсіз болады».
5. Құдай оларды аман сақтайды.
6. Біз еш нәрседен қорықпаймыз.
7. Шайтан 11-12-аяттарды Мәсіх Исаны азғыру үшін қолданды; сонда ол Мәсікке киелі үйдің төбесінен төмен секіріп, сол арқылы Өзінің Құдайдың (рухани) Ұлы екендігін растауды ұсынды.
8. Жаратқан Иені еркінсіп сынау дұрыс емес.
9. «Әйел екеуіңді, сенің ұрпағың мен оның ұрпағын өзара өштестіріп қоямын. **Әйелдің ұрпағы басыңды мыжып, ал сен оның өкшесін шағатын боласың.**»
10. Мәсіхтің мақсаты «жас арыстан мен оқжыланды аяқпен таптап, үлкен арыстан мен абжыланды жаншып тастау» болды.
11. Шайтанды жеңу үшін.
12. «Ол Маған сиынғанда құлақ саламын, азап шеккен кезінде оған жар боламын, аман-есен сақтап, құрметке бөлеймін. Ғұмырын ұзақ қылып риза етемін, құтқаруымды оған сыйға беремін».
13. Иә, Ол уәделерін орындады.
14. Құдай жіберген Мәсіх шайтанды жеңген! Сондықтан Құдайдың халқы жамандық атаулыдан аман бола алады!
15. Құдай мінажаттарымызға құлақ салады; Ол біз қиыншылықтарға тап болған кездерде қасымызда болуға уәде еткен.
16. «Мен бұларды сендер Менімен тығыз байланыста тұрып, тыныштыққа кенелсін деп айттым. Күнәкар дүниеде қысымшылық көресіңдер; алайда батыл болыңдар: Мен осы дүниені жеңіп шықтым!»
17. «Мен мынаған нық сенемін: өлім де, өмір де, періштелер де, жын-перілер де, бүгінгі күн де, болашақ та, табиғаттан тыс күштер де бізді Құдайдың сүйіспеншілігінен айыра алмайды! Рас, не үстіміздегі, не астымыздағы ешқандай күш те, тіпті жаратылыстың басқа ешбір нәрсесі де бізді Құдайдың Иеміз Иса Мәсіх арқылы көрсетіп жүрген сүйіспеншілігінен айыра алмайды!»
18. Иә, олар қысымшылық көреді.
19. Бізді Құдайдың сүйіспеншілігінен еш нәрсе де, ешқандай күш те айыра алмайды!
20. «О, Әкем, мүмкін болса, (қаңарыңа толы) осы «тостағанды» Маған жолата көрме. Алайда Менің емес, Сенің еркіңе сай болсын!»
21. Құдай қиыншылықтарды бізді Мәсіхтің үлгісіне ұқсас ету үшін қолданады.
22. Құдай қиыншылықтарды бізді Мәсіхтің үлгісіне ұқсас ету үшін қолданады.
23. «Ғұмырын ұзақ қылып риза етемін, құтқаруымды оған сыйға беремін».
24. Құдай жердегі өміріміздің қамын ойлап, әрдайым бізбен бірге болатыны әрі мәңгілік өмір сыйлайтыны жөнінде уәде еткен.
25. Құдайға сенім артып, қорықпауымыз керек.



22-сабақ: Даналық туралы жазбалар: Нақыл сөздер, Даналықты уағыздаушы және Сүлейменнің таңдаулы әні

Нақыл сөздер

* **Нқл 1:2**-аятты оқыңыз. Бұл жазбаның мақсаты қандай? (Өз сөзіңізбен айтыңыз.) (1)

* Даналық кімге керек? (2)

Нқл 1-9-тарауларға шолу

Алғашқы тоғыз тарауда біз даналықтың даусын тыңдауға шақырылғанбыз.

* **Нқл 1:7**-аятты оқыңыз: білімнің бастауы деген не? (3)

* Даналық пен тәрбиені кімдер елемейді? (4)

Осы жазбадағы көп аятта адамдардың екі түрі: даналар және надандар туралы айтылған.

* Біз солардың қайсысының қатарындамыз: даналардың ба, надандардың ба?

* **1:8-9**-аяттарды оқыңыз: бала не істеуі керек? (5)

* **4:14**-аятты оқыңыз: бала не істемеуі керек? (6)

Біз Құдайдан аулақ алып кететін дауыстарға емес, даналықтың даусына құлақ асуымыз керек.

* **Нқл 3:5-6**-аяттарды оқыңыз. Не істерімізді білмесек, не істеуіміз керек? (7)

Біз Құдайға мойынсұнып, Оның даналығын сұрағанда, Ол бізді дұрыс та ізгі жолмен жетелейді. Бұл туралы Забурдағы 22-жырда да жазылған: Жаратқан Ие — ізгі Бағушымыз, Ол бізді тура жолмен жетелейді.

* Осы жазбада адамдардың қандай екі түрі сипатталған? (8)

Нқл 10-31-тарауларға шолу

Алғашқы 9 тараудан кейін түрлі-түрлі тақырыптардағы жекелеген нақыл сөздер берілген. Бұлардың басым көпшілігінде бәріміз білу керек жайттар жөнінде айтылған, мысалы: ақша, жұмыс, біз әңгіме қылатын түрлі нәрселер, үй-жай, достық, отбасы, әкімшілік, өмір.

Бір мысал келтірейік:

* **Нқл 14:1**-аятты оқыңыз. Ақылды әйел не істейді? (9)

* Бұл нені білдіреді? (10)

* Ақылсыз әйел не істейді? (11)

* Бұл нені білдіреді? (12)

Бұл пайымдаулар ерлерге де қатысты!

* Нқл 10-31-тарауларда қандай тақырыптар қозғалады? (13)

Бұлар — бәріміз үшін маңызды тақырыптар!

Олар уәделер емес

Нақыл сөздер жазбасындағы аяттар Құдай берген уәделер емес, оларды жазып қалдырған данышпандардың өмірден көңіліне түйгендері.

Нақыл сөздерде әдетте болатын, бірақ әрдайым бола бермейтін жағдайлар туралы сипатталады.

Мына аятты оқыңыз:

13:25 «Әділ жан тамағын тойып ішер, арамзаның қарны аш жүрер».

* Әділдерде әрдайым тамақ көп бола ма? (14)

* Арамзалар әрдайым тамақсыз қала ма? (15)

Әділдердің де аш қалатын кездері болатыны белгілі. Сондай қиын жайттардың басым көпшілігі адамдардың жасаған күнәларының кесірінен болады, мысалы: соғыс, үкіметтегі ашкөздік, біреудің отбасының ақшасын араққа жұмсауы және т.с.с. Біз әлі де Құдайға мойынсұнбайтын әлемде өмір сүріп жатырмыз ғой.

Дегенмен бұл аяттарда жағдайлар әдетте дұрыс сипатталған. Көне Келісімде, жалпы алғанда, әділдік халыққа жарылқау әкеледі, ал әділетсіздік мұқтаждыққа түсіреді. Бірақ Жаңа Келісімнен мынаны білеміз: Көне Келісімдегі осы жарылқаулар мен жазалар — Мәсіх Иса қайтып келген соң бізге берілетін мәңгілік жарылқаулар мен жазалардың алдын ала көрсетілген бейнесі. Біздің үмітіміз осы дүниелік игіліктерге негізделмеген.

Біздің өміріміз осында суреттелген жайлы жағдайға ұқсамаса, мынаны есте сақтауымыз керек: **осы аяттар орындалатын күн әлі алда**; сол кезде әділдер әрдайым тоқ жүретін болады.

* Бұл қашан болады? (16)

Жазбадағы кейбір жайттар қазіргі өмірімізге сай келмесе де, бұл ондағы ұлы даналықты үйренуіңізге кедергі болмауы тиіс!

* Жазбадағы бір аятта айтылған жайт өміріміздегі жағдайға сәйкес келмесе, нені естен шығармауымыз қажет? (17)

* Сіздің бұл жазбадағы ең жақсы көретін аятыңыз қандай?

Даналықты уағыздаушы

Уағ 1:1-14-аяттарды оқыңыз.

Бұл жазбада өмірдің мағынасы туралы талқыланған.

Оның не туралы екенін түсіну үшін жазбаны басынан аяғына дейін оқып шығу керек.

Оның басты тақырыбы мынау: **Құдаймен жүрмесек, өміріміздің мағынасы жоқ**. Онда еңбек етудің не керегі бар? Не үшін жақсы болуымыз керек? Не үшін басқаларға мейірімділік көрсетуіміз қажет?

Жазушы «барлығы да жел соңынан қуғандай бекершілік екен» деген пайымдауды жиі қолданған (мысалы: 1:14-аятта).



* Соның мағынасы не деп ойлайсыз? (18)

Жазбаның соңына қарай жазушы мынадай қорытындыға келген:

Уағ 8:15: *«Сондықтан мен адамға өмірдің қызығын көріп қалуға кеңес беремін, өйткені осы өткінші дүниеде пендеге ішіп-жеп, қуанышқа бөленуден артық ештеңе жоқ. Сөйтіп ол Құдайдың өзіне осы дүниеде өлшеп берген күндерінде ауыр еңбек еткенде қанағат табатын болады».*

Құдай бізге сыйлаған өмірге рақаттанғанымызды қалайды!

Бірақ кейде өмірдің мағынасыз екенін көреміз: күнде жұмысқа барып келеміз, күн сайын сол баяғы істерді қайталаймыз.

Ал өмірдің мағынасыздығы бізді Мәсіх Исаның қайта оралуын аңсауға ынталандыруы керек. Жаңа көк пен жаңа жер орнағанда өмір мағынаға толы және таңғаларлықтай тамаша болмақ! Осы күнәкар дүние біздің мәңгілік мекеніміз емес!

* Өмірдің мағынасыздығы бізді нені аңсауға ынталандыруы керек? (19)

Сүлейменнің таңдаулы әні

Осы жазбада ер мен әйелдің арасындағы махаббат туралы сөз болады. Ер мен әйелдің арасындағы жақсы қарым-қатынас — Жаратқан Иенің тамаша сыйы! Ол Жаратқан Иенің бізге деген сүйіспеншілігін еске салады!



* **Еф 5:22-23**-аяттарды оқыңыз. Неке бізге нені меңзейді? (20)

* **Аян 19:6-8**-аяттарды оқыңыз. Күйеу кім, қалыңдық кім? (21)

Ән 2:16 *«Сүйіктім менікі, ал мен онікімін».*

Бұл Мәсіх Иса және біз туралы да жазылған!

Бізді ешкім жақсы көрмейтін сияқты сезінсек те, Мәсіхтің бізді басқа ешкім сүймейтіндей сүйетінін білуіміз керек! Біз Мәсіхпен уақыт өткізгенде, Ол бізді Өзінің сүйіспеншілігіне кенелтеді, сол арқылы біз де басқаларға Оның сүйіспеншілігін көрсете аламыз.

Ән 4:1 *«Неткен сұлу едің, сүйіктім менің! Қандай көріктісің, қымбаттым, өзің»!*

Біз өзіміз туралы сұлу емеспіз деп ойласақ та, бәрібір Мәсіх үшін сұлу екенімізді ұмытпауымыз керек! Өзіміздің қаншалықты сұлу екенімізді түсінсек, басқаларға сүйіспеншілік, қамқорлық және құрмет көрсетуіміз арқылы олардың да қаншалықты әдемі екенін білдіре аламыз.

- * Мәсіх Иса сізге не дейді? (22)
- * Күйеуінің әйеліне деген махаббаты нені есімізге салады? (23)
- * Неке бізге нені меңзейді? (24)
- * Бізді ең жақсы деген жұбайдан да артық сүйетін Кім бар? (25)
- * Осы сабақтан Құдай туралы не білдік?

Жауаптар

1. Мақсаты: бізге даналық пен тағылым (тәлім) беріп, өсуге көмектесу.
2. Бәрімізге де даналық керек!
3. Жаратқан Иені терең қастерлеп, Оған мойынсұну.
4. Құдайдан безген надандар.
5. Бала әкесінің тәрбиесін тыңдап, шешесі берген тәлімнен де бас тартпауы керек.
6. Бала зұлымдармен уақыт өткізбеуі және олардың істерін істемеуі керек.
7. Мұндай жағдайда өз ақыл-санамызға ғана сүйенбей, Жаратқан Иемізге сенім артып, Оны мойындауымыз қажет. Сонда Ол бізді тура жолмен жетелеп, не істеу керектігін білдіреді.
8. Ақылдылар (даналар) және Құдайдан безген надандар.
9. Ол үйін өркендетер.
10. Оның ой-ниеті, сөздері мен іс-әрекеттері отбасының игілігі мен бірлігіне арналған.
11. Ол үйін өз қолымен күйретер.
12. Оның ой-ниеті, сөздері мен іс-әрекеттерінің кесірінен отбасы бақытсыз болып, береке жоғалады.
13. Оларда ақша, жұмыс, біз әңгіме қылатын нәрселер, үй-жай, достық, отбасы, әкімшілік, өмір жайындағы тақырыптар қозғалады.
14. Жоқ.
15. Жоқ.
16. Мәсіх Иса Өзіне сенушілерді көктегі мекеніне алып кету үшін қайта оралған кезде.
17. Осы аяттар орындалатын күн әлі де алда. Сол кезде Құдай Өзінің халқын біз көз алдымызға елестете алмайтындай жарылқайтын болады!
18. Құдаймен жүрмесек, өміріміз бос және мағынасыз.
19. Бізді Мәсіх Исаның көктен қайта оралуын аңсауға ынталандыруы керек.
20. Неке Мәсіх Иса мен сенушілер қауымы арасындағы тығыз байланысты меңзейді.
21. Күйеу — Мәсіх Иса, қалыңдық — сенушілер қауымы.
22. Сіз сұлусыз, көріктісіз!
23. Жаратқан Иенің бізге деген сүйіспеншілігін есімізге салады!
24. Мәсіх Иса мен сенушілер қауымы арасындағы тығыз байланысты меңзейді.
25. Мәсіх Иса!



23-сабақ: Солтүстік Израил мен Яһуда патшалықтарындағы пайғамбарлар

Забур жырлары және даналық туралы жазбалардан кейін Пайғамбарлар жазбаларының екінші бөлімі орналасқан.

Көне Келісімдегі пайғамбарлар қандай қызмет атқарған?

Пайғамбар — Жаратқан Ие Өзінің хабарларын адамдарға жеткізу үшін таңдаған адам. Көне Келісімде пайғамбарлардың көпшілігі Жаратқан Иенің халқына Оның еркін білдірген. Ал кейбір басқа пайғамбарлар, мысалы, Жүніс Жаратқан Иенің хабарын басқа халықтарға да жеткізген.

Ал жалған пайғамбар болса, Жаратқан Иенің хабарын емес, өзінің хабарын айтады. Шын пайғамбар Жаратқан Иенің хабарын жариялайды және сол әрқашан орындалады.

* Көне Келісімдегі пайғамбарлар қандай адамдар болған? (1)

Жаратқан Ие пайғамбарларды не үшін жіберген?

Ол пайғамбарларды мынадай мақсаттармен жіберген:

1. Халық Жаратқан Иенің Таурат заңына мойынсұнбай кеткенде оған **ескерту** үшін;
2. Жаратқан Иенің тек Өзінің халқын ғана емес, басқа халықтарды да **соттап жазалайтыны** жөнінде жариялау үшін.
3. Жаратқан Ие Өзінің халқын және басқа да халықтарды **жарылқайтынын** білдіру үшін.

* Жаратқан Ие қандай үш себеппен Өзінің халқына пайғамбарларды жіберген? (2)

- 1)
- 2)
- 3)

Сонымен қатар Жаратқан Ие пайғамбарлар арқылы Өзінің халқына тамаша уәделер берді:

- Жаратқан Ие Бабыл еліне жер аударылған яһуди халқын **Иерусалимге** қайтарады.
- Жаратқан Ие халықты **күнәларынан құтқаратын** Құтқарушыны жібереді.
- Жаратқан Ие Өзінің халқын **жұмақтағы мекеніне** бастап алып барады.

Көп жағдайда пайғамбарлар бұл уәделерді үш түрлі оқиғаға емес, бір-ақ оқиғаға қатысты болғандай етіп сипаттаған.

* Жаратқан Ие Өзінің халқына қандай тамаша уәделер берген? (3)

- 1)
- 2)
- 3)

Пайғамбарлар хабарларды кімдерге жеткізген?

Ошия, Амос, Жүніс Жаратқан Иенің хабарларын Солтүстік Израил халқына жеткізген.

Илияс пен **Еліше** де Оның хабарларын Солтүстік Израилге жетізген, бірақ олардың атымен жазып қалдырылған жазбалар жоқ.

Қалған пайғамбарлардың көпшілігі Оның хабарларын Яһуда халқына жеткізген.

* Солтүстік Израил халқына хабар жеткізген бір пайғамбарды мысалға келтіріңіз. (4)

* Қандай басты екі пайғамбардың өз атымен жазып қалдырған жазбалары жоқ? (5)


* Жаратқан Иенің пайғамбарларының көпшілігі Оның хабарларын қай халыққа жеткізген? (6)

Олар хабарларды қай заманда жеткізген?

Пайғамбарлардың хабарларын түсіну үшін олардың соларды қай заманда жеткізгенін білуіміз керек.

1. Кейбір пайғамбарлар **Яһуда халқы Бабылға жер аударылғанға дейін** хабарларды жеткізген. Мысалы, Ишая, Еремия.
2. Пайғамбарлардың кейбіреулері **Яһуда халқы Бабыл елінде тұрған кезде** хабарларды жеткізген. Мысалы, Даниял, Езекиел.
3. Басқалары **Яһуда халқының көбі өз еліне қайта оралғаннан кейін** хабар жеткізген. Мысалы, Хаққай, Зәкәрия және Малахи; олар Көне Келісімдегі соңғы үш жазбаны жазып қалдырған.

Пайғамбарлар алдын ала жеткізген хабарлар шынында орындалды!



- * Яһуда халқы Бабылға жер аударылғанға дейін хабар жеткізген бір пайғамбарды мысалға келтіріңіз. (7)
- * Яһуда халқы Бабылға жер аударылған кезде хабар жеткізген бір пайғамбарды мысалға келтіріңіз. (8)
- * Яһуда халқының көбі өз еліне қайта оралғаннан кейін хабар жеткізген бір пайғамбарды мысалға келтіріңіз. (9)

4 маңызды жыл

Уақыт сызбасына қараңыз.

1. **Б.з.д. 722 ж.** ассурлықтар Солтүстік Израил халқының көпшілігін Ассур еліне айдап әкетті. Содан кейін олар туралы хабар болмады.
2. **150 жыл өткеннен кейін (б.з.д. 586 ж.)** Бабыл әскері Иерусалим қаласын басып алып, киелі үйді қиратты және Яһуда халқының көпшілігін Бабыл еліне айдап әкетті.
3. **70 жыл өткеннен кейін (шамамен б.з.д. 500 ж.)** парсы патшасы Кир Бабыл патшалығын жеңіп, Жаратқан Иенің халқына өз еліне қайтуға рұқсат беретін жарлық шығарды.

Алайда Құдай халқының Оған адал болуы ұзаққа созылмады. 400 жыл бойы Жаратқан Ие пайғамбарлар жібермеді.

Ал Жаратқан Иеге адал болғандар Таурат, Забур және Пайғамбарлар жазбаларын оқығандықтан, Оның мынадай уәдесін білетін: бір күні Құдай жіберген Мәсіх келіп, оларды құтқаратын болады.

4. **Б.з. шамамен 0 ж.:** Мәсіх Иса дүниеге келді.
Ол Көне Келісімде айтылған барлық уәделерді орындайды!
Ол бізді мәңгілік мекенге апарды!

- * Ассурлықтар Солтүстік Израил халқын Ассур еліне қашан жер аударды? (10)
- * Бабыл әскері Яһуда елін қай жылы жаулап алып, киелі үйді талқандады әрі халықты Бабыл еліне айдап әкетті? (11)
- * Құдай халқына өз еліне қайтуға қашан рұқсат берілді? (12)
- * Мәсіх шамамен қай жылы дүниеге келді? (13)
- * Жаратқан Иенің Көне Келісімдегі уәделерін кім орындайды? (14)

Жер аударылу

Бұл — Едем бағындағы оқиғаның қайталануы.

- * Едем бағында не болған еді? (15)

Сол сияқты, Жаратқан Иенің халқы күнә жасағанда, Ол халықты өз жерінен және Өзінің қасынан қуып жіберген.

Олардың жер аударылудан тек ата мекендеріне ғана емес, Жаратқан Иенің қасына да қайта оралулары қажет болды.

Киелі кітаптағы ұлы әңгіменің жалпы тақырыбы мынау: біз Жаратқан Иенің алдында өмір сүру үшін қалайша Оған қайта орала аламыз? Яки қалайша Едем бағына қайта аламыз?

Бұл туралы Аян жазбасынан мынаны оқимыз:

Аян 21:3 *«Көктегі тақтан былай деген зор дауысты естідім: «Қараңдар, Құдайдың адамдар арасындағы тұрағы! Ол солармен бірге тұрып, олар Оның халқы болмақ. Осылай Құдайдың Өзі солармен бірге мекендеп, олардың Құдайы болады!»*

- * Біз ақырында Құдайдың алдындағы өмірге қашан қайта ораламыз? (16)
- * Киелі кітаптағы ұлы әңгіменің тақырыбы қандай? (17)
 - 1.
 - 2.
- * Біз қазір және мәңгілікте Құдаймен қарым-қатынаста болуға қалай орала аламыз? (**Жох 6:40**) (18)

Жаңа Келісім

Мәсіх Иса қайта тірілгеннен кейін, Өзін танымай қалған екі шәкіртімен сөйлесті.

«Сонда Ол:

— Ей, түйсіксіз, жүрегі шеменденген шабандарым-ай! Пайғамбарлардың алдын ала айтқандарының бәріне шын жүректен сенбегенсіңдер! Мәсіх Өзінің салтанатты ұлылығына енуінен бұрын осындай азаптарды көруге тиіс емес пе еді?! — деп, **оларға Мұса мен бүкіл басқа пайғамбарлардан бастап, Киелі жазбалардың бәрінде Өзі туралы айтылғандарды түсіндірді»** (Лұқ 24:25-27).

* Мәсіх Иса пайғамбарлар туралы не деді? (19)

Мәсіхтің құрбандық өлімі мен қайта тірілуі Құдайдың Өзіне қарсы шыққан адамзатты құтқару жайлы жоспарының бір бөлігі болды.

* **Ишая 55:12**-аятты оқыңыз: Ишая пайғамбар Құдайға бет бұрғандарға не деген? (20)

Өміріңді Жаратушыңа және Ол жіберген Мәсіхке бағыштаудан асқан қуаныш жоқ!

Құдай бізге әлі күнге дейін пайғамбарлардың жазбалары арқылы сөйлейді! Сондықтан уақыт бөліп, пайғамбарлар жазбаларын оқып шығыңыз.

Үй тапсырмасы

Ишая 40-55-тарауларды оқып шығыңыз.

Ишаяның Мәсіх туралы жазған сөздеріне көңіл бөліңіз.

Осы сабақтан Құдай туралы не білдік?

Жауаптар:

1. Олар Жаратқан Ие адамдарға Өзінің хабарын жеткізуге таңдаған адамдар болған.
2. Пайғамбарлардың міндеттері:
 - 1) халыққа ескерту;
 - 2) Жаратқан Иенің тек Өзінің халқын ғана емес, басқа халықтарды да соттап жазалайтыны жөнінде ескерту;
 - 3) Жаратқан Иенің Өзінің халқын да, басқа халықтарды да жарылқайтыны жөнінде айту.
3.
 - 1) Жаратқан Ие Бабыл еліне жер аударылған халқын Иерусалимге қайтарады.
 - 2) Жаратқан Ие халықты күнәларынан құтқаратын Құтқарушыны жібереді.
 - 3) Жаратқан Ие Өзінің халқын жұмақтағы мекеніне бастап алып барады.
4. Ошия, Амос, Жүніс.
5. Ілияс, Еліше.
6. Яһуда халқы.
7. Ишая, Еремия.
8. Даниял, Езекиел.
9. Хаққай, Зәкәрия, Малахи.
10. Б.з.д. 722 ж.
11. Б.з.д. 586 ж.
12. Б.з.д. шамамен 500 ж.
13. Б.з. шамамен 0 ж.
14. Мәсіх Иса!
15. Адам мен Хауа күнә жасағанда, Құдай оларды Едем бағынан және Өзінің қасынан қуып жіберді.
16. Мәсіх Иса қайта оралғанда, бізді Өзімен бірге Жаңа жаратылыста өмір сүру үшін алып барады.
17.
 - 1) Біз Жаратқан Иенің алдында өмір сүруге қалайша орала аламыз?
 - 2) Едем бағына қалайша орала аламыз?
18. Біз Құдайдың (рухани) Ұлы Исаға және Оның біз үшін істеген құтқару ісіне сенуіміз керек.
19. Мәсіх пайғамбарлардың Оның өліп, қайта тірілетіні жайлы алдын ала айтқандары туралы түсіндірді.
20. *«Сендер зор қуанышпен тұтқыннан босап шығып, жолдарыңда аман-есен жетеленетін боласыздар. Тау-төбелер алдарыңда ән шырқап, даладағы ағаштар сендерге қол соқпақ».*



24-сабақ: Ишая пайғамбар

Ишая пайғамбар Дәуіт патшаның заманынан 300 жыл өткеннен кейін өмір сүрген. (Бұл Мәсіхтің дүниеге келуінен 700 жыл бұрын болған.) Сол заманда Израил екі патшалыққа бөлінген еді.

* Бұл екі патшалық қалай аталады? (1)

Ишая Яһуда халқына Жаратқан Иенің хабарларын жеткізді.

Ассур патшалығының әскері жақында Солтүстік Израилді жаулап алмақ болды. Олар Яһуда патшалығын да жеңгілері келді. Бұл өте қиын заман еді!

Жаратқан Ие өз халқының кінәсін әшкерелеген

Ишая 1:1-2:5-аяттарды оқып шығыңыз.

* **1:1-4**-аяттар: Жаратқан Ие Өзінің халқына неге қаһарланды? (2)

1:5-9-аяттар: Ишая оларға мынадай ескерту жасады: Неге Жаратқан Иенің сендерді жазалап жатқанын түсінбейсіңдер? Халқымыз Оған қарсы шыққандықтан, жеріміз қаңырап бос қалған!

* Олар қалай азап шекті (7-аят)? (3)

* **1:10-15**-аяттар: Жаратқан Ие олардың құрбандықтары туралы не деді? (4)

* **1:15**-аят: Неге Құдай олардың мінажаттарына құлақ салмады? (5)

1:21-23-аяттар: Жаратқан Ие Өзінің халқын әйелі ретінде сипаттаған (**Иш 54:5**-аятқа берілген түсініктемені қараңыз).

* 21-аятта Ол Иерусалимді кіммен салыстырды? (6)

*24-аятта Жаратқан Ие Өзінің халқын кім деп атады? (7)

Жаратқан Ие Өзінің халқына қарсы күресетін болды!

* Жаратқан Ие мұның бәрін неліктен айтты? (8)

Киелі кітаптың басынан аяғына дейін мынаны байқаймыз: Құдай Ие киелі болғандықтан, күнә жасағандарды жазалауға тиіс. Бірақ Ол Өзінің халқын жақсы көргендіктен, олар теріс жолдан қайтса, Жаратқан Ие күнәларын кешіруге дайын тұрады.

* **1:16-20:** Жаратқан Ие оларға не істеу керек деп айтты? (9)

Жаратқан Ие – мейірімді Құдай!

Жаратқан Ие оларды кешіріп, күнәларынан тазартып, жарылқағысы келеді.

* Бірақ халықтың теріс жолдан қайтпағанын білеміз. Ақырында Жаратқан Ие не істеді? (10)

Алайда Құдай Ие Өзінің халқынан толықтай бас тартқан жоқ.

Ишаяның жазбасында Құдай Өзінің халқын Бабылдағы құлдықтан Иерусалимге қайтарамын деп уәде берді. (**Иш 40**-тарауды және **43:1-7**-аяттарды оқып шықтыңыз ба?)

Бірақ халықты Иерусалимге қайтарамын деген уәденің астарында жай Иерусалимге қайтудан әлдеқайда терең мағынасы бар екенін байқауға болады. Яғни, бұл уәде Жаратқан Иенің Өзінің халқымен Едем бағындағыдай тығыз қарым-қатынаста болатын Жаңа Иерусалимге де меңзейді.

* **Иш 2:1-4**-аяттарда Иерусалим қалай сипатталған? (11)

Бұл **Аян 21:10-11,22-27**-аяттарда сипатталған «Жаңа Иерусалимге» ұқсайды.

Ишая жазбасында сипатталған Мәсіх

Басқа пайғамбарларға қарағанда Ишая Мәсіх туралы алдын ала көбірек мәлімет берген.



Иш 52:13-53:12-аяттарды оқыңыз. Оларда Құдайдың азап шеккен Қызметшісі туралы жазылған.

Бұл мәтін құрылым жағынан бес бөлімнен тұратын жыр іспетті. Бес бөлімнің ең маңыздысы — ортаңғысы.

А. 52:13-15: Біздің күнәларымыздың кешірілуі үшін Құдайдың Қызметшісі азап шегеді, содан кейін Оның беделі артады.

Ә. 53:1-3: Қызметші қорлық көріп, ақыры азапты өлімге душар болады.

Б. 53:4-6: Оның өлуіндегі мақсат бізді Құдаймен татуластыру болды.

Ө. 53:7-9: Қызметші қорлық көріп, ақыры азапты өлімге душар болады.

А. 53:10-12: Біздің күнәларымыздың кешірілуі үшін Құдайдың Қызметшісі азап шегеді, содан кейін Оның беделі артады.

* Бұл мәтіннің ең маңызды бөлімі қайсысы? (12)

Осы мәтін арқылы Жаратқан Ие Өзінің халқына мына хабарды жіберген: Ол Өзінің Қызметшісін (Мәсіхті) жіберетін болады. Қызметшісі олардың күнәлары үшін жанын құрбандыққа береді, ал кейін Оның беделі артады; Ол азап шеккеннен кейін ұлылыққа кенелмек.

Иш 53:5: Оның жаралары арқылы сауықтық.

Көп адам бұл аятты дұрыс қолданбайды. Көне Келісімдегі бір аятты дұрыс түсіну үшін мына 2 қадамды жасау керек:

1. Біз аяттарды әрдайым өз контексінде (демек, өз тарауынан ажыратпай) оқуымыз керек. Бір аятты дұрыс түсіну үшін оған дейінгі және одан кейінгі аяттарды да оқу қажет.

* Біз неден сауықтық? (13)

2. Бұл аят туралы Жаңа Келісімде не айтылғанын және Мәсіх Иса осы тақырып жөнінде не айтқанын біліп алуымыз керек.

Пет1 2:24-25 «Біз күнәнің құлдығынан босатылып, әділ өмір сүре алуымыз үшін Мәсіх айқыш ағашта күнәларымыздың айыбын өз денесінде көтеріп тұрды. Осылай **Оның жаралары арқылы сауықтыңдар**. Өз бетімен жүріп, адасып кеткен қой сияқты едіңдер, ал қазір өздеріңді бағып жетелеп, жандарыңды қорғап жүретін «Бағушыларыңа» қайта оралдыңдар».

* Петір елшінің «Оның жаралары арқылы сауықтыңдар» дегені нені білдіреді? (14)

Мәсіх Иса да күнәнің ауруға ұқсайтындығы туралы айтып өткен.

Лұқ 5:31-32 «Иса оларға былай деп жауап берді:
— Дәрігер дені сауға емес, ауру адамға қажет. Мен «әділдерді» емес, күнәкарларды теріс жолдан қайтуға шақыру үшін келдім».

* Иса «аурулар» деп кімдерді айтқан? (15)

Осы аяттарды мұқият зерттегенде, мына қорытындыға келеміз: олар «Мәсіх бізді барлық ауру-сырқаудан сауықтырады» деген уәде емес. Керісінше, бұл аяттарда содан әлдеқайда маңызды нәрсе жайлы, яғни, күнәларымыздың кешірілгені және Құдайдың Қызметшісі — Мәсіх Иса біздің Құдаймен қарым-қатынасымызды мәңгілікке қалпына келтіргені туралы игілікті хабар берілген.

Құдай Ие біздің мінажаттарымызға жауап бергенді жақсы көреді. Оған мүмкін емес нәрсе жоқ екендігін білеміз. Ол бізді сауықтырғанда зор қуанышқа кенелеміз.

Құдай Ие бізге қазір құтқарылу (яғни, кешірім және Онымен қарым-қатынас) сыйлауға, ал көктегі «Жаңа Иерусалимде» денемізді ауру-сырқаудан толық азат етуге уәде еткен (**Қор1 15:42-44; Аян 21:4**-аяттарды оқыңыз).

Қазіргі заманда Ол бізді әрдайым сауықтыра бермейді. (**Қор2 12:7-10**-аяттарды оқыңыз. Олар бойынша, Құдай Пауыл елшінің сол ауруын сауықтырмады!)

Иш 53:5 әрі Пет1 2:24-25-аяттарды Құдай бізді міндетті түрде барлық аурудан сауықтырады дегенді білдіреді деп түсіндірген дұрыс емес.

* «Оның жараларының арқасында біз (рухани дертімізден) сауықтық» дегеннің мағынасы не? (16)

* Ишая пайғамбардың жазбасынан қандай аятты есте сақтағыңыз келеді?

* Оны бүгін кіммен бөлісе аласыз?

Жауаптар:

1. Солтүстік Израил және Яһуда.
2. Олар Жаратқан Иеге шын жүректен мойынсұнбады.
3. Жау олардың қалаларын қиратып, егіндіктердегі өнімді алып кетті.
4. Жаратқан Иеге олардың құрбандықтарынан мезі болды, себебі олар зұлымдық жасап, Оған шын жүректен мойынсұнбады.
5. *«Қолдарың жазықсыз адамдардың қанымен былғанған»*. Олар жазықсыз қан төгетін! Жаратқан Ие зұлым адамдардың мінажаттарына құлақ салмайды.
6. Оны опасыз әйелмен салыстырды!
7. Халықты «дұшпандарым» деп атады!
8. Себебі Оның халқы теріс жолдан қайтпады.
9. Олар теріс жолдан қайтып, Құдайдың жолына түсулері керек болды.
10. Олардың Бабыл еліне жер аударылуына жол берді.
11. Иерусалимдегі Сион тауы дүниедегі ең басты тау болады; көп адам сонда келіп, Құдайға бағышталып өмір сүруді үйренеді. Бәрі бейбіт өмір сүреді.
12. Оның құрбан болуының себебі бізді Құдаймен татуластыру болды.
13. Біз күнәлармыздан «сауықтық», яғни, арылдық.
14. Мәсіх Иса біз үшін азап шегіп, өмірін құрбан еткендіктен, күнәларымыз кешірілді.
15. Күнәкарлар.
16. Күнәларымыз кешіріледі және Құдайдың Қызметшісі Құдаймен қарым-қатынасымызды мәңгілікке қалпына келтіреді!



25-сабақ: Нехемия

Жағдай

Б.з.д. 586 ж. Бабыл патшалығы Яһуда патшалығын жаулап алып, Иерусалимдегі киелі үйді қиратып, Құдайдың халқын Бабыл еліне айдап әкетті.

70 жыл өткеннен кейін парсы әскері Бабыл патшалығына қарсы соғысып, оны жеңді.

Бұл шамамен **б.з.д. 500 ж.** болды.

Парсы патшасы Кир Жаратқан Иенің халқына Иерусалимге қайта оралып, киелі үйді қайтадан тұрғызуға рұқсат берген жарлық шығарды.



Жер аударылу!

Шежірелер туралы 2-ж. (Шеж2) 36:15-23-аяттарды оқыңыз.

- * Құдайдың халқы Оның пайғамбарлары арқылы жеткізген хабарларға қалай жауап берді? (1)
- * Яһуда халқына не болды? (2)
- * Киелі үйде болған бұйымдарға не болды? (3)
- * Киелі үйге не болды? (4)
- * Иерусалимді қоршаған қабырғаларға не болды? (5)

Құдайдың қаласын қайта салу

Езраның жазбасынан Бабылдағы құлдықтан қайта оралған көптеген яһудилердің Иерусалимдегі киелі үйді қайтадан тұрғызғандары туралы оқимыз.

Нехемия жазбасынан содан кейін не болғанын білеміз. Бұл оқиғалар **б.з.д. 445 ж.** орын алған.

Нех 1-тарауды оқып шығыңыз.

* **3-аят:** Нехемия қандай хабар алды? (6)

* **4-аят:** Сіздің ойыңызша, ол неге сонша қайғырды? (7)

Сол жағдайда яһудилер сиынатын «көктегі Құдай — Жаратқан Ие» Өзінің халқын қорғай алмайтын әлсіз сияқты болып көрінді.

* **5-аят:** Нехемия Жаратқан Ие туралы не білді? (8)

* **6-7-аяттар:** Нехемияның мінажатында қандай таңғаларлық жайттар бар? (9)

Нехемияның бойынан Мәсіхтің кейбір қасиеттері көрінеді. Ол кінәлі болмады, бірақ халықтың күнәларын өзі жасағандай мойнына алды. Бұл жағынан ол Ишая 53:5-6-аяттарда сипатталған Құдайдың Қызметшісіне ұқсайды.

* **8-9-аттар:** Нехемия Таураттан не түсінді? (10)

Нехемия мұның бәріне Жаратқан Иенің жол бергенін түсінді. Алайда бұл түсініктің өзі жеткіліксіз болды. Жаратқан Иенің беделі әлі де қалпына келтірілмеген еді.

Сол уақытта Нехемияның сарайда атқарған қызметі мен лауазымы жоғары болды. Ол жайлы өмір сүріп, Иерусалимнің жағдайына бас ауыртпаса да болатын еді. Бірақ ол Жаратқан Иенің оны Иерусалимді қайта салуға, әсіресе, оның қабырғаларын қайта тұрғызуға қолданғысы келетінін түсінді. Иерусалим ерекше маңызды қала болатын. Өйткені Жаратқан Ие ондағы киелі үйді мекендеп, халқының арасында болуға уәде еткен еді. Яғни, Жаратқан Ие Өзінің есімін сонда орнатқан еді (1:9).

Сол сияқты, өмір тамаша деп, қазір тұрып жатқан жайлы жеріңіз бен табысты жұмысыңыздан ешқайда кеткіңіз келмеуі мүмкін. Бірақ Жаратқан Ие сізді басқа жерде қауым орнатуға немесе нығайтуға жіберсе, Оған мойынсұнғаныңыз маңызды.

Нехемия қираған қаланы ғана тұрғызып қойған жоқ, ол Құдайдың күйреген халқын да қалпына келтіруге үлесін қосты.

* Халық қалай күйреді? (11)

Халық үмітсізденіп, әбден күйзелді.

Сонымен Нехемия Құдай халқына қабырғаларды қайта тұрғызуға және Құдайға деген сенімдерін қалпына келтіруге Иерусалимге аттанды.

Жақсы жетекші

Нех 4-тарауды оқыңыз.

* Нехемияның халықты қалай жетелегенінен қандай сабақ ала аламыз? Ол өзінің халқын қалай жетелегені туралы 7 жайтты тауып, сипаттаңыз. (12)

- 1.
- 2.
- 3.
- 4.
- 5.
- 6.
- 7.

Нехемия үшін жақсы жетекші болу оңай болған жоқ. Ол қабырғаны тұрғызу барысында көп қиындықпен бетпе-бет келді. Халықтың жаулары оларды қорқытып, тіл тигізді. Әйтсе де Жаратқан Ие Нехемияға адамдарды жетелеуге көмектесті. Осылайша жұмыс әрі қарай жалғасып, аяқталды!

* **6:15:** Қабырға туралы не жазылған? (13)

Бірақ Нехемияны тек қаланың жағдайы ғана емес, адамдардың Жаратқан Иемен қарым-қатынасы да толғандырды.

* **8:1-3:** Езра не істеді? (14)

* **10:28-29:** Адамдар не істеді? (15)

Бұл Жаратқан Иенің халқы үшін жаңа бастама болды! Олар Оның сөзін тыңдап, оны орындауға уәде берді.

Нехемия бүгінгі қауым жетекшілері үшін керемет үлгі болып табылады!

Көне Келісімнің соңы:

Біз Көне Келісімнің соңына таяп қалдық.

* Жар 12:1-7: Жаратқан Ие Ыбырайымға қандай уәделер берген? (16)

* Көне Келісімнің соңында Жаратқан Иенің Ыбырайымға берген уәделерінің қаншасы орындалды? (17)

* Мұның себебі қандай? (18)

Бұрын Жаратқан Иенің халқы мықты, олардың саны көп және өзінің жері болған еді. Ал енді олар әлсіз, саны аз және бөтен елдің патшасына бағынышты болды.

* Ендеше Жаратқан Иенің халқы қайдан үміт таба алар еді? (19)

Киелі кітапты оқып жүргендер үміт бар екенін білді. Олар Құдай бір күні Мәсіхті жіберетінін және Мәсіхтің мыналарды істейтінін түсінді:

- Ол адамдардың жүректерін өзгертеді (Езк 36:26).
- Ол адамдарды күнәларынан құтқарады (Иш 53:5-6).
- Ол халықтарға мәңгілік билік құрады (Даниял 7:13–14).

* Мәсіх қалай үміт сыйлайды? (20)

- 1.
- 2.
- 3.

Мәсіх Жаратқан Иенің Ыбырайымға берген уәделерін толық орындайтын болады.

Көне Келісімнің бізді Жаңа Келісімге қалай дайындайтынын түсіндіре аласыз ба?

Жауаптар:

1. Халық Оның хабарларына құлақ аспады.
2. Жау халықтың көбін өлтірді немесе Бабыл еліне жер аударды.
3. Жау киелі үйді тонап, ондағы бағалы бұйымдарды Бабылға алып кетті.
4. Жау киелі үйді талқандап, өртеп жіберді.

5. Жау Иерусалим қамалының қабырғаларын қиратып тастады.
6. Тұтқыннан Яһудея аймағына (Яһуда еліне) оралған адамдардың жағдайы өте мүшкіл болды. Иерусалимді қоршаған қабырға қиратылған, қақпалары өртенген еді.
7. Жаратқан Иенің қаласы қиратылғандықтан, адамдар Оған құрмет көрсетпеді.
8. Көктегі Құдай — Жаратқан Ие. Ол — ұлы да айбынды Құдай. Жаратқан Ие Өзін сүйіп, өсиеттерін ұстанатындарға берік мейірім көрсетеді.
9. Нехемияның өзі ата-бабалары Құдайға қарсы жасаған күнәларына қатысы болмаса да, «олар күнә жасады» деп емес, «біз күнә жасадық» деп мінажат етті.
10. Нехемия Жаратқан Иенің егер халқы Оған адал болмаса, оларды жазалайтынын алдын ала ескерткендігін білді. Нехемия Құдайдың өз халқын еліне қайтып әкелетіні туралы берген уәдесі бар екенін де білді.
11. Халық жасаған күнәлары үшін Бабылға жер аударылған еді. Олар енді еліне қайта оралған болса да, Жаратқан Иенің қаласын және Оның беделін қалпына келтірмеген еді.
12. 1) Ол өзіне қарсы шыққандарды тыңдамады.
2) Ол Құдайға мінажат етті.
3) Ол ақылды, тиімді шешімдер қабылдады (жұмысшылардың жартысы жұмыс істеді, ал қалғандары оларды қорғап тұрды).
4) Ол біреуге көмек керек болғанда не істеу керектігі туралы жоспар құрды (көмек керек болғанда, керней тартылатын болды).
5) Ол адамдарға Жаратқан Иенің кім екендігін еске салып жігерлендіріп отырды.
6) Ол әрқашан өзінің емес, Жаратқан Иенің даңқын арттыру жайлы ойлады (1:11-аятты да қараңыз).
7) Өзі де ынтамен еңбек етіп, басқаларға үлгі көрсетті.
13. Қабырға 52 күнде қалпына келтірілді!
14. Езра жұрттың алдында Тауратты дауыстап оқып берді.
15. Олар Құдайға мойынсұнуға уәде берді.
16. Халық, жер және ол арқылы барлық халықтардың жарылқанатыны туралы уәде берді.
17. Құдай Ыбырайымның ұрпақтарын үлкен халыққа айналдырып, оларға меншікке жер сыйлады. Оларға мінсіз заңдар мен ережелер де берді; олар бұлар арқылы басқа халықтарға үлгі бола алды.
18. Құдайдың халқы жалған тәңірлерге табынып, Оның заңына мойынсұнбай бәрін бүлдірді.
19. Құдайдың сөзінен!
20. 1) Ол адамдардың жүректерін өзгертеді (Езк 36:26).
2) Ол адамдарды күнәларынан құтқарады (Иш 53:5-6).
3) Ол халықтарға мәңгілік билік құрады (Дан 7:13-14).

26-сабақ:

Киелі кітаптағы ұлы әңгімені 8 суретпен сипаттау

Киелі кітаптағы ұлы әңгімені қайталау мақсатында мына суреттерді қолданамыз. Олармен басқаларға Құдайдың Киелі кітаптағы хабарлары туралы түсіндіре аламыз.

Енді бірінші сурет жайлы жазылған мәліметті бірге оқимыз. Сосын топтағы біреу сөздерге қарамай бұл мәліметті қайталайды. Содан кейін екінші сурет туралы жазылған мәліметті бірге оқимыз, сосын оны басқа адам дәл солай қайталайды. Осылайша барлық 8 суреттегі мәліметтерді оқып, мазмұнын қайталаймыз. Сөйтіп соңына жеткен соң, топтағы барлық адам 8 суретті сөздерге қарамай қайталап айтып береді.



1. Жаратылыс

Құдай Ие бәрін тамаша етіп жаратты. Оның Өзі алғашқы адамдар — Адам атамен және Хауа анамен Едем деп аталатын әдемі бақта уақыт өткізді.



2. Күнәнің пайда болуы

Адам мен Хауа Құдай Иеге емес, шайтанға мойынсұнды. Сол себепті олар Құдайдың жарылқауларынан, соның ішінде мәңгілік өмірден, айырылып қалды.

Суреттегі жебе тәрізді көрсеткі Құдайдың оларды Едемнен және Өзінің қасынан қуып шыққанын білдіреді.

Сол кезден бастап адам баласының жан дүниесінде қайтадан Құдаймен қарым-қатынасты аңсайтын тілек болып келеді.



3. Уәде



Жаратқан Ие Ыбырайымға оның Өзіне ерекше жақын **халықтың** түп атасы болатыны жайлы уәде берген. Ол Ыбырайымға сол халыққа **жер** беретіні және Өзінің бұл жерде олармен бірге тұратыны жөнінде де уәде еткен.

Сонымен қатар Жаратқан Ие Ыбырайымға ол арқылы бар ұлттарды **жарылқайтыны** туралы да уәде берген (Жар 12:2-3).

Суреттегі тәж Жаратқан Иенің оларға мейірімді Патша болатынын бейнелейді. Кемпірқосақ Жаратқан Иенің берген уәдесінде тұратынын сипаттайды (салыст. Жар 9:13-16). Оған әрқашан сенуіңізге болады!

4. Көшіп шығу



Құдайдың халқы бөтен ел — Мысырда құлдыққа түсті. (Суреттегі пирамидалар Мысырды білдіреді.)

Көрсеткі Жаратқан Иенің оларды Мысырдағы азапқа толы құлдықтан алып шыққанын бейнелейді.

5. Жер



Құдай Өзінің халқын уәделі жерге апарды. Олар сонда тұрған азғын Қанахан халқын жеңді.

Жаратқан Ие Өзінің халқын жарылқады, бірақ олар жалған тәңірлерге табына бастады. Жаратқан Ие оларға көп рет ескерту жасап отырды, ақырында олардың жер аударылуына жол берді. Кейін Ол халқына уәделі жерге қайта оралуға мүмкіндік берді. Бірақ олар бәрібір Жаратқан Иенің заңдарына мойынсұнбай, күнә жасауды жалғастыра берді.

Оларға күнәнің құлдығынан құтқаратын Құтқарушы керек болды. Олар әділ билік жүргізетін Патшаға мұқтаж еді. Жаратқан Ие оларға бір күні сондай Біреуді — Мәсіхті жіберетіні жайлы уәде еткен.

Олардың бәрі бірдей Құдайды ұмытқан жоқ. Мәсіх Иса дүниеге келгенде, Яһудея Рим патшалығының бір аймағы еді. Құдайға сенім артқандар Ол жіберемін деп уәде еткен Құтқарушы Патшаны күтіп жүрді. Солардың арасында Шимон мен Анна болды (Лұқ 2:25-38).

6. Мәсіх Иса

Жаратқан Ие Құтқарушыны жіберемін деген уәдесін орындады! Мәсіх Иса осы дүниеге келіп, күнәларымыздың құнын біржолата өтеу үшін өмірін айқыш ағашта құрбан етті. Содан кейін Мәсіх өлімнен қайта тірілді. Бұл жайт Оның өлімді жеңгенін дәлелдейді! Енді әрбір адам Жаратқан Иемен қайтадан татуласа алады!



7. Мәсіхтің қайта оралуы

Мәсіх қазір көкте.
Көрсеткі Оның ақырзаманда жер бетіне қайта оралатынын бейнелейді. Ол күнәкар адамзатқа үкім шығарып, ескі жерді жоятын болады.



8. Жаңа жаратылыс

Мәсіхке сенуші бәріміз сол заманда Құдай Иемен жаңа «мәңгілік уәделі елде», яғни, Жаңа жаратылыста өмір сүретін боламыз!



Көне Келісімнен Құтқарушының бізге не үшін керек екенін білеміз: бәріміз күнәкармыз. Жүрегіміз күнәмен әбден бүлінген.

Жаратқан Иені барған сайын жақынырақ тануымыз үшін Көне Келісім мен Жаңа Келісімнің екеуін де, яғни, бүкіл Киелі кітапты үнемі оқығанымыз өте маңызды.

Бір-біріңіз үшін мінажат етіп, Жаратқан Ие сіздерге осы аптада бұл суреттерді біреумен бөлісуге мүмкіндік жасап беруін өтініңіздер.



27-сабақ: Құдай Адам болып дүниеге келді

Матай және Лұқа өздерінің Ізгі хабарларының басында Исаның дүниеге келуі туралы баяндаған.

Оның ата-анасы

Мат 1:18-25-аяттарды оқыңыз.

* 18-аятта қандай таңғаларлық оқиға туралы баяндалған? (1)

Бұл — адамзат тарихында бір-ақ рет болған оқиға!

Исаның анасы адамнан туған пәк қыз болды. Ал Исаның жер бетіндегі әкесі болған жоқ. Мәсіх Иса толық Адам және толық Құдай болды. Жаратқан Ие мұны керемет жолмен іске асырды. Мәсіх Иса — осы дүниеге келген Құдайдың Өзі!

* Мәсіх Исаның шынымен Адам болғаны туралы Ізгі хабарларда қандай дәлелдер бар?

Мына аяттарды оқыңыз: **Мат 21:18; Жох 19:28; Жох 4:6; Мар 4:38; Жох 11:35; Жох 19:34; Жох 19:33** (2)

* Мәсіх Исаның шынымен Құдай болғаны туралы Ізгі хабарларда қандай дәлелдер бар?

Мына аяттарды оқыңыз: **Мар 1:33-34; Мар 5:41-42; Мар 6:48; Мар 4:39** (3)

* Мәсіх Исаның пәк қыздан туылғаны бізге Ол жөнінде нені көрсетеді? (4)

* **Иш 7:14**-аятты оқыңыз. Мұнда Ишая пайғамбар қандай хабарды алдын ала жариялады? (5)

Мәсіх Исаның дүниеге келуінен жүздеген жыл бұрын Құдай Оның пәк қыздан туылатыны жөнінде айтқан болатын!

Оның туған жері

Лұқ 2:1-20-аяттарды оқыңыз.

* Жүсіп пен Мәриям қайда тұрған еді? (6)

* Мәсіх Иса қайда дүниеге келді? (Лұқ 2:4-6-аяттарды қараңыз.) (7)

* Мәсіхтің ата-анасы Назаретте тұрса да, Ол неліктен Бетлехемде дүниеге келді? (8)

* Киелі кітап бойынша, тағы кім Бетлехемде дүниеге келген еді? **Пат1 17:12**-аятты оқыңыз. (9)

* **Пат2 7:12,13,16**-аяттарды оқыңыз. Құдай Дәуітке қандай уәде берген? (10)

* **Мат 1:1-16**-аяттарды оқыңыз. Осы үзіндіде Мәсіх Исаның шыққан ата-тегі берілген. Мұндағы 6-аятта Оның қай ата-бабалары аталған? (11)

Дәуіттің ұрпағынан көптеген жылдар бойы патша шықпаған еді.

* **Лұқ 2:10-11**-аяттарды оқыңыз. Мұнда періштелер малшыларға не деді? (12)

* **Мих 5:2**-аятты оқыңыз. Миха пайғамбар осы аятта Жаратқан Иенің қандай хабарын жазып қалдырған? (13)

* Исаның қайда дүниеге келгені неге маңызды? (14)

Тіпті Исаның дүниеге келген жерінің өзі — Оның Мәсіх екендігінің бір дәлелі!

Мәсіх Иса — біздің үлгіміз!

* **Евр 4:15**-аятты оқыңыз. Мәсіх Исаның шынымен Адам болғаны бізді қалай жігерлендіре алады? (15)

* Мәсіх Исаның тарихта өмір сүрген кез келген басқа адамнан айырмашылығы қандай? (16)

Иеміз Иса адам болып өмір сүрудің қаншалықты қиын екенін түсінеді. Ал Оның өмірі бізге мүлтіксіз үлгі болып табылады.

Ғал 5:22-23-аяттарды оқыңыз. Мәсіх Исаның мінез-құлқының қандай екенін Киелі Рухтың жемісі берілген осы тізімнен байқауға болады.

* Мәсіхтің мінез-құлқы қандай болды? (17)

Біз Мәсіх Исаның шәкірті ретінде Оның жолымен жүргенде, барған сайын Оған ұқсай түсеміз. Мәсіхпен тығыз байланыста жүргеніңіз басқаларға байқала ма? Өміріңіздің қай жақтарын Мәсіх Исадан өзгертуін сұрауыңыз керек?

Жауаптар:

1. Мәриям пәк қыз болғанмен, Киелі Рухтың құдіретімен аяғы ауыр болды.
2. Мәсіх Исаның қарны ашты, Ол шөлдеді, шаршап, ұйықтады, көзіне жас алды, азап шекті және ақырында өлді.
3. Мәсіх жындарды құды, ауруларды сауықтырды, өлгендерді тірілтті, су бетімен жүрді және дауылды тыныштандырды.
4. Мәсіх Иса толық Адам және толық Құдай болды!
5. *Пәк қыз құрсақ көтеріп, Ұл туады. Оған «Имануил», яғни, «Құдай бізбен бірге» деген ат қояды.*
6. Назареттен.
7. Бетлехемде.
8. Себебі Оның ата-анасына сол жерге барып, тіркелу керек болды.
9. Дәуіт патша.
10. Жаратқан Ие Дәуіттің ұлының патшалық билігін нығайтып, патшалық тағын мәңгілікке орнататын болады. Дәуіттің ұрпақтарының патшалық тағы дәйім тұрақты болмақ.
11. Есей, Дәуіт патша және Сүлеймен патша.
12. *«Бүгін Дәуіттің қаласында сендердің Құтқарушыларың дүниеге келді, Ол — Иеміз Мәсіх».*
13. Израилге басшылық ететін Көсем Бетлехемнен шығатын болады.
14. Мәсіх дүниеге келеді деп Құдай алдын ала айтқан жер Бетлехем болған.
15. Мәсіх біздің осал жақтарымыз бен өтетін сынақтарымызды түсінеді.
16. Мәсіх еш күнә жасаған емес!
17. Мәсіх сүйіспеншілік, қуаныш, тыныштық, шыдамдылық, ізгілік, қайырымдылық, сенімділік, кішіпейілдік және ұстамдылық қасиеттеріне толы болды.



28-сабақ: Мәсіх

Мәсіх Өзінің қызметін бастады!

Мәсіх Исаның өмірі туралы төрт баяндаманың алғашқысы Марқа жазған Ізгі хабар болған. Соның бірінші тарауында орын алған оқиғаларға назар аударайық.

- * **Мар 1:1**-аятты оқыңыз. Марқаның жазғаны бойынша, Иса кім? (1)
- * **Мар 1:11**-аятты оқыңыз. Иса шомылдыру рәсімінен өткенде, Құдай Оны кім деп атады? (2)
- * **Мар 1:16-20**-аяттарды оқыңыз. Иса: «Соңымнан еріңдер!» — деп шақырған адамдар бірден не істеді? (3)
- * **Мар 1:22**-аятты оқыңыз. Жұрт Исаның берген тәлімі туралы не ойлады? (4)
- * **Мар 1:24**-аятты оқыңыз. Жын Исаны кім деп атады? (5)
- * **Мар 1:25-26**-аяттарды оқыңыз. Иса жынға: «Үніңді өшір, шық одан!» деп бұйырғанда, не болды? (6)
- * **Мар 1:32-34**-аяттарды оқыңыз. Иса не істеді? (7)

Бірінші тараудан-ақ Исаның істері Оның Құдайдың (рухани) Ұлы — Мәсіх екенін дәлелдегенін байқаймыз!

Лұқа жазған Ізгі хабардың төртінші тарауында Исаның өскен қаласына қайта оралғанда не болғаны жөнінде баяндалған.

Көне Келісімде алдын ала сипатталған Тұлға

Лұқ 4:14-21-аяттарды оқыңыз.

* Көне Келісім заманында Құдай халқы Кімнің келуін күтті? (8)

* Ол не істейтін болды? (**Жар 3:15**) (9)

* Ол тағы не істейтін болды? (**Жар 12:3**) (10)

* Лұқ 4:14-21-аяттарда сипатталған адамдар Исаның Өзі өскен аймаққа қайтып келгеніне неге риза болды? (11)

Олар демалыс (сенбі) күні яһудилердің мәжілісханасына жиналды. Олар Исадан тәлім беруді өтінді.

* Иса қай пайғамбардың жазбасынан үзінді оқып берді? (12)

Бұл үзіндіде Жаратқан Ие Өзінің Рухын қондырып, кереметтер жасау үшін тағайындаған Біреу туралы жазылған. Ондағы «тағайындау» сөзін «май жағу рәсімін жасау» деп те аударуға болады.

* Көне Келісім заманында адамдарға қандай мақсатпен май жағу рәсімі жасалатын? (13)

Сол заманда Жаратқан Ие бір адамды ерекше тапсырманы орындауға таңдағанда, оған май жағу рәсімі жасалатын. Ишая пайғамбар бір күні Жаратқан Ие тағайындаған Біреу келетіні жөнінде алдын ала жазған еді; Ол басқалар атқара алмайтын ерекше бір тапсырманы атқаратын болды.

* **Лұқ 4:18-19**-аяттарда адамдардың 4 түрі сипатталған; бұлар кімдер? (14)

- 1.
- 2.
- 3.
- 4.

Мәсіх Исаның осы арқылы не айтқысы келгені туралы ойланып көрейік.

Жарлылар

Мәсіх Иса жарлылар туралы Ізгі хабарлардың тағы екі жерінде сөз қозғаған.

Лұқ 6:20-21:

*Жарлылар, сендер бақыттысыңдар: Құдайдың Патшалығы өздеріңе арналған!
Қазір ашыққандар, сендер бақыттысыңдар: себебі тойынатын боласыңдар!
Қазір қайғырып жылағандар, сендер бақыттысыңдар: себебі қуана күлетін боласыңдар!*

Мат 5:3 «Құдай алдында құр алақан тұрғандар бақытты: Құдайдың Патшалығы сондайларға арналған»!

* Сонымен Ізгі хабарларда жарлылар деп кімді айтады? (15)

Байларға қарағанда, жарлылар өздерінің Құдайға мұқтаж екендіктерін көп жағдайда жақсырақ түсінеді!

Тұтқындар

Көне Келісімнен Құдай халқының өзінің күнә жасап, Оған мойынсұнбауын доғара алмағанын көрдік. Олар күнәнің тұтқыны болып, бостандықтан айырылған еді.

* Оларды «тұтқындыққа» түсірген кім? (16)

Алайда Ишая пайғамбар алдын ала айтқан Адам оларды шынымен азат етпек! Ол тұтқындарды шайтан мен күнәнің билігінен құтқармақ!



Соқырлар

* **Жох 9**-тарауда Мәсіхтің соқыр адамды сауықтырғаны жөнінде баяндалған. **9:39**-аятта Мәсіх не деген? (17)

* Сонымен «соқырлар» деген кімдер? (18)

Олар өздерін жақсымын деп санайды. Ал Мәсіх олардың күнәкарлығы мен Құдайға қарсы тұрып жатқандығын ашық көрсетті.

Езілгендер:

* Езілген сөзі нені білдіреді? (19)

* Кімдер мейірімсіз патшаның билігінде жапа шегіп жүр? (20)

Әрбір адам баласы құтқарылмайынша, шайтанның құлдығында азап шегеді. Шайтан — мейірімсіз патша!

* Жарлыларға кім керек? (21)

* Күнәнің тұтқындарына кім керек? (22)

* Соқырларға кім керек? (23)

* Езілгендерге кім керек? (24)

* **Лұқ 4:21**-аятта Иса жиналған адамдарға не деді? (25)

- Халық көптен бері күткен Құтқарушы Мәсіх келген еді!
- Осылайша Жаратқан Ие Ыбырайымға берген уәдесін орындады!
- Жаратқан Ие жіберуге уәде еткен Адам — Мәсіх Иса!
- Мәсіх Өзінің Кім екендігін көрсету үшін көптеген кереметтер жасап, көп ауру адамды сауықтырды.
- Бірақ Мәсіх бізге кереметтерден әлдеқайда жақсы нәрсе беру үшін келген. Ол бізді күнә, өлім және шайтанның тұзағынан азат ету үшін келді!
- Ең тамаша хабар — осы!

* Мәсіх Иса не үшін келді? (26)

Адамдар Оны қабылдай ма?

Лұқ 4:28-30-аяттарды оқыңыз.

* Адамдар Мәсіхтің уағызына қалай жауап берді? (27)


Дүние Мәсіхті сүйетіндер мен Оны жек көретіндер болып екіге бөлінеді. Адамдар бізді Мәсіхті сүйгеніміз үшін жек көрсе, оған таңғалудың қажеті жоқ.

Егер Мәсіх Иса Құдай жіберуге уәде еткен Құтқарушы болса, онда тіпті басқалар бізді ұнатпайтын болса да, Ол бәрінен қымбат.

* Сонымен Иса Кім? Біз бүгін Ол туралы не білдік?

Жауаптар:

1. Мәсіх, Құдайдың (рухани) Ұлы.
2. Мәсіх — Құдайдың сүйікті (рухани) Ұлы; Құдай Оған толықтай риза.
3. Олар бәрін тастап, Исаға шәкірт болып ерді.
4. Жұрт Оның тәліміне қатты қайран қалды.
5. Құдайдың Киелісі.
6. Жын сол адамды қалшылдатып, қатты дауыспен айқай салып, денесінен шығып кетті.
7. Ол талай науқастарды сауықтырып, көптеген жындарды қуып шығарды.
8. Олар Құтқарушы Мәсіхті күтті.
9. Ол шайтанды жеңетін болады.
10. Бар ұлттар Ол арқылы жарылқанады.
11. Себебі олар Оның Өзі және Оның жасаған кереметтері туралы көп естіген еді.
12. Ол Ишая пайғамбардың жазбасынан оқып берді (Иш 61:1-2).
13. Осы рәсім жаңа патшаны және бас діни қызметкерді қызметтеріне тағайындаған кезде қолданылды.
14. Жарлылар, тұтқындар, соқырлар, езілгендер.
15. Осы аяттардағы «жарлылар» сөзі адамдардың міндетті түрде ақшаға мұқтаждығын білдірмейді, қайта, ол адамдардың өздерінің Құдайға мұқтаж екендіктерін білгенін сипаттайды. Олар кішіпейіл.
16. Шайтан.
17. *Мен бұл дүниеге «соқырлардың» көзі ашылсын, ал «көретіндер» «соқыр» болсын деп, айыру үшін келдім.*
18. Олар өздерінің Жаратқан Иенің кешіріміне мұқтаж екендігін түсінбейтін адамдар.
19. Бұл сөз біреудің мейірімсіз патшаның қол астында азап шеккенін білдіреді.
20. Барлық адамдар!
21. Шынайы байлық беретін Біреу керек.
22. Шайтанның тұзағынан азат ететін Біреу керек.
23. Өздерінің күнәкар екендігін түсінулері үшін рухани көздерін ашатын Біреу керек.
24. Оларға ізгі патша керек.
25. *«Сіздер естіген осы сөздер бүгін орындалды».*
26. Ол бізді күнә, өлім және шайтанның тұзағынан азат ету үшін келді!
27. Адамдар Оған сенбеді. Олар Оның сөздерін қабылдамады; Оны тіпті өлтіруге тырысты!



29-сабақ: Сұмдық оқиға болды ма әлде Құдайдың жоспары орындалды ма?

Мәсіх Исаның өлімі сұмдық оқиға болды ма? Ол көп жақсылық жасап жатқан кезде өмірі кенеттен үзілді!

Кейбіреулер: «Иса айқышта өлген жоқ, жай өлгендей болып көрінді», — дейді. Олар: «Исаның орнына басқа біреу өлді, ал Құдай оны дәл Иса сияқты етіп көрсеткен», — дейді. Бірақ мұндай іс Жаратқан Иенің қасиеттеріне сай келмейді. Киелі Жаратушы адамдарды алдамайды ғой! Ал Мәсіх Иса ше, Оның орнына басқа біреуді өлтірейін деп жатса, Ол соған жол берер ме еді?

Ал өзге біреулер: «Мәсіхтің денесін айқыштан түсіргенде, Ол әлі өлмеген еді. Сосын суық қабірдің ішінде жатып есін жиған», — дейді. Бірақ римдік жасақшылардың адам өлтіру жағынан маман болғанын білеміз. Олар біреудің өлген-өлмегенін жақсы ажырата алды. Адам айқыш ағашта керіліп тұрғанда, оның дем алуы үшін жоғары көтерілуі керек болатын. Соған қажетті күш таусылған кезде адам ауа жетпей өлді. Демек, оның қайта-қайта жоғары көтеріліп, дем алуға деген ұмтылысы тоқтаған болса, жан тапсырғаны да белгілі болды. Айқышқа керіп шегелеу — адам баласы ойлап тапқан өлім жазасының айрықша сұмдық түрі!

* **Жох 19:34**-аятты оқыңыз. Мәсіх Исаның шынымен өлгенін тексеру үшін римдік жасақшы не істеді? (1)

* «Айқышта Исаның орнына басқа біреу өлген, Құдай оны дәл Иса сияқты етіп көрсеткен», — дейтін адамдарға не деп жауап бере аламыз? (2)

* «Иса айқышта шынымен өлген жоқ, тек есінен танып қалған, ал қабірге қойылғаннан кейін есін жиған», — дейтіндерге қалай жауап бере аламыз? (3)

Мәсіх Өзінің өлетіні туралы шәкірттеріне алдын ала айтқан еді

Мәсіх Иса Өзінің нақты қалай өлетінін білгені туралы төрт Ізгі хабардан көре аламыз.

Лұқ 9:18-20-аяттарды оқыңыз.

* Иса адам баласының қолынан келмейтін көп керемет жасап, ерекше билікпен тәлім бергеннен кейін шәкірттеріне бір сұрақ қойды. Ол қандай сұрақ еді (20-аят)? (4)

* Шимон Петір қандай жауап берді? (5)

Сол заманда Яһудея Рим патшалығының бір аймағы болатын. Шәкірттері Исаның Патша болып, елді римдік басқыншылардан азат етуін қалады.

Лұқ 9:21-22-аяттарды оқыңыз.

* Мәсіх шәкірттеріне не деді? (6)

* Бұл қалай сонда? Дұшпандары Мәсіх Исаны өлтіретін болса, онда Ол қалайша жеңімпаз Патша болмақ? Шәкірттеріне осы жайтты қабылдау қиын болды. Сондықтан Исаның оларға сол жайлы үш рет айтуына тура келді (тағы Лұқ 9:44-45 және 18:31-34-аяттарды қараңыз).

Шәкірттері Исаның Құдай Өзінің халқына жіберуге уәде еткен Патшасы екендігін түсінді. Бірақ олар Оның қандай Патша болатынын түсінбеді. Уәде етілген осы Патшаның азап шегуге тиіс екендігі олардың назарынан тыс қалды.

Мәсіхтің өлтірілетіні туралы Көне Келісімде аз жазылған. Жаратқан Ие пайғамбарлары арқылы жеткізген хабарлардың көбінде Мәсіхтің құдіреті мен Құдайдың халқын жауларынан құтқаратыны жөнінде жазылған.

Мысалы, **Жыр 2:6-8**-аяттарды оқыңыз.

* Құдай Өзінің тағайындаған Патшасына не беретін болған? (7)

* Алайда Лұқ 9:21-22-аяттарда Мәсіх Иса Өзінің қандай мақсатпен келгені туралы айтқанда не деді? (8)

* Мәсіх Исаның өлтірілетінін түсіну шәкірттеріне неге соншама қиын болды? (9)

Бұл оларға төбеден жай түскендей болды!

Көне Келісімдегі құрбандықтар бізді Мәсіхтің өліміне дайындайды

* Құрбандықтар туралы сабақ есіңізде ме? Жаратқан Иенің халқы неге құрбандықтар шалуға тиіс болған? (10)

Евр 10:1-4-аяттарды оқыңыз.

* Көне Келісім заманында ұсынылған құрбандықтардың қандай кемшілігі болған? (11)

* Құрбандықтардың пайдасы қандай болған (3-аят)? (12)

Бізді күнәмізден толық әрі түпкілікті тазартатын құрбандық керек.

Көне Келісімдегі пайғамбарлық сөздер бізді Мәсіхтің өліміне дайындайды

* Көне Келісімдегі қандай пайғамбарлық сөз бізді Мәсіхтің өліміне дайындайды? (13)

Иш 53:5-6-аяттарды оқыңыз.

* Мәсіх Исаның келуінен жүздеген жыл бұрын Құдай Ишая пайғамбар арқылы не деген? (14)

Жыр 21:15-19-аяттарды оқыңыз.

* Осы аяттар нені еске салады? (15)

Забурдағы 21-жыр адамдар айқышқа керіп шегелеп өлтіруді ойлап тапқаннан бірнеше ғасыр бұрын жазылған. Дегенмен бұл жырда дәл сондай оқиға сипатталған. Осыдан біз мұның Мәсіх туралы алдын ала айтылған хабар (яғни, пайғамбарлық сөз) екендігін білеміз.

Мәсіхтің өлімі әуел бастан Жаратқан Иенің жоспары болған!

Жаратқан Иенің әділ жоспары

Рим 3:21-26-аяттарды оқыңыз.

* 21-22-аяттар: Құдайдың Иса Мәсіхке сенім артқандарды ақтау жолы туралы нелер білдірген еді? (16)

* 23-25-аяттар: Біздің күнәларымыздың құны қалай өтелген? (17)

Мәсіх Исаның құрбандық өлімі — біздің күнәлармыздың құнын өтеп, кешірілуіміздің негізі болатын жалғыз-ақ мінсіз құрбандық! Мәңгілік өмірге апаратын басқа жол жоқ!

Рим 6:23-аятты оқыңыз.

* Күнәнің беретіні не? (18)

* Құдайдың беретін сыйы не? (19)


Бұл — бүкіл әлемдегі ең тамаша хабар!

* Сонымен біз бүгін не білдік?

* Мәсіх Иса осы дүниеге не үшін келді?

Жауаптар:

1. Жасақшы Исаның бүйіріне найзасын сұғып алды.
2. Мұндай іс Жаратқан Иенің қасиеттеріне сай келмейді. Киелі Жаратушы ешкімді алдамайды ғой. Егер Мәсіхтің орнына басқа біреуді өлтіріп жатса, Мәсіх соған жол бермей, оны құтқарар еді.
3. Римдік жасақшылардың адам өлтірудің маманы болғанын білеміз. Олар біреудің өлген-өлмегенін жақсы ажырата алды. Айқыш ағашқа шегеленген адамның өлгені оның күші таусылып, қайта-қайта жоғары қарай көтерілуге деген ұмтылысы тоқтағанынан-ақ белгілі болатын.
4. «Ал сендер Мені кім дейсіңдер?»
5. «Сіз Құдай тағайындаған Мәсіхсіз!» Демек, бүкіл Көне Келісімде Жаратқан Ие жіберемін деп уәде еткен Құтқарушы Сізсіз.
6. Мәсіх: «... Менің өлтірілуім, бірақ содан кейінгі үшінші күні қайта тірілуім де қажет!» — деді.
7. Жаратқан Ие Оған халықтарды мәңгілікке беріп, шартарапты (яғни, бүкіл жер бетін) Оның қол астына өткізуге уәде еткен.
8. Мәсіх Иса Өзінің өліп, қайта тірілу үшін келгенін айтты.
9. Олар Исаны Құтқарушы Патша болады деп ойлаған еді. Ал егер дұшпандары Оны өлтіретін болса, Иса қалайша жеңімпаз Патша болмақ?
10. Құдай киелі, сондықтан Өзіне мойынсұнбай бас көтергендердің бәрін жазалауы керек. Біз әділетсіздік істеп күнә жасағанда, Оған қарсы бас көтереміз. Патшасына сатқындық жасаған әркім жазалануға тиіс болатыны сияқты, біз де күнәларымыздың кесірінен өлуге лайықпыз.
Алайда Көне Келісімде Құдай Өзінің халқына рақым көрсетіп оларға күнәларының кешірілуі үшін құрбандықтар ұсынуға мүмкіндік берді. Біздің күнәларымыздың кешірілуі үшін қан төгілуі қажет болды.
11. Малдарды құрбандыққа шалу бізді Құдай алдында ақтау үшін жеткіліксіз.
12. Құрбандықтар адамдардың күнәларын естеріне түсіріп отырды. Олар адамдар жасаған күнәларының кесірінен өлімге лайықты екендігін көрсетіп отырды.
13. Иш 53:5-6.
14. Құдай Ишая пайғамбар арқылы Өзінің Қызметшісінің (яғни, Мәсіхтің) біздің күнәларымыз үшін құрбан болатыны туралы алдын ала хабарлаған. Мәсіх барлық күнәларымызды өз мойнына алатын болды!
15. Мәсіх Исаның айқыш ағашқа шегеленгенін.
16. Таурат пен Пайғамбарлар жазбалары.
17. Ол Мәсіх Исаның құрбандығы арқылы өтелді.
18. (Мәңгілік) өлім.
19. Мәңгілік өмір.



30-сабақ: Мәсіх Исаның қайта тірілуі мен көкке көтерілуі

Мәсіх Исаның қайта тірілуі

Лұқ 24:1-12-аяттарды оқыңыз.

Мәсіхтің елшілерінің және сол әйелдердің Ол қайта тіріледі деген үміті болмады. Олар Оны қайта тіріледі деп күтпеді.

- * Әйелдер қабірдің басына не үшін барды? (1)
- * Олар неге таңғалды? (2)
- * Періштелер әйелдерге не деді? (5-7-аяттар) (3)

Мәсіх шәкірттерін ертіп Иерусалимге сапарға шыққан кезде оларға Өзінің өлтірілетіні, бірақ үшінші күні қайта тірілетіні туралы алдын ала айтқан болатын (Лұқ 9:21-22). Сондықтан бұл олар үшін күтпеген жайт болмауы керек еді.

Мәсіхтің қайта тірілгендігіне қалай сенімді бола аламыз?

- Егер біреулер Мәсіхтің мәйітін ұрлаған болса, онда кебінін де қоса алып кетер еді (Лұқ 24:12).
- Римдік және яһуди басшылары «Мәсіх Иса қайта тірілмеген» деп айтқандарын дәлелдеу үшін Оның мәйітін көрсетулері керек еді. Бірақ бұл мүмкін болмады.
- Мәсіх қайта тірілген соң 40 күн бойы көптеген адамдар Оны көрді. Демек, Оның қайта тірілгенінің куәгерлері соншама көп болды! (Қор1 15:3-8)
- * Мәсіх Исаның шынымен қайта тірілгенін дәлелдейтін қандай үш жайт яки дерек бар? (4)
 - 1.
 - 2.
 - 3.

Лұқ 24:36-43 және **Жох 20:19-20,24-28**-аяттарды оқыңыз.

* Мәсіх Өзінің тәндік денесінің бар екенін көрсету үшін не істеді? (5)

* Ал Мәсіхтің денесінің енді басқаша болғанын не көрсеткен? (6)

* Қайта тірілгеннен кейін Мәсіхтің денесі қай жағынан бұрынғысынан өзгеріп, қай жағынан өзгеріссіз қалды? (7)

Мәсіх Исаның қайта тірілгені бізге нені көрсетеді?

1. Мәсіх өлімді жеңді! Ол өліп, қайта тірілді!

Мәсіх өлімнің күшін жойды! (Тім2 1:10)

2. Мәсіх шайтанды жеңді! Ол адамдарды шайтанның құлдығынан құтқара алады!

Құдай Мәсіхтің құрбандық өлімі арқылы рухани билеушілер мен әміршілердің күш-қуатын талқандады. (Қол 2:14-15)

3. Мәсіх біздің күнәларымыздың құнын өтеді және Құдай мұны қабыл алды!

Мәсіхтің құрбан болып, қаны төгілуімен төлеміміз өтеліп... күнәларымыз кешірілді... (Еф 1:7)

4. Мәсіх Өзіне сенгендерге мәңгілік өмір сыйлайды!

«Өйткені Құдай адамзатты сондай қатты сүйгендіктен, Өзінің жалғыз (рухани) Ұлын құрбандыққа берді. Енді Оған сенуші әркім жаны тозаққа түспей, мәңгілік өмірге ие болады». (Жох 3:16)

Бұл ең керемет хабарлар!

* Мәсіх Исаның қайта тірілгені қандай төрт жайтты көрсетеді? (8)

1.

2.

3.

4.

Мәсіх Исаның көкке көтерілуі

Елш 1:1-11-аяттарды оқыңыз.

* Мәсіх Иса қайта тірілгеннен кейін 40 күн бойы не істеді (3-аят)? (9)

* Мәсіх Өзінің шәкірттеріне қандай уәде берді (5-аят)? (10)

* Сонда Ол шәкірттеріне қандай тапсырма берді (8-аят)? (11)

* Содан кейін Мәсіх Исаға не болды (9-аят)? (12)

* Періштелер шәкірттерге не деді (11-аят)? (13)

Мәсіх Иса қайта оралмақ!

Мәсіх Исаның көкке көтерілгені бізге нені көрсетеді?

Мәсіх Исаның көкке көтерілгені бізге мына 4 нәрсені көрсетеді:

1. Құдай Исаны ең құрметті орынға көтерді.

*«Сондықтан да Құдай Оны көкке көтерді,
Оның мәртебесін бәрінен де биіктетті,
Оған бар есімнен жоғары Атақты сыйлап берді:
Енді естігенде Исаның Атағын
Көктегі, жердегі, жер астындағылардың
Бәрі де тізе бүкпек Оның алдында» (Флп 2:9-10).*

2. Мәсіх Иса адамзатты соттау үшін жуырда қайта оралады.

Біз бәрінен бұрын Исаны терең қастерлеп, Оған ұнамайтын іс-әрекеттерден бас тартуымыз керек.

«Құдай (Әке) алдында және қайтып келіп көрініп, Патшалық құрғанда тіріні де, өлгенді де соттайтын Мәсіх Иса алдында саған мықтап ескертемін». (Тім2 4:1)

3. Қазіргі заманда Мәсіх біз үшін өтініш жасап бізді қолдайды.

«Ендеше кім үкім шығара алады? Мәсіх Иса біз үшін өлді, Ол қайта тірілді де. Содан Ол Құдайдың оң жағынан орын алып, бізді қолдауда». (Рим 8:34)

Ол Құдай Әкеге былай деуі мүмкін: (Сіздің есіміңіз) — Сенің қымбатты рухани балаң, оның осы күнәсін кешіре гөр. Себебі Менің төгілген қаным арқылы бұл күнәсі де кешірілді. Оның сол күнәдан бас тартып, өмірі арқылы атыңды дәріптеуі үшін, оны қайтадан Киелі Рухқа кенелтейік.

4. Өлгеннен кейін де біздің денеміз болады.

Қор1 15:35-44-аяттарды оқыңыз.

* Өлгеннен кейін біздің «рухани денеміз» болады, ол қай жағынан өзгеше болады? (14)

Біз мінсіз тамаша денеде мәңгі өмір сүреміз!

* Мәсіх Исаның көкке көтерілгені нені білдіреді? (15)

1.

2.

3.

4.

Мәсіх Иса бізге Құдайдың алдына баруға жол ашты. Қазір бұл сенім арқылы, ал болашақта іс жүзінде болады.

Мәсіхтің қайта тіріліп, көкке көтерілгені — дүниедегі ең тамаша хабар!

* Осы хабарды кімге айтқыңыз келеді?

* Бүгін не үйрендіңіз?

Жауаптар:

1. Әйелдер Мәсіхтің мәйітіне иісмайлар құю үшін қабірге барды.
2. Өйткені қабір аузы ашық және бос болып шықты!
3. *«Тіріні өлілердің арасынан неге іздейсіңдер? Ол мұнда жоқ, қайта тіріліп кетті! Оның Ғалилеяда жүрген кезінде сендерге алдын ала айтқандарын естеріңе түсіріңдер: көктен келген Билеуші күнәкар адамдарға ұстап беріліп, айқышқа шегеленіп өлтірілуге, алайда үшінші күні қайта тірілуге тиіс екенін Өзі алдын ала білдірген еді ғой».*
4. 1) Біреулер мәйітті ұрлаған болса, оның оралған кебінін де қоса алып кетер еді.
2) Римдік және яһуди басшылары «Мәсіх Иса қайта тірілген жоқ» деген сөздерін дәлелдеу үшін Оның мәйітін көрсетулері керек еді. Бірақ бұл мүмкін болмады.
3) Мәсіх қайта тірілген соң 40 күн бойы көптеген адамдар Оны көрді. Демек, Оның қайта тірілгенінің куәгерлері соншама көп болды!
5. Мәсіх Өзінің қол-аяғындағы жараларды көрсетіп, балықтың бір үзімін жеді.
6. Мәсіх есігі бекітілген жабық үйде кенеттен пайда болып, сосын ғайып бола алатын.
7. Мәсіхтің тамақ жейтіні Оның тәндік денесінің бар екенін көрсетті, бірақ Ол есігі бекітілген жабық үйде кенеттен пайда болып, сосын ғайып бола алатын.
8. 1) Мәсіх Иса өлімді жеңді! Ол өліп, қайта тірілді!
2) Мәсіх шайтанды жеңді!
3) Мәсіх біздің күнәлармыздың құнын өтеді және Құдай мұны қабыл алды!
4) Құдай Мәсіхке сенгендерге мәңгілік өмір сыйлайды!
9. Мәсіх елшілеріне көрініп, *«оларға көптеген сенімді дәлелдер арқылы Өзінің тірі екенін ашық көрсетті».*
10. Олар Киелі Рухпен шомылдырылады.
11. Олар Оған бүкіл әлемде куәгер болуға тиіс.
12. Мәсіх көкке көтерілді.
13. *«Жаңа қастарыңнан көкке көтеріліп, Құдай қабылдаған Иса көз алдарыңнан көкке қалай кетсе, тура солай қайтып келеді».*
14. Денеміз мәңгі болады, ешқандай ауруы болмайды, ол әдемі және тамаша болады. Еш нәрсе де Құдаймен қарым-қатынасымызды бұзбайды.
15. 1) Құдай Мәсіх Исаны ең жоғары орынға көтерді.
2) Мәсіх жуырда жер бетіне қайта оралады және адамзатқа сот жүргізеді.
3) Мәсіх Иса біз үшін өтініш жасайды.
4) Өлгеннен кейін біздің мінсіз денеміз болады.



31-сабақ: Киелі Рух

Көне Келісімнен Киелі Рух туралы не біле аламыз?

1. * Көне Келісімнің қай жерінен Киелі Рух туралы алғаш рет оқимыз? (1)

Киелі Рух әуел бастан Өзінің ісін атқарып келеді!

2. Көне Келісімде Киелі Рух белгілі бір адамдарға арнайы мақсатпен қонған.

* **Пат1 16:13**-аят бойынша Ол кімге қонды? (2)

3. Құдай Киелі Рухын пайғамбарларға да қондырып, олар арқылы Өзінің халқына хабарларын жеткізген.

Пет2 1:20-21-аяттарды оқыңыз.

* Пайғамбарлар Жаратқан Иенің хабарларын қалай жеткізді? (3)

4. Бірақ Құдай Өзінің бүкіл халқы Киелі Рухты қабылдайтын уақыттың келетіні туралы уәде берген еді.

* **Жое 2:28**-аятта Жоел пайғамбардың жазғаны бойынша, бұл қалай болуға тиіс еді? (4)

* Біз Көне Келісімнен Киелі Рух туралы не біле аламыз? (5)

1.

2.

3.

4.

Инжіл шарифтен Киелі Рух туралы не біле аламыз?

* **Елш 1:8:** Киелі Рух шәкірттерге қандай істі атқаруға құдірет дарытатын болды? (6)

Олар әркімге Мәсіх туралы айтулары керек болды!

Елш 2:1-24-аяттарды оқып шығыңыз.

* Шәкірттер Киелі Рухты қабылдағанда, қандай оқиға орын алды? (7)

* **Елш 2:41:** Сол күні қанша адам Мәсіхке сенім артты? (8)

Бұл Елуінші күн мейрамы, яғни, Құтқарылу мейрамынан кейінгі елуінші күн болатын. (Ол Алғашқы өнім мейрамы деп те аталатын.) Жаратқан Иенің осы күні істеген ұлы ісіне ерекше мән беретін кейбір қауымдар өздерін «елуліктер» деп атайды.

* **Елш 2:38:** Киелі Рухты кімдер қабылдайды? (9)

Киелі Рух барлық сенушілердің бойында тұрады. Сіз Мәсіхке Құтқарушыңыз және Иеңіз ретінде сенім артқан кезде Киелі Рух бойыңызға кірді! (Еф 1:13)

Киелі Рух не істейді?

* **Рим 8:16-**аят бойынша, Киелі Рух не істейді? (10)

* **Рим 8:26-**аят бойынша, Киелі Рух не істейді? (11)

* **Ғал 5:22-23-**аят бойынша, Киелі Рух не істейді? (12)

* **Елш 1:8-**аят бойынша, Киелі Рух не істейді? (13)

* **Қор1 12:7-11-**аяттар бойынша, Киелі Рух не істейді? (14)

* **Қор1 12:13-**аят бойынша, Киелі Рух не істейді? (15)

Киелі Рух бізді ешқашан бөлмейді, қайта, біріктіреді! Соңғы уақытта мәсіхшілердің Киелі Рухтың істері жөніндегі түсініктеріне байланысты жіктелгендеріне Құдай қайғырады.

Егер басқа сенушілерді сүймесек, онда Киелі Рухтың біздің өмірімізде жұмыс істеуіне жол бермейтініміз анық.

Қосымша ой

Қор1 14:1-3-аяттарды оқыңыз.

* Пауыл елші, әсіресе, қандай рухани дарынға ие болуға ұмтылыңдар деп жазған? (16)

* Бұл дарын қалай қолданылады? (14:3-аят) (17)

Бәрімізге берілген ең маңызды тапсырма – бір-бірімізді нығайтып, жігерлендіріп, жұбату!

* Сонымен Киелі Рухтың істейтін істері туралы не білдік? (18)

1.

2.

3.

4.

5.

6.

Киелі Рухқа кенелген адамның өмірі қандай болады?

Ғал 5:22-23-аяттарды оқыңыз.

* Киелі Рухқа кенелген адамның өмірі қандай болады? (19)

* Біздің өміріміз осындай ма? Егер мұндай болмаса, не істеуіміз керек? (Лұқ 11:13-аятты оқыңыз.) (20)

* **Еф 4:29-31**-аяттарды оқыңыз. Киелі Рухты қалай ренжітеміз? Мысалдар келтіріңіз. (21)

Өсек

Өсек — біз үшін үлкен мәселе. Өсек біреудің абырой-беделіне және қауымға нұқсан келтіреді. Мүмкін, сіз басқалардың өсегіне ұшырап, қауымға келмей қойған адамдарды білетін шығарсыз.



* Өсектен бас тартуға бір-бірімізге қалай көмектесе аламыз?
Егер біреу өсек айта бастаса, не дей аламыз? (22)

Біз Киелі Рухты ренжітпеуге, Оны риза етуге тиіспіз!

Айналамыздағы адамдарға Исаның нұры әрі жарылқау бола алуымыз үшін Өзінің Киелі Рухына кенелтсін деп Құдайдан күнде өтінгеніміз жөн.

* Бүгін не білдіңіз?



Жауаптар:

1. Жар 1:2.
2. Дәуіт.
3. «Киелі Рух Құдайға бағышталған адамдарға (пайғамбарларға) Оның хабарларын айтуға қозғау салып отырды».
4. «Ұл-қыздарың пайғамбарлық сөз айтады, қарттарың түс, жас жігіттерің аян көреді».
5. 1) Киелі Рух Өзінің ісін әуел бастан атқарып келеді!
2) Көне Келісімде Киелі Рух белгілі бір адамдарға арнайы тапсырмаларды орындау үшін қонған.
3) Құдай Киелі Рухын пайғамбарларға Өзінің халқына хабарларын жеткізу үшін қондырған.
4) Алайда Құдай Өзінің бүкіл халқы Киелі Рухқа кенелетін уақыт келетіні туралы уәде еткен.
6. Оларға Иерусалимнен бастап, жердің шетіне дейін Исаға куә болатын құдірет дарытатын болды.

7. Киелі Рух қорқып қалған шәкірттерді батыл куәгерлерге айналдырды. Сол күні олар Иерусалимге көптеген елдерден келген адамдарға Ізгі хабарды олардың тілдерінде түсіндіре алды.
8. Үш мыңдай адам!
9. Күнәларына өкініп теріс жолдан қайтып, Мәсіхке Құтқарушысы және Иесі ретінде сенім артқандардың бәрі.
10. Киелі Рух Құдайдың рухани балалары екенімізді өз рухымызға растайды.
11. Киелі Рух бізге мінажат етуге көмектеседі.
12. Киелі Рух біздің Иса сияқты болуымыз үшін өмірімізде рухани жеміс жетілдіріп, жан дүниеміз бен мінез-құлқымызды өзгертеді.
13. Киелі Рух бізге басқаларға Исаға куә болатын құдірет дарытады.
14. Киелі Рух қауымда бір-бірімізге қызмет ете алуымыз үшін дарындар береді.
15. Киелі Рух бізді біріктіреді.
16. Құдайдың хабарын жеткізу дарыны.
17. Біз сол арқылы адамдарды нығайтып, жігерлендіріп, жұбатамыз.
18. 1) Киелі Рух Құдайдың рухани балалары екенімізді өз рухымызға растайды.
2) Киелі Рух бізге мінажат етуге көмектеседі.
3) Киелі Рух біздің Иса сияқты болуымыз үшін өмірімізде рухани жеміс жетілдіріп, жан дүниеміз бен мінез-құлқымызды өзгертеді.
4) Киелі Рух бізге басқаларға Исаға куә болатын құдірет дарытады.
5) Киелі Рух қауымда бір-бірімізге қызмет ете алуымыз үшін бәрімізге дарындар сыйлайды.
6) Киелі Рух бізді біріктіреді.
19. Ондай сенуші сүйіспеншілік, қуаныш, тыныштық, шыдамдылық, қайырымдылық, кеңпейілділік, сенімділік, ілтипаттылық, ұстамдылық сияқты қасиеттерге ие болады.
20. Құдайдан бізге Киелі Рухын сыйлауын өтінуіміз керек.
21. Мысалы, біз жаман нәрсе істегенде: өтірік, өсек, жаман не қатты сөздер айтқанда немесе теледидардан не интернеттен жаман нәрселер көргенде, Киелі Рухты ренжітеміз.
22. «Ренжіме, бірақ өсек тыңдамаймын. Осы сөзіңді сол адамның көзінше айта алмасаң, маған да айтпай-ақ қойшы. Мен өсек естімесем, оны басқаларға айта да алмаспын!»



32-сабақ: Сенушілер қауымы

Сенушілер қауымы қалай басталды?

Елш 2:36-41-аяттарды оқыңыз. (Бұл —сенушілер Киелі Рухқа кенелгеннен кейін Петір елші айтқан уағыздың соңғы бөлімі.)

* 2:36-аят: Яһудилер Құдай Көне Келісімде уәде еткен Мәсіхке не істеген еді? (1)

* 2:37-аят: Жиналған адамдар мұны естігенде не істеді? (2)

* 2:38-аят: Петір елші оларға қандай 2 нәрсені істеуді тапсырды? (3)

1.

2.

* Теріс жолдан қайту деген не? (4)

* Шомылдыру рәсімі нені бейнелейді? (5)

Сенушінің бұл рәсімнен өтуі басқаларға оның Мәсіх Исаның жолына түскенін және «сенушілердің отбасына», яғни, қауымға қосылғанын көрсетеді.

Егер туыстарымыз бен достарымыз шомылдыру рәсімінен өтуімізге қарсы болса, Мәсіхтен батылдық сыйлауын өтіну керек.

* 38-39-аяттар: Киелі Рухты кім қабылдайды? (6)

Қауымның өсуі

* **1:15**-аят: Сол күнге дейін сенушілердің саны қанша болды? (7)

* **2:40-41**-аяттар: Бұл күннің басында сенушілер бойларын қорқыныш билеген кішкене ғана топ болған еді. Ал күннің соңына қарай олардың қатарына қанша адам қосылды? (8)

Бұл сенушілер қауымының бастамасы болды!

Сенушілер қауымы қалай әрекет етеді?

Елш 2:42-47-аяттарды оқыңыз.

Қауым — ғимарат емес, рухани отбасы!

Қауымның басталуы ерекше уақыт болды. Біз күн сайын кездесе алмасақ та, бәріміз бірігіп Құдайдың отбасымыз. Жалпы алғанда, Мәсіх Исаның жолымен ашық түрде жүрген жөн. Бір-бірімізге керекпіз, өзара қарым-қатынаста тұрып, мүмкіндік болғанда жиналғанымыз дұрыс.

* 42-аят бойынша, сенушілер қандай 4 нәрсені бірге істеді? (9)

- 1.
- 2.
- 3.
- 4.

* «Елшілердің беріп жүрген тәлімін мықтап ұстану» дегенді біз қалай іске асыра аламыз? (10)

* Сіз Киелі кітапты күнде оқисыз ба? Құдай туралы барынша терең білім алғыңыз келе ме?

* «Өзара қарым-қатынастарын ... берік ұстану» дегенді қалай іске асыра аламыз? (11)

* Сіз бұларды қалай орындайсыз?

* Олар неге «нан үзу рәсімін... берік ұстанды»? (12)

Иеміздің асын (яғни, нан үзу рәсімін) бірге өткізу сенушілер үшін өте маңызды.

* Басқа адамдар біз туралы: «Құдайға сиынуды берік ұстанады» деп айта ала ма?

* Біз Құдайға: «Адамдарды Патшалығыңа енгізе гөр!» —деп қаншалықты жиі мінажат етеміз?

Бізге арналған шақыру

Сіз күнде телефондағы әлеуметтік желілер мен хабарларды көру үшін қанша уақыт жұмсайсыз? Күн сайын Киелі кітап оқып, мінажат етуге қанша уақыт жұмсайсыз? Қайсысы маңыздырақ?



Иеміз Исаның атымен мінажат ету деген нені білдіреді?



Бұл күнәларымыз бізді Құдайдан ажыратқанын мойындағанымызды білдіреді. Біз өздігімізден киелі Құдайдың алдына баруға лайықты емеспіз. Бірақ біз Мәсіх Иса айқышта жанын құрбан еткенінің арқасында кешіріліп, ақталдық, сондықтан енді Құдайдың алдында тұра аламыз. Сонда Құдай Мәсіх Иса арқылы ақталған біздің мінажатымызға құлақ салады. Бұл — ең керемет артықшылық!

Сонымен қатар Иеміз Исаның атымен мінажат ету Оның еркіне мойынсұнатынымызды да білдіреді.

* **Елш 2:44-45**-аяттар бойынша, сенушілер не істеді? (13)

(Бұл туралы сәлден кейін сөйлесеміз.)

* **Елш 2:46-47**-аяттар бойынша, сенушілер тағы не істеді? (14)

Құдайды мадақтағанымызда, Құдай бұған риза болып, біз қуанышқа кенелеміз!

* Сенушілер саны қалай өсіп отырды? (15)

Құдай біздің қауымымызға тағы да өсуге мүмкіндік бере көрсін!

Бұл тамаша күндер еді!

Өз қауымымызда рухани бірлікті қалай нығайта аламыз?

* Қауымда бір-бірімізге қалай сүйіспеншілік көрсете алатынымыз жайлы қандай ойларыңыз бар? Кем дегенде 7 жауап жазыңыз! (16)

- 1.
- 2.
- 3.
- 4.
- 5.
- 6.
- 7.

- Сіз үшін мінажат ете алуы үшін, мәселелеріңіз туралы қауым жетекшілеріне білдіргеніңіз жөн. Бұл істегеніңіз сіздің сенім артқаныңызды көрсетіп оларды жігерлендіреді. Олар сіз үшін Құдайға мінажат еткенде, соған жауап алғандарына да қуанады. Сонымен қатар олар қауымға уағыз айтқанда жақсырақ тәлім бере алады.

Құдай күн сайын қауымдарымызға жаңа сенушілерді қоса берсін!

Бізге арналған шақыру

Жаңа Келісімді оқығанда, қауымда мәселелердің көп ұзамай пайда бола бастағанын көре аламыз. Қай қауым болмасын, кемшіліктер болып тұрады. Біз мінсіз қауымды Жаңа Иерусалимге жеткенде ғана көреміз! (Аян 21:10)

Сонда да адамдар өмірімізден Иемізді көріп, айтқан сөздеріміз арқылы Оның Кім екені жөнінде біле алулары үшін қолымыздан келгеннің бәрін істей берейік!

Қосымша: Ақша туралы

Ақша қауым мүшелерінің арасында көп мәселе туғыза алатыны рас! Пауыл елшінің ақша жайлы не жазғандарына назар аударайық.



- * **Тім1 6:10**-аятта елші ақшақұмарлық туралы не жазған? (17)
- * Құдайдан гөрі ақшаны көбірек жақсы көрсек, не болады? (18)
- * **Қор1 16:2**-аятта Пауыл елші ақша жайлы не жазған? (19)
- * Елші нені әдетке айналдыру керектігі жөнінде жазған? (20)
- * **Сал2 3:10**-аятта елші ақша туралы не жазған? (21)
- * Бұл нені білдіреді? (22)
- * **Рим 13:8**-аятта елші ақша жайлы не жазған? (23)
- * Бұл біз үшін нені білдіреді? (24)

Қарызды уақтылы қайтармау достықты бұзып, қауымға қиыншылық туғызады!

* Пауыл елшіден ақша туралы не үйрене аламыз? (25)

1.

2.

3.

4.

Тек келіскен уақыт аралығында қайтара алатын жағдайда ғана қарызға ақша алуға болады. Егер ақшаға қатты зәру болсаңыз, онда сол туралы қауым жетекшісімен сөйлесіңіз. Ақша мәселесінің болуы ұят нәрсе емес. Ал ақшаға бола достықты бұзып, қауымға нұқсан келтіру — нағыз ұятты іс.

Біз басқаларға жақсылық істеуге тиіспіз. Ал басқаларды алдау — күнә.

* Сізде ақшаға байланысты өзгертуді қажет ететін көзқарастар бар ма?

Жауаптар:

1. Олар Мәсіхті айқышқа шегелеп өлтіртті.
2. Халық қатты өкінді.
3. 1) Теріс жолдан қайтыңдар!
2) Шомылдыру рәсімінен өтіңдер!
4. Олар Жаратқан Иеден Оған мойынсұнбағандары үшін кешірім сұраулары керек болды. Олар Ол жіберген Мәсіхтің жолына түсуге тиіс еді.
5. Бұл рәсім Мәсіх Исаның бізді күнәдан толық тазартқанын көрсетеді. Ол біздің ескі күнәкар болмысымыз үшін енді жоқ болып, Мәсіх Иса үшін өмір сүруге бел байлағанымызды да көрсетеді.
6. Киелі Рухты Құдай шақырғандардың бәрі қабылдайды. Яғни, күнәларына өкініп теріс жолдан қайтқан әрі Мәсіхке сенім артып шомылдыру рәсімінен өткендердің барлығы Оны қабылдайды.
7. 120.
8. Үш мыңдай адам!
9. Сенушілер
 - 1) елшілердің беріп жүрген тәлімін берік ұстанды;
 - 2) өзара қарым-қатынас жасауды берік ұстанды;
 - 3) нан ұзу рәсімін орындауды берік ұстанды;
 - 4) Құдайға сиынуды да берік ұстанып, жалғастыра берді.

10. Біз Киелі кітап үзінділерін оқып-ойланамыз, талқылап өмірде қолданамыз және олар туралы мінажат етеміз. Мұны жеке және басқа сенушілермен бірге атқара аламыз.
11. Бір-бірімізге сүйіспеншілік көрсетіп, қамқорлық жасаймыз. Бірге жиналып тұрамыз.
12. Олар Мәсіх Исаның олардың күнәларының кешірілуі үшін өмірін құрбан еткенін еске алды!
13. Сенушілер жомарт болып керек болғанда иеліктерін сатып, әркімге керегінше беріп отырды.
14. Олар Құдай Иені мадақтап дәріптеді.
15. Ол күн сайын өсіп отырды!
16. Мысалдар:
 - 1) Қауымға келгендерге телефон шалып, жігерлендіру.
 - 2) Соларға хабарласып, мәселен, Жаныңдамын деген қолданбаның күнделікті жігер беруге арналған хабарламасын жіберу.
 - 3) Кездесіп тұруға ұмтылу.
 - 4) Мүмкіндік болғанда, әр аптада қауым жиынына қатысу. Басқалар сізді көріп қуанады!
 - 5) Бір-біріне көмектесуге, айталық, біреу ауырып қалған немесе босанған жағдайда қолдау көрсетуге дайын болу.
 - 6) Басқалар үшін мінажат ету.
 - 7) Киелі кітап жайлы сабақтардан үйренгенді басқалармен бөлісу.
 - 8) Біз Құдай сөзін неғұрлым көбірек білсек, соғұрлым Иеміз бізді басқаларды жарылқау үшін қолдана алады.
17. *«Ақшақұмарлық — барлық жамандықтың түп-тамыры».*
18. Сондай жағдайда ақшамызды Құдайды риза етуге емес, өз қалауымызды орындауға жұмсаймыз.
19. *«Жексенбі сайын әрқайсыларың жағдайларыңа қарай қолдағы қаражаттарыңнан бөлектеп, сақтап қойыңдар».*
20. Басқаға беретін дайын ақша болуы үшін, ақшамыздың бір бөлігін үнемі бөлек қойып отырған жақсы.
21. *«Еңбек еткісі келмеген тамақ та ішіп-жемесін».*
22. Жалқау, жұмыс істегісі келмейтін адамға ақша бермеңіз.
23. *«Қарыздарыңды уақтылы өтеп қайтарыңдар, әсіресе, бір-біріңді сүйу парызын өтеп тұрыңдар. Адамның басқаларды сүйуі Құдайдың заңын да орындағаны».*
24. Қарызымыздан барынша тез құтылуымыз керек!
25.
 - 1) Бізге Иеміз берген ақшаны дұрыс жұмсауға Оның даналығы қажет.
 - 2) Мүмкіндігіміз болғанда жомарт болған жақсы.
 - 3) Біз берген көмек жалқау біреудің жұмыс істемеуіне себепші болмауы керек.
 - 4) Достыққа және қауымға нұқсан келтірмеу үшін қарыздан барынша тез құтылған жақсы.



33-сабақ: Басқаларға Ізгі хабарды айту

Бар ұлттар

* **Жар 12:1-7**-аяттарда Жаратқан Ие Ыбырайымға қандай уәде берген? (1)

Содан екі мың жылдай уақыт өткеннен кейінгі заманда Жаратқан Иенің берген уәделерін орындағанын көрдік!

Жаратқан Ие Көне Келісімде уәде еткен Мәсіхті жіберді. Енді барлық басқа ұлттар да құтқарыла алулары үшін Мәсіх туралы Ізгі хабарды еститін уақыт келді.

* **Мат 28:18-20**-аяттар бойынша, Мәсіх Иса шәкірттеріне не деді? (2)

* **Елш 1:8**-аятты оқыңыз. Мәсіхтің шәкірттері басқа ұлттарды Оған қалай шәкірт қыла алды? (3)

Осы ұлы іс әлі аяқталған жоқ: Мәсіх Иса туралы естімеген ұлттар әлі де бар. Өз тілдеріне Киелі кітап аударылмаған ұлттар әлі де бар. (Мысалы, Каспий теңізінің жағасындағы Дағыстанда сондай ұлттар бар.)

Ал бізге тапсырылған Ұлы аманат — барлық ұлттарға Мәсіх туралы Ізгі хабарды жеткізу!

Елшілердің істері жазбасынан осы істің қалай басталғанын көре аламыз.

Иерусалимнен бастап

* Иса шәкірттеріне қай жерлерде Оған куә болуды тапсырды? (Елш 1:8) (4)

Осы әртүрлі жерлер туралы ойланып көрейік.

1) Иерусалимде

Елшілердің істері жазбасында Исаның 12 шәкірті «елшілер» деп аталған.

* Яһуда Исқариот Исаға опасыздық жасап, өзіне қол салған еді; сондықтан басқа елшілер оның орнына кімді таңдап алды? (**Елш 1:26**) (5)

Алғашқыда Иерусалим қауымының жетекшілері Мәсіхтің 12 елшісі болған (Елш 1:12-13).

* Елшілердің қатарына кейінірек тағы кім қосылды? (**Қор1 1:1**) (6)

* **Елш 6:7**: Бастапқыда елшілер қай жерде уағыз айтты? (7)

Бірақ Яһудеяның басшылары мен патшасы елшілерге қарсы болды.

* **Елш 5:17-20**-аяттар бойынша, олар не істеді? (8)

* **Елш 7:59-60**-аяттар бойынша, олар тағы не істеді? (9)

* **Елш 5:41-42**-аяттар бойынша, елшілер не істеді? (10)

Көптеген адамдар Мәсіх Исаға сенім артты!

2. Бүкіл Яһудея мен Самария аймақтарында

* **Елш 8:2-5**-аяттарды оқыңыз. Қатты қудалау болған кезде сенушілер не істеді? (11)

Картаға қараңыз: Самария — Иерусалимнен солтүстікке қарай орналасқан аймақ.



3. Жердің шетіне дейін

Елш 10-тарауды оқыңыз.

* Мұнда Құдай Ие Петір елшіге не туралы тәлім берді? (12)

Бұл алғашқы сенушілер үшін өте маңызды уақыт болды: олар Ізгі хабардың яһудилерге ғана емес, басқа ұлттарға да арналғанын түсінді!

* Елш 11:19-21-аяттарды оқыңыз. Сенушілер қай жерлерге барды? (13)



Картаға қараңыз.

Финикия — қазіргі Ливан елі.


Кипр — қазіргі Түркияның оңтүстігінде орналасқан үлкен арал.

Антақия – Түркияның оңтүстік-шығысында орналасқан қала. (Оның грекше атауы Антиохия болған.)

Көптеген яһудилер мен басқа ұлт адамдары Мәсіх Исаға сенім артты!

Әрі қарай сапар шегу

Елш 13-20-тараулардан Пауыл елшінің және басқа сенушілердің қазіргі Түркия мен Грекия елдерін аралап, көп қауымның негізін салғаны туралы оқимыз. Кейінірек Пауыл елші бұл қауымдарға тағы да барды.



Киелі кітаптың соңында берілген 14-картадағы сызықтар елшінің сапарларының бағытын көрсетеді.

Елшілердің істері жазбасынан бар ұлттарға Мәсіх Иса туралы Ізгі хабарды тарату ісінің басталғанын көреміз. Елш 8:26-40-аяттарда алғашқы африкалық адамның Мәсіхке сенім артқаны жөнінде баяндалған.

* Біз осы істі қалай жалғастыра аламыз?

Ізгі хабарды ешқашан естімеген адамдарға оны қалай айта аламыз?

* Елшілердің істері жазбасында баяндалған бұл істі сіз әрі қарай жалғастыра алуыңыз жайлы қандай ойларыңыз бар? (14)

Осы істі әрі қарай жалғастыра алу мақсатында бір-біріңіз үшін мінажат етіңіздер!

Жауаптар:

1. Жаратқан Ие Ыбырайымға одан үлкен халық өрбітіп, оған жер беретіні және ол арқылы жер бетіндегі бар ұлттар жарылқанатыны жайлы уәде берген.
2. «Сондықтан барлық халықтарға барыңдар! Оларды Менің шәкірттерім етіп, Құдай Әкенің, (рухани) Ұлының және Киелі Рухтың атымен шомылдыру рәсімінен өткізіңдер!»
3. Мұны орындау үшін Киелі Рух оларға қонып, құдіретін дарытады.
4. Иерусалимде, бүкіл Яһудея мен Самария аймақтарында және жердің шетіне дейін.
5. Матия.
6. Пауыл.
7. Иерусалимде.
8. Басшылар елшілерді түрмеге қаматты.
9. Олар Жақып елшіні өлтірді.
10. Елшілер Исаның Мәсіх екендігін уағыздауларын жалғастыра берді!
11. Елшілерден басқа сенушілердің бәрі Иерусалимнен қашып, Яһудея мен Самария аймақтарына бытырап кетті.
12. Олар басында Иса туралы Ізгі хабарды тек яһудилерге ғана айтып жүрді. Ал енді олар оны Көне Келісімді білмейтін, жалғыз Құдайға сиынбайтын басқа ұлт адамдарына да айтуға тиіс болды.
13. Финикияға, Кипрге, Антақияға.
14. Ойлар мына сияқты істер туралы болуы мүмкін:
 - 1) Мәсіх Иса туралы Ізгі хабарды ешқашан естімеген адамдар үшін мінажат етіңіздер. (Олар өз еліңізде немесе басқа елде тұрулары мүмкін.)
 - 2) Достарыңызбен бірге өз отбасыңыз және олардың отбасыларына Мәсіх туралы Ізгі хабарды айта алу үшін мінажат етіңіздер.
 - 3) Киелі кітаптағы ұлы әңгімені бір-біріңізге айтып жаттығыңыздар. Соның нәтижесінде оны басқаларға түсіндіргенде сенімді бола аласыздар.
 - 4) Айналаңыздағы адамдарға Жаратқан Иенің сүйіспеншілігін іс жүзінде қалай көрсете алатыныңыз туралы ойланыңыздар.
 - 5) Құдай сізді адамдардың Иса туралы Ізгі хабарды естуге мүмкіндігі жоқ жерге көшіп баруға шақырып жатыр ма?



34-сабақ: Інжіл шарифтегі хаттар

Қауымның бастапқы кезінде Мәсіхке сенушілерде Інжіл шарифтегі жазбалар болмады. Бұл сенушілер көп қиыншылық көрді. Олар Мәсіхке қалайша бағышталып өмір сүру керектігі туралы даналыққа мұқтаж болды.

Інжіл шарифте 21 хат бар. Қауымдар шалғай аймақтарда шашырап жатқандықтан, елшілер оларға алыс жерлерден жігерлендіру хаттарын жазып отырды.

Хаттарды алған қауымдар оларды қолмен көшіріп жазып, басқа қауымдарға жіберіп отырды. Соның нәтижесінде көптеген басқа қауымдар да хаттардағы даналықтың пайдасын көре алды.

Інжіл шарифтің мазмұны өзгертілген бе?

Кейбіреулер: «Інжілдің мазмұны өзгертілген», — дейді. Алайда бұл мүмкін болмады. Себебі ондағы Ізгі хабарлар мен хаттар соларда баяндалған оқиғаларды өз көздерімен көрген куәгерлер немесе куәгерлерді білген адамдар жазған. Алғашқы сенушілер Інжіл шарифтің, яғни, Жаңа Келісімнің жазбаларын толықтай сенімді жазбалар ретінде қабылдаған. Бұл жазбалардың көшірмелері көп елге тарап кетті. Олардың бәрін қайта жинап алып, жаңа нұсқасын тарату тіпті де мүмкін болмас еді. Сонымен қатар алғашқы сенушілер өздері шындық деп қабылдаған Інжіл шарифтің мазмұнын өзгертуге жол бере қоймас еді!

Інжіл шарифтің қолжазбаларының 24 мыңға жуық көшірмесі және олардың бөліктері осы заманға дейін сақталған. Бұлардың 230-ы б.з. 6 ғасырға дейін жазылғаны белгілі. Бұл қолжазбалардың маңызы зор, себебі олар Інжіл шарифтің, яғни, Жаңа Келісімнің негізгі мазмұнының өзгертілмегенін көрсетеді.

* Інжіл шарифтің негізгі мазмұнының өзгертілуі не себептен мүмкін емес болды? (1)



Хаттар:

- Оларда сенушілерге Мәсіх Иса туралы және Ол сыйлайтын құтқарылу жайлы тәлім берілген. Сөйтіп хаттар сенушілерді сенімдеріне адал болуға жігерлендірді.
- Сенушілер жалған тәлім қабылдаған кездері хаттар арқылы олардың қателері түзетілген. Осылайша сенушілер шындықты біліп, соған сенді.
- Оларда сенушілерге Құдайға ұнайтындай дұрыс өмір сүру жайлы тәлім берілген.

* Хат иелері оларды қандай үш мақсатпен жазған? (2)

1.

2.

3.

Бұл хаттардың авторлары кім болды?

Жақып, Петір, Жохан, Яһуда сенушілерді жігерлендіру үшін хаттар жазды.

Пауыл елші қауымдарға 9 хат, жеке адамдарға 4 хат жолдады: Ол қауымды дұрыс жетелеуге көмек ретінде **Тімотеге** 2 хат, **Титке** 1 хат жазды. Ол **Филимонға** хатты жеке бір шаруамен жазды.

Еврейлерге арналған хатты кім жазғаны белгісіз, бірақ оны Пауыл елші немесе оның қызметтестерінің бірі (мысалы, Барнаба, Аполлос) жазған деген көзқарас кең тараған.

* Инжіл шарифтегі хаттардың көбін жазған кім? (3)

Бұл хаттарды қалай түсіне аламыз?

Хаттағы бір үзіндіні түсіну үшін мына 4 сұрақты қоя аламыз:

1) Бұл хат жазылған кезде қауымда қандай **мәселелер** болды?

2) Қандай **сөздер мен сөз тіркестері қайталанады**? Кейбір сенушілер қайталанатын сөз тіркестерінің астын сызуды әдетке айналдырған.

3) **Негізгі тақырып** қандай және автор қандай тәлім берген? Оны қарапайым сөздермен қорытындылап айта аласыз ба?

4) Сол қауым **біздің қауымға** қай жағынан ұқсайды? Біз көрген қиындықтар олардікіне қай жағынан ұқсайды? Осы үзіндідегі қандай маңызды ойдың біздің бүгінгі қауымға қатысы бар?

* Қандай 4 сұрақ бізге Инжіл шарифтегі хаттарды түсінуге көмек бола алады? (4)

1.

2.

3.

4.

Қолостықтарға арналған хаттан кейбір аяттарды бірге талқылап көрейік:

Кол 1:9-20-аяттарды оқыңыз.

1. * **Қауымда қандай мәселе болғанын** айта аласыз ба? (5)

Жалған тәлімгерлер сенушілер білмейтін тағы басқа тәлімдер бар және Исамен қарым-қатынаста болудың өзі жеткіліксіз деп үйретті.

2. * **Қандай сөздер мен сөз тіркестері қайталанады?** (6)

* Қандай сөз тіркестерінде **«әр», «барлық», «бәрі», «бүкіл»** сияқты сөздер кездеседі? (7)

Пауыл елші оқырмандарға Құдаймен қарым-қатынаста тұрып, мәңгілік өмірге ие болуға қажеттінің **бәрі** бізге Мәсіх Иса арқылы сыйланғанын түсіндіргісі келді.

3. * **Басты тақырып қандай болған және автор қандай тәлім берген?** (8)

4. * **Сол қауым біздің қауымға қай жағынан ұқсайды? Біз көрген қиындықтар олардікіне қай жағынан ұқсайды? Осы үзіндідегі қандай маңызды ойдың біздің бүгінгі қауымға қатысы бар?** (9)

* Егер біреу: «Иса жеткілікті емес, Одан кейін келген бір пайғамбарға сену керек», — десе, онда оған қандай жауап беруге болады? (10)

Қосымша

Хаттарды (немесе Киелі кітаптың кез келген басқа бөлігін) зерттеудің тағы бір жолы: оқыған тарау не үзінді туралы мына 5 сұраққа жауап беріп көру. Кәне, осыны бірге істеп көрейік:

1. * **Бұл үзіндіде Құдай (Әке, (рухани) Ұлы және Киелі Рух) туралы не жазылған?** (11)

2. * **Бұл үзіндіде адамдар туралы не жазылған?** (12)

3. * **Мұнда орындауға тиісті өсиет, бізге арналған ескерту немесе үлгі тұтатын мысал бар ма?** (13)

4. * Құдай бізге осы үзінді арқылы не үйретеді? (14)

5. * Мен бұл туралы кімге айта аламын? (15)

Бізге Құдаймен қарым-қатынас және мәңгілік өмір үшін қажеттінің **бәрі** Мәсіх Исада бар!

Үй тапсырмасы

Келесі сабақта бірге зерттей алуымыз үшін Салониқалықтарға арналған 1-хатты оқып шығыңыз.

Жауаптар

1. Себебі хаттарды және Ізгі хабарларды сол оқиғаның куәгерлері жазған немесе куәгерлердің көзі тірісінде жазылған. Алғашқы сенушілер бұл жазбаларды сеніммен қабылдап, көшіріп, Рим патшалығының түкпір-түкпіріне және одан әрі қарай таратты. Сол көшірмелердің бәрін жинап алып, жаңа нұсқаларын жіберу тіпті де мүмкін болмады. Сонымен қатар алғашқы сенушілер өздері шындық деп қабылдаған Інжіл шарифтің мазмұнын өзгертуге жол бермес еді!
2. 1) Оларда сенушілерге Иса туралы және Ол сыйлайтын құтқарылу жайлы тәлім берілген. Сөйтіп хаттар сенушілерді сенімдеріне адал болуға жігерлендірді.
2) Сенушілер жалған тәлім қабылдаған кездері хаттар арқылы олардың **қателері түзетілген. Осылайша сенушілер** шындықты біліп, соған сенді.
3) Оларда сенушілерге **Құдайға ұнайтындай дұрыс өмір сүру жайлы тәлім берілген.**
3. Пауыл елші.
4. 1) Бұл қауымда қандай мәселелер болды?
2) Қандай сөздер не сөз тіркестері қайталанады?
3) Негізгі тақырып қандай? Автор сенушілерге қандай тәлім бергісі келді?
4) Сол қауым біздің қауымға қай жағынан ұқсайды? Біз көрген қиындықтар олардікіне қай жағынан ұқсайды? Осы үзіндідегі қандай маңызды ойдың біздің бүгінгі қауымға қатысы бар?
5. Олар Мәсіх Иса жеткіліксіз болуы мүмкін деп ойлады.
6. Пауыл елші «әр, барлық, бәрі, бүкіл, толықтай» деген сөздерді жиі қолданған.
7. Оның еркін **толықтай** біліп **әр** түрлі игі істер істеп жаратылыс атаулының **бәрінен** жоғары нәрселердің **бәрін** Құдай Өзінің (рухани) Ұлы арқылы жаратты

бәрі де Мәсіх арқылы және Мәсіх үшін жаратылған
бүкіл әлем жаратылмай тұрғанда-ақ Ол бар болатын
бәрін аман сақтайтын да — Сол
барлық жағынан да Оның жолы үлкен
Құдай Өзінің **бүкіл** болмысының (рухани) Ұлында тұрғанын ұнатты
барлық нәрсені Өзімен татуластыруды қалады

8. Мәсіх Құдайдың қандай екенін көрсетеді, Ол Құдайдың Өзіне тең (15-аят);
Ол жаратылыс атаулының бәрінен жоғары (15-аят); көзге көрінетін және
көрінбейтін нәрселердің **бәрі** Ол арқылы жаратылған (16-аят);
Ол айқышта қанын төгіп, құрбан болғандығының арқасында Құдай
жаратылысты Өзімен татуластырды (20-аят). Сондықтан бізге керегі тек Иеміз
Иса ғана!
9. Кейде адамдар бізді Киелі кітап және Мәсіх Иса жеткіліксіз, қайта, бізге басқа
бірдеңе керек деп сендіруге тырысады.
10. Осы үзіндіден сіз қолдана алатын сөз тіркестері мен сөйлемдерді іздеп
табыңыз!
11. • Киелі Рух бізді парасатты да рухани көреген қылады.
 - Әке бәрімізді Өзінің халқы иемденетін нұрлы Патшалығынан үлес алуға
лайықтады.
 - Әке бізді қара түнектің билігінен құтқарып, сүйікті Ұлы Иса Мәсіхтің
Патшалығына енгізді.
 - Көзге көрінбейтін Құдайдың қандай екенін Иса көрсетеді.
 - Иса жаратылыстың бәрінен жоғары.
 - Көктегі әрі жердегі нәрселердің бәрі Иса арқылы және Иса үшін
жаратылған.
 - Әлем жаратылмай тұрғанда-ақ Ол бар болатын, бәрін аман сақтайтын да —
Сол.
 - Мәсіх — сенушілер қауымының, яғни, Өзінің рухани денесінің Басы.
 - Ол — өлімнен қайта тірілгендердің ең Бастысы.
 - Барлық жағынан да Оның жолы үлкен.
 - Құдай Өзінің бүкіл болмысының Исаның бойында тұрғанын ұнатты.
 - Исаның құрбандық өлімі арқылы күнәларымыздың құны өтеліп,
күнәларымыз кешірілді.
 - Құдай Исаның айқышта қанын төгіп, құрбан болғандығының арқасында
татулық орнатып, барлық нәрсені Өзімен татуластырды.
12. Құдай адамдарды жаратты және Оның Ұлы оларды құтқару үшін өмірін
құрбан етті.
13. Елші Қолос қаласындағы қауым үшін әрдайым мінажат еткен. Бұл бізге үлгі
бола алады.
Біздің мақсатымыз:
 - Иемізге лайықты өмір сүріп, Оны барлық жағынан риза ету
 - әрдайым игі істер істеу
 - Құдайды барған сайын тереңірек танып-білу
 - Оның құдіреті арқылы күшейіп, төзімді және қуанышты болу
 - бізді Оның нұрлы Патшалығынан үлес алуға лайықты еткен көктегі Әкеге
үнемі алғыс білдіру.
14. Құдайдың сізге осы аяттар арқылы үйреткенін басқалармен бөлісіңіз.
15. Сіз осы сабақ туралы сөйлесе алатын бір адамның аты кім?



35-сабақ: Салониқалықтарға 1-хат

Хат туралы жалпы мәлімет

Пауыл елші бұл хатты Грекияның Салониқа қаласындағы сенушілерге арнап жазған. Сол заманда Салониқа өте үлкен де маңызды қала болған. Мына картадан Салониқаны табыңыз.

Бұл Пауыл елші жазған алғашқы хаты болуы мүмкін.

Елш 17:1-10-аяттарда Салониқадағы қауымның қалай басталғаны туралы жазылған.

* Пауыл елші сол жерде қанша уақыт болды? (1)

Пауыл елші Салониқаға алғашқы сапарынан кейін тағы бармақ болды, бірақ оның реті келмеді. Сол себепті елші осы хатты жазды.

Бұл — Құдай өміріміздегі қиындықтарды қалайша игілікке айналдыра алатынын бейнелейтін жақсы мысал. Шамамен 2000 жыл бойы Құдай осы хат арқылы миллиондаған адамдарды жарылқап келеді!



Осы хатта Пауыл елші мына төрт тақырыпқа тоқталды:

1. Мәсікке сенбейтін кейбіреулер елшіні жамандаған еді, сондықтан ол өзінің сенуге болатын адам екенін дәлелдеуге тиіс болды (**Сал1 2:1-3:10**). Себебі егер сенушілер Пауылды зұлым адам деп ойласа, онда олар оның тәліміне бұдан былай сенбейтін еді.
2. Елші сенімдері үшін қуғын көріп жүрген сенушілерге жігер берді (**Сал1 1:2-10; 2:14; 3:1-5**).
3. Елші оларға Құдайға бағышталып қасиетті өмір сүру керектігін ескертті (**Сал1 4:1-12; 5:12-22**).
4. Ол сенушілер қайтыс болғаннан кейін және Мәсіх қайта оралғанда не болатыны туралы түсіндірді (**4:13-5:11**).

* Пауыл елші Салониқадағы сенушілерге қандай төрт нәрсе туралы жазған? (2)

1.

2.

3.

4.

Бірінші тарау

Біз Киелі кітаптың кез келген үзіндісін оқығанда оны түсіну үшін қоятын 5 сұрақты қолданып көрейік.

*** Олар қандай 5 сұрақ? (3)**

1.

2.

3.

4.

5.

1. * Бұл үзіндіде Құдай (Әке, (рухани) Ұлы және Киелі Рух) туралы не делінген? (4)

2. * Бұл үзіндіде адамдар туралы не делінген? (5)

3. * Бұл жерде бізге мойынсұнуға деген өсиет, ескерту немесе үлгі болатындай мысал бар ма? (6)

4. * Құдай бұл үзінді арқылы бізге не үйретеді? (7)

Сенім, сүйіспеншілік, үміт

Сенім, сүйіспеншілік, үміт деген сөздер Пауыл елшінің хаттарында маңызды орын алады.

Сенім, сүйіспеншілік, үміт өміріміздің негізін құрайды. Егер олардың біреуі кем болса, онда сеніміміз ұзаққа бармайды.

Сенім: Мәсіх Исаның адамзаттың Соттаушысы ретінде жақында қайтып келетіні менің күнделікті өмірімдегі барлық істеріме әсер ете ме?

Сүйіспеншілік: Маған ұнамайтын немесе сүйеге қиын адам бар ма? Егер болса, онда Құдайдан оған сүйіспеншілік көрсетуге мүмкіндік жасап беруін сұрауым керек. Егер біреуге іс жүзінде сүйіспеншілік көрсетсек, онда жүрегімізде оны сүйе бастаймыз!

Үміт: Мәсіх Исаға сенгеніміз үшін басқалар бізге қарсы шықса, онда Мәсіхтің жақында бізді Өзімен мәңгі бірге болу үшін алып кететінін білеміз. Мәсіх бізге сенімде берік болуға батылдық береді!

Мәсіх Иса қайта оралғанда, біздің қазіргі мәселелеріміздің Жаңа жаратылыспен салыстырғанда түкке тұрғысыз болып қалатынын білеміз!

Біз азап шеккен кезде де жан дүниемізде қуаныш пен тыныштық болса, адамдар өмірімізден Киелі Рухтың құдіретін көре алады. Бір қызығы, қауымдар құдаланса да, олар кей кездері бәрібір қатты өскен.

Сіз сенім, сүйіспеншілік, үміт үшеуінің қайсысында өсіп жетілуіңіз үшін Құдайдан көмектесуін сұрауыңыз қажет?

5. * Бұл туралы кімге айта аламын? (8)

Үй тапсырмасы:

Осы аптада бұл хатты тағы да оқып шығыңыз және әр тараудан кейін өзіңізге жоғарыда берілген 5 сұрақты қойыңыз.

Жауаптар:

1. Шамамен 2 апта ғана. (Елші 3 сенбі яки демалыс күні Салониқадағы мәжілісханаға барған.)
2. 1) Мәсіхке сенбейтін кейбіреулер Пауыл елшіні жамандаған еді, сондықтан ол өзінің сенуге болатын елші екенін дәлелдеуге тиіс болды. Себебі егер сенушілер Пауылды зұлым адам деп ойласа, онда олар оның тәліміне бұдан былай сенбейтін еді.

- 2) Елші сенімдері үшін қуғын көріп жүрген сенушілерге жігер берді.
 - 3) Елші оларға Құдайға бағышталып қасиетті өмір сүру керектігін ескертті.
 - 4) Ол сенушілер қайтыс болғаннан кейін және Мәсіх қайта оралған кезде не болатыны туралы түсіндірді.
3. 1) Бұл үзіндіде Құдай (Әке, (рухани) Ұлы және Киелі Рух) туралы не жазылған?
- 2) Бұл үзіндіде адамдар туралы не жазылған?
 - 3) Бұл жерде орындалуы керек өсиет, бізге арналған ескерту немесе үлгі боларлық мысал бар ма?
 - 4) Құдай бізге бұл үзінді арқылы не үйретеді?
 - 5) Бұл туралы кіммен бөлісе аламын?
4. • Құдай оларды сүйеді (4-аят).
- Құдай оларды таңдап алды (4-аят).
 - Елшілер салониқалықтарға Ізгі хабарды Киелі Рухтың жетелеуімен әрі құдіретімен жеткізді (5-аят).
 - Киелі Рух бізге қиыншылықтарға ұшыраған кезімізде қуаныш сыйлайды (6-аят).
 - Құдай тірі әрі шынайы (9-аят).
 - Ол Исаны өлімнен қайта тірілтті (10-аят).
 - Иса көктен қайта оралады (10-аят).
 - Иса бізді келешектегі қаһарлы соттан құтқарып алады (10-аят).
5. Олардың сеніммен игілікті іс істеп, сүйіспеншілікпен ауыр еңбек еткендері және Иеміз Исаға табандылықпен үміт артып жүргендері жөнінде білеміз (3-аят).
- Олар Пауыл, Сыйлас пен Тімотеге еліктегені сияқты, өздері де басқа сенушілерге үлгі болды (1:1,6-7-аяттар).
- Олар көп азапқа ұшыраса да, Ізгі хабарды қуанышпен қабылдағандықтан, олардың сенімі туралы бәрі естіген еді (6,8-аяттар).
- Бұрын олар жалған тәңірлерге табынған еді, енді тірі әрі шынайы Құдайға қызмет етті (9-аят).
6. Пауыл елші әрқашан сол сенушілер үшін Құдайға алғыс айтты (2-аят).
- Елші олар үшін әрдайым мінажат етті (2-аят).
- Сенушілер керемет үлгі көрсете білді: олар сеніммен игілікті іс істеді, сүйіспеншілікпен ауыр еңбек етті және Иеміз Иса Мәсіхке табандылықпен үміт артты (3-аят).
- Олар азап шеккенмен, Киелі Рух сыйлаған қуанышқа кенелді.
- Мұның бәрі басқа сенушілер еліктейтін жақсы үлгі болды (6-аят).
- Оларға Иеміз Исаның жақында қайта оралатыны маңызды болды (10-аят).
7. Әркім өз ойын айтып жауап берсін.
8. Бұл туралы айтып бергіңіз келетін адамның есімін атаңыз. Осы тапсырманы дұрыс орындай алуларыңыз үшін бір-біріңіз үшін мінажат етіңіздер.



36-сабақ: Мәсіх Исаның қайта оралуы және қиямет соты

Мәсіх Исаның қайта оралуы

Инжіл шарифтің көп жерінде Мәсіх Исаның қайта оралуы туралы жазылған. Ол бізді мәңгілік мекенге алып кететін болады! Сонда Жаратқан Ие Ыбырайымға берген уәделерінің бәрін орындайтын болады!

* **Жар 12:1-7**-аяттар бойынша Жаратқан Ие Ыбырайымға қандай уәделер берген еді? (1)

Құдайдың **халқы** тамаша жаңа **жерде** өмір сүретін болады. Сонда біз тіпті көз алдымызға елестете алмайтындай **жарылқанатын** боламыз!

Мат 24:1-44-аяттарды оқып шығайық. Оларда Мәсіх Иса қайта оралар алдындағы жағдай сипатталған.

* 6-8-аяттар бойынша, Мәсіх не деді? (2)

* 14-аят бойынша, Мәсіх не деді? (3)

Қосымша

Мат 24:15: *«Ендеше, бір кезде сендер, Даниял пайғамбар алдын ала айтқандай, киелі үйді арамдап бос қалдыратын жексұрын нәрсенің сол қасиетті орында тұрғанын көретін боласыңдар».*

Мат 24:15-21-аяттарда Мәсіх Даниял пайғамбардың жазбасында бейнеленген бір сұмдық жайтқа меңзеген. Онда болашақта Иерусалимдегі ғибадатханада арам жануар құрбандыққа шалынып, соның кесірінен зұлым билеушінің жазаланатыны жайлы жазылған (Дан 9:27; 11:31; 12:11).

Б.з.д. 167 жылы грек билеушісі Антиох Епифан Иерусалимдегі ғибадатханада жалған тәңірге арнап арам құрбандық ұсынып, Жаратқан Иенің атын қорлаған еді. Содан соң яһудилер жаппай көтеріліс жасаған.

Ал Мәсіх осы сөздерімен болашақта мына екі оқиғаның болатынын білдірген:

1. Иерусалимдегі ғибадатхана қиратылады. Бұл оқиға б.з. 70 жылы орын алғанда, яһудилер үшін сұмдық апат болды. Алайда Құдайдың өз халқының күнәларын кешіруі үшін енді Иерусалимдегі ғибадатхана мен құрбандықтар керек болмады.

* Неліктен бұлай болды? (4)

2. Сонымен қатар, Мәсіх мұнда Өзінің қайтып келетіні туралы айтқан. Соның қарсаңында Құдайдың халқы қатты қарсылыққа тап болады.

* Мат 24:15-20-аяттарда Мәсіх қандай екі оқиға туралы айтқан? (5)

* **21-аят:** Мәсіх жер бетіне қайта оралмас бұрын қандай жағдай болмақ? (6)

29-30-аяттар: Мәсіх Ишая пайғамбардың жазбасынан аяттар келтірді.

* Сонда Ол не деді? (7)

* **30-аят:** Мәсіхтің Билеуші ретінде көктен қайтып келе жатқанын кімдер байқайды? (8)

Әлемде болған апат, мысалы, жер сілкінісі туралы ақпаратты көп адам теледидар не телефоннан біледі. Білмей қалатындар да кездеседі. Ал қиямет күні Мәсіх көктен қайта оралғанда, мұны жер бетіндегі адамдардың бәрі тез білетін болады. Ұйықтап жатқандар оянады. Мәсіхтің қайтып келуі туралы естімей қалатын ешкім болмайды.

* **31-аят:** Мәсіх періштелерін не істеуге жібермек? (9)

* **35-аят:** Сол заманда не жойылады, ал не жойылмайды? (10)

* **36-аят:** Мәсіх Исаның қашан қайта оралатынын кім біледі? (11)

Мәсіх Иса жер бетінде Адам болып өмір сүргенде, Оның білмеген нәрселері болған. Мысалы, Өзінің қашан қайта оралатыны жалғыз көктегі Әкеге ғана белгілі болды (36-аят). Ал біреу Мәсіхтің қайтып келетін күнін білемін десе, оған сенбеуіміз керек.

Ғасырлар бойы Мәсіхтің қайта оралатын күнін болжауға тырысқан адамдар болды. Бірде-біреуінің айтқаны дұрыс болмай шықты! Көктегі кемелді Әкеміз — Құдай бұл оқиғаның қашан болатынын нақты біледі. Сондықтан Оған сенім артуымыз керек!

* **37-39-аяттар:** Нұх кеме салып, адамдарға топан су туралы алдын ала ескерткен (салыстырыңыз Пет1 3:20; Пет2 2:5). Сонда олар не істеді? (12)

* Сосын оларға не болды? (13)

* Қазіргі адамдар Нұх пайғамбардың заманындағы адамдарға қай жағынан ұқсайды? (14)

* **42-43-аяттар:** Мұнда Исаның Билеуші ретінде қайтып келетіні туралы не жазылған? (15)

* **44-аят:** Біз не істеуіміз керек? (16)

Қиямет соты

Мәсіх Иса қиямет сотының қандай болатынын түсіне алуымыз үшін мына астарлы әңгімені айтқан.

Мат 25:31-46-аяттарды оқыңыз.

* Құдай тағайындаған Билеуші, яғни, Мәсіх адамдарды екі топқа бөлмек. Мәсіх осы 2 топты қандай екі түрлі малға теңеген? (17)

* Мәсіх қай топты Өзінің Патшалығынан үлес алуға шақыратын болады? (18)

* Мұндағы «қойлар» деген кімдер? (19)

* Мәсіх Иса адамдарды не бойынша соттайтын болады? (20)

* Ал **Жох 3:16**-аят бойынша, кімдер мәңгілік өмірге ие болады? (21)

* Осы екі қағида бір-біріне қайшы келе ме? (22)

- Бәріміз күнә жасағанбыз яки «серкеміз». Бірақ Құдайдың рақымымен Мәсіх күнәларымыздың төлемдерін өтеген. Соның негізінде біз кешіріліп, ақталдық (**Рим 3:23-24**) **яки «қойға» айналдық!** Құдай Иеміз қандай керемет!
- Мәсіх Иса бізді құтқарған кезде Оның халқына қуана қызмет етуіміз үшін жүрегімізді өзгертті.
- Біздің істеген істеріміз Мәсіх Исаға шынымен сенеміз бе, жоқ па, соны көрсетеді (салыстырыңыз Жақ 2:14-18).

* Біздің істеген істеріміз нені көрсетеді?

Біз «қоймыз» ба әлде «серкеміз» бе?



Матай да, Жохан да біздің істеген істерімізге қарап сеніміміздің қандай екенін көруге болатыны жайында жазған. Екеуі де Мәсіх Исаға сенетін адамдардың игі істер істейтіні жөнінде сипаттаған. Жохан тек Жох 3:16-аятты ғана емес, **Жох 5:28-29**-аяттарды да жазған.

* Осы аяттар бойынша, жақсылық жасағандарға не болады? (23)

* Ал жамандық жасағандарға не болады? (24)

Жұмақ пен тозақ

Мат 25:31-46-аяттар бойынша, екі түрлі жер бар: Мәсіхтің Патшалығы (ол кейде жұмақ деп те аталады, мысалы, Лұқ 23:43) және тозақ.

* 25:34-аят: Мәсіх Оған бағышталып өмір сүргендерге не дейтін болады? (25)

Бұл — адам баласы естүі мүмкін ең тамаша сөздер!

Құдай бізге Онымен бірге тұратын Патшалық дайындаған. Сонда біз Оған мәңгі қуанатын боламыз! (Аян 21:3-4)

Егер біз Мәсіх Исаға сенім артып мойынсұнсақ, Құдай бізді молынан жарылқайтын болады!

* 41-аят бойынша, Мәсіх тек өздері үшін ғана өмір сүріп, Құдайға мойынсұнбағандарға не дейтін болады? (26)

Бұл — адам баласы естуі мүмкін ең қорқынышты сөздер! Құдай Өзіне мойынсұнудан бас тартқандарды жазалайтын болады.

Олар шайтанмен және жындармен бірге Құдайдан түбегейлі ажырайтын болады. Бұл мәңгілік өлім орны болмақ.

Сенімділік

Жох1 4:15-18-аяттарды оқыңыз.

* Бізге қиямет сотында нық сенімді болуға Кім көмектеседі? (27)

* Жох1 4:16-17-аяттар: Құдайдың бізбен тығыз қатынаста тұратыны жөніндегі ең зор дәлел қандай? (28)

* Құдайдың бізбен тығыз қатынаста тұратынын дәлелдейтін қандай куәлік бар?

Мәсіх Исаны қаншалықты сүйіп, Оған мойынсұнғымыз келеді?

Өзіңізді тексеруге арналған сұрақтар

Үйде:

Отбасымызда бір-бірімізді сүйіп, жігерлендіру үшін қолымыздан келгенді істейміз бе? Бізге тамақ дайындау, үй жинау, киім жуу, т.с.с. қызмет көрсеткендерге алғыс білдіреміз бе?

Біреуге көмек керек болғанда, оған тез көмектесеміз бе?

Жұмыста:

Біз қалай жұмыс істейміз? Жұмысымызды көңілсіз атқарамыз ба? Мүмкіндігінше аз жұмыс істеуге тырысып, оны тез-тез істей саламыз ба? Әлде Иеміз Исаға және бастығымызға ұнау үшін жұмысты қуанышпен әрі қолымыздан келгенше жақсы істейміз бе?

Жиналыстарда:

Біз жетекшілерді қолдап, сыйлап, олар үшін мінажат етеміз бе?
Басқаларға қызмет етуге көмектесеміз бе, жиналыстан кейін үйді жинауға қатысамыз ба?

Мұқтаждарға көмек беруден қашқақтамаймыз ба? Әлде: «Бұл — олардың мәселесі, өздері шешіп алсын», – дейміз бе?

Достық:

Басқалар туралы қалай сөйлейміз: жақсы немесе жаман нәрселер айтамыз ба? Мынадай ереже бар: «Егер біреу туралы айтқың келген нәрсені оның өзіне айта алмасаң, онда ештеңе айтпағаның дұрыс».

Бізді ренжіткен немесе сөздері бізге ұнамайтын адамдар үшін мінажат етеміз бе? Біреумен ұрысып қалсақ, онымен татуласу үшін қолымыздан келгеннің бәрін істейміз бе?

Осылардың қайсысын істеуге сізге Мәсіх Исаның көмегі керек?

Бізге арналған шақыру


* Исаның қайта оралуына дайын болу нені білдіреді? Біз соған қалай дайын бола аламыз? (29)

* Құдай осы сабақ арқылы сізді не істеуге шақырады?

Жауаптар

1. Халық, жер және жарылқау
2. Әр заманда түрлі мәселелер мен апаттар болады; бірақ бұл жақында заманның ақыры міндетті түрде болады дегенді білдірмейді.
3. Ізгі хабар күллі әлемге уағыздалмақ; содан кейін Мәсіх қайта оралады.
4. Мәсіх Иса күнәларымыздың құнын өтеу үшін өмірін біржола құрбандыққа берген! (Енді басқа құрбандықтардың қажеті жоқ.)
5. Иерусалимдегі киелі үй қиратылады. Мәсіх Исаның қайтып келуінің алдында Құдай халқы қатты қарсылыққа тап болады.

6. Мәсіх көктен қайтып келмес бұрын жерде қиын-қыстау заман болады.
7. Аспандағы алапат құбылыстар Мәсіх Исаның көктен қайтып келе жатқанын көрсететін белгі болады.
8. Жер бетіндегі барлық ұлттар, демек, адамдардың бәрі!
9. Періштелер Мәсіхтің таңдап алған адамдарын дүниенің төрт бұрышынан жинап әкелетін болады.
10. Аспан мен жер, яғни, барлық нәрселер жойылатын болады! Бірақ Мәсіх Исаның сөздері еш жойылмайды! Олар мәңгі шынайы болып қала береді және ешқашан ұмытылмайды.
11. Жалғыз Құдай біледі.
12. Адамдар бұрынғыша өмір сүре берді. Олар өздері қалағандай өмірден ләззат алып, Құдайға мойынсұнбады. «Бұл өмір ешқашан таусылмай, осылай жалғаса береді», — деп ойлады.
13. Құдай оларға үкім шығарды. Топан су жер бетін қаптағанда, бәрі қаза тапты.
14. Адамдар бұрынғыша өмір сүре береді. Олар өздері қалағандай өмірден ләззат алып, Құдайға мойынсұнбайды. «Бұл өмір ешқашан таусылмай, осылай жалғаса береді», — деп ойлайды.
15. Ол күтпеген жерден, аяқ астынан болады.
16. Мәсіхтің қайта оралуына дайын болуымыз керек.
17. Қойлар мен серкелер.
18. Қойлар.
19. Жақсылық жасаған әділдер.
20. Мәсіх адамдарға істеген істеріне қарап үкім шығарады.
21. Мәсіх Исаға сенім артқан әркім.
22. Жоқ!
23. Олар мәңгі өмір сүретін болады.
24. Олар сотталатын болады.
25. *«Әкем жарылқағандар, келіңдер! Әлем жаратылғаннан бері өздеріңе дайындалған Патшалықтан үлестеріңді алыңдар!»*
26. *«Менен аулақ кетіңдер, қарғыс атқандар! Шайтанға және оның хабаршыларына дайындалған мәңгілік тозақ отына түсіңдер!»*
27. Егер біз Исаны Құдайдың (рухани) Ұлы деп мойындап, Оған сенсек, онда Құдай жүрегіміздің төрінен орын алып, бізге мәңгілік өмір сыйлайды. Сондықтан қиямет күні сенімді бола аламыз.
28. Біздің Құдайға және бір-бірімізге деген сүйіспеншілігіміз.
29. Әр күнді Иса қайтып келердің алдындағы соңғы күн болғандай өткізуіміз керек. Өкініп, мойындауға тиісті күнәларды Құдайдан көрсетуін сұрап тұрыңыз. Сіз кешіруге тиісті адамдар бар екендігі жөнінде Құдайдан сұраңыз. Таныстарымыз бен туыстарымызға Құтқарушы Иса туралы естіп-білуге мүмкіндік берейік.



37-сабақ: Аян жазбасы (1-бөлім)

Біз Аян жазбасын екі бөлімге бөліп талқылаймыз.

Бірінші бөлімде жазбадағы кейбір негізгі ойларға тоқталамыз, ал екінші бөлімде жазбадағы бір үзіндіні оқып талқылаймыз.

Жігерлендіру

Жохан елші Аян жазбасын жазған кезде көптеген сенушілер Исаға деген сенімдері үшін азап шегіп, шейіт болып жатты. Рим патшасы адамдардың өзіне табынғанын талап етті, ал сенушілер бұлай істеуден бас тартты.

Аян жазбасы сенушілерге жігер беріп, мыналарды олардың есіне салу мақсатымен жазылған:

- Иеміз Иса — әлемге билік жүргізетін шынайы Патша!
- Өзәзіл шайтан күшті әрі зұлым; бірақ Мәсіх өлімнен қайта тірілген кезде шайтан жеңілді.
- Жуырда Мәсіх көктен қайтып келеді. Ол адамзатты соттап, шайтанды әрі басқа жауларын тозаққа лақтырмақ.
- Сонда Исаға сенім артқандар Онымен бірге тамаша жаңа жерде өмір сүрмек!

* Жохан осы жазбаны арнап жазған адамдарға не үшін жігер беруі керек болды? (1)

* Құдай осы жазба арқылы қандай төрт нәрсені сенушілердің естеріне салғысы келді? (2)

1.

2.

3.

4.

- * Бізге қашан жігер мен қолдау керек? (3)
- * Құдай осы жазба арқылы нені есімізге салғысы келді? (4)

Аян мен көріністер

Аян жазбасы Інжіл шарифтегі басқа жазбалардан ерекшеленеді. Онда Иеміз Исаның Жохан елшіге берген аяны туралы жазылған. Елші сондағы көріністерде ғажайып нәрселер көріп-естіді; бұлардың өз мағыналары болды. Аян жазбасы тарихи баяндама емес: ол Елшілердің істері жазбасына ұқсамайды. Аян жазбасында кейбір ғажайып нәрселер туралы оқығанда: «Бұл нені білдіреді?» — деген сұрақ қоюымыз керек.

Сол сияқты, Көне Келісімде (мысалы, Даниял, Езекиел және Зәкәрия жазбаларының кейбір тарауларында) пайғамбарлар көріністер көрген жерлер де бар. Сол көріністердің де өз мағыналары болды.


Аян жазбасында кездесетін бейнелердің бәрін Көне Келісімнен де табуға болады. Көне Келісімді оқып зерттеу бізге Аян жазбасын да, Інжіл шарифтегі басқа жазбаларды да түсінуге көмектеседі!

- * Аян жазбасының Інжіл шарифтегі басқа жазбалардан қандай айырмашылығы бар? (5)
- * Көне Келісімдегі қандай пайғамбарлар ерекше мағынаға ие нәрселер мен оқиғалар туралы көріністер көрді? (6)

Енді Аян жазбасындағы айрықша белгілерге (символдарға) назар аударайық.

Айдаһар және мүйіздер

- * **Аян 12:3-аят:** Жохан елші қандай мақұлық көрді? (7)
- * Айдаһар деген қандай мақұлық? (8)
- * Айдаһар нені бейнелейді? (9)
- * Оның қанша мүйізі бар? (10)



Көне Келісімде қорқынышты 10 мүйізі бар мақұлық туралы айтылған үзіндіге назар аударайық.

* **Дан 7:7**-аят бойынша, Даниял пайғамбар нені көрді? (11)

Дан 7:23-24-аяттарда бұл мақұлықтың нені білдіретіні түсіндірілген.

* Он мүйіз нені білдіреді? (12)

* Барлық зұлым саяси күштердің артында шайтан тұрады. Осыған қатысты қандай мысалдар ойыңызға келеді? (13)

Сандар

Аян жазбасында ерекше мағынаға ие бірсыпыра санды кездесеміз. Бұл сандар да жай белгілер (символдар); оларды тура мағынада қабылдамау керек.

Аян жазбасында келтірілген бірнеше санды қарастырайық.

Жеті саны

* **Жар 2:2**-аятты оқыңыз. Ондағы жеті санының мағынасы қандай деп ойлайсыз? (14)



* **Аян 1:11**-аятты оқыңыз. Иеміз Иса Жоханға не істеуді тапсырды? (15)

Мұның мағынасы мынада: сол хаттар (және Аян жазбасының барлығы) тек сол заманғы ғана емес, қазіргі де қауымдардың барлығына арналған.

Кейде осылайша аздап математикаға көңіл бөлуіміз қажет!

Аян 12:6-аятты оқыңыз. Мұндағы әйел Құдайдың халқын бейнелейді.

* Құдай әйелді қанша уақыт бойы қамқорлайды? (16)

* Бұл қанша ай? (17)

* Бұл қанша жыл? (18)

Егер жеті жыл мәңгілікті білдірсе, онда үш жарым жыл, яғни, жеті жылдың жартысы мынаны бідіреді: Құдай халқының айдаладағы сапары мәңгіге созылмайды!

Алты саны

* Алты санының мағынасы қандай? Жетінікі сияқты ма? (19)



Алты санының мағынасы — «жетіден кем». Алты — кемелділікке жетпеудің белгісі, тіпті, зұлымдықтың да белгісі.

Әзәзіл шайтан Құдай сияқты болып көрінуге тырысады. Кейде бір нәрсе «жетіге» жақын болып көрінеді. Сонда біз оны жеті ретінде қабылдауымыз мүмкін, бірақ шынында ол жеті емес, алты, яғни, дұрыс емес. Шайтан бізді Құдайға емес, өзіне бағынуға көндіру үшін алдап, азғыруға ұмтылады.

* Бір нәрсенің Құдайдан екенін немесе Одан еместігін қалай ажырата аламыз? (20)

Еврейлер бір нәрсені баса айтқысы келсе, оны үш рет қайталап айтқан.

* **Иш 6:3**-аятта керубтер Жаратқан Иені қалай сипаттаған? (21)

Қазақша «киелі, қасиетті, қастерлі» сөздері осы аяттың еврейше түпнұсқасындағы «кадош, кадош, кадош» сөздерінің аудармасы болып табылады. Демек, керубтер Жаратқан Иенің толық киелі, қасиетті және қастерлі екендігін білдірді.

7 саны кемелділікті білдіреді. Егер Жаратқан Иені санмен сипаттағымыз келсе, онда Оны 777 санымен сипаттар едік. Себебі Ол толығымен кемелді әрі мінсіз.

* Ал шайтан бізді алдағысы келеді. Шайтан ешқашан жақсы болмайды, ол әбден зұлым. **Аян 13:18**-аят бойынша, шайтанды бейнелейтін сан қандай? (22)

* Бұл нені білдіреді? (23)

Он саны

Жохан елші уақыт аралықтары туралы жазғанда, он күн аз уақыт, ал мың жыл өте ұзақ уақыт аралығын білдіреді. Мысалы:

* **Аян 2:10**-аятты оқыңыз. Қауым азап шегетін кезең қанша уақытқа созылады? (24)



Бұл қысқа уақытты білдіреді.

* **Аян 20:1-6**-аяттарды оқыңыз. Шайтан қанша уақытқа бұғауланады? (25)

* Сенушілер Иеміз Исамен бірге қанша уақыт билік жүргізеді? (26)

Мың жыл өте ұзақ уақытты білдіреді. Киелі кітап түсіндірмешілерінің бірқатары осы аяттарды былай деп түсіндіреді: мыңжылдық Патшалық Мәсіх Исаның Бетлехемде дүниеге келуі мен көктен қайта оралуының арасындағы уақыт аралығын (яки Мәсіхтің қайта тірілуі мен Оның адамзатты соттауға қайта оралуының арасындағы кезеңді) астарлап білдіреді. Бұл — қазіргі заман. Мәсіх Иса Өзінің қауымын

басқарып, күшейтіп жатыр. Шайтан бұғаулы, сондықтан сенушілерге қалағанындай зиян тигізе алмайды. Алайда ол біраз уақытқа босатылып, сұмдық істер істейтін болады. Содан кейін Мәсіх Иса жер бетіне қайта оралады.

* **Аян 2:10**-аятта айтылған «он күн» нені білдіреді? (27)

* **Аян 20:1-6**-аятта айтылған «мың жыл» нені білдіреді? (28)

Көптеген мәсіхшілердің пікірі екіге бөлінетін үлкен сұрақ Аян 20:1-6-аяттарды қалай түсінетінімізде болып тұр.

Біз мынаны есте сақтауымыз керек:

- Аян жазбасында көптеген бейнелер (символдар) бар, солардың бірі — «мың жыл».
- Егер бір тәлім ерекше маңызды болса, Құдай Киелі кітапта сол туралы көп айтқан.
- Киелі кітапта анық берілген тәлімдерге көбірек назар аударуымыз қажет, мысалы: Мәсіх Иса біздің күнәларымыздың құнын өтеу үшін өмірін құрбан етті; Мәсіх өлімнен қайта тірілді; Ол адамзаттың Соттаушысы ретінде қайта оралады; Мәсіхке сенім артып мойынсұнғандар содан кейін Онымен бірге тамаша Жаңа жаратылыста өмір сүретін болады.
- Бізге ақырзаман туралы Киелі кітапта анық және бірнеше рет қайталап жазылған тәлімге артық бірдеңе қосудан сақ болуымыз керек.
- Сонымен қатар біз түсіндірмемізбен келіспеген бауырластарды да құрметтеп, сүйуге тиіспіз!

* Басқа сенушілер біздің түсіндірмемізбен келіспеген жағдайда нені есте сақтауымыз керек? (29)

1.

2.

3.

4.

5.

Он екі саны

12

* **Мыс 24:4**-аятты оқыңыз. Израилде қанша ру болған? (30)

* **Лұқ 6:13**-аятты оқыңыз. Мәсіх Иса қанша елші таңдап алды? (31)

* Сонымен он екі саны қандай мағынаны білдіреді? (32)

Аян 21:12-14-аяттарды оқыңыз. Оларда «Жаңа Иерусалим» суреттелген.

* «Жаңа Иерусалимде» қанша қақпа бар? (33)

* Онда қанша періште бар? (34)

* Қаланың қанша іргетасы бар? (35)

Бұл — кемелді де қауіпсіз қала!

Тағы да аздап математикаға көңіл бөлейік:

* 12×12 қанша болады? (36)

* Ал 144×1000 қанша болады? (37)

* **Аян 7:4**-аятты оқыңыз. Осы аят бойынша, Құдайдың қызметшілерінің саны қанша болады? (38)

Бұл — сенушілердің толық санын («12») сенушілердің толық санына («12») көбейтіп, оны өте үлкен, санауға келмейтін санға (1000) көбейткенде, шығатын сан, яғни, $12 \times 12 \times 1000 = 144000$.

* Сонымен 144000 нені білдіреді? (39)

Демек, Құдайдың барлық қызметшілеріне көкте орын болады! «Мәсікке сенушілердің ішінен арнайы таңдалғандарға ғана көкте орын болады» дейтіндерге сенбеңіз!

Аяндағы сандардың бәрі белгілер (символдар) ғана; оларды тура мағынасында қабылдауға болмайды. Құдай бізге осы сандар арқылы не айтқысы келгені туралы ойлауымыз керек.

* Жохан елші Аян жазбасын не үшін жазған? (40)

Жаттап алуға арналған аят

Мынау — Исаның қауымға берген керемет уәдесі. Бұл — Оның өз халқына арнаған сөзі. Иеміз бізге жақын! Ол бізді Өзімен тығыз байланыста болуға шақырады!



Аян 3:20: «Міне, Мен есік алдына келіп, қағып тұрмын. Кімде-кім даусымды естіп, есік ашса, Мен оның жан дүниесіне еніп, онымен бірге «дастарқандас» боламын; ол да рухани нәр алып Менімен тығыз байланыста болады».

Қосымша: Сандарға байланысты тексеру сұрақтары:



- * 7 саны нені білдіреді? (41)
- * 6 саны нені білдіреді? (42)
- * 10 саны нені білдіреді? (43)
- * 12 саны нені білдіреді? (44)

* Қудаланып жатқан сенушілерге қалай жігер бере аласыз?

* Аян жазбасындағы қандай ойлар жөнінде олармен бөлісе аласыз?

Жауаптар:

1. Себебі көптеген сенушілер Мәсіх Исаға деген сенімдері үшін шейіт болып жатты.
2. 1) Иеміз Иса — әлемге билік жүргізетін шынайы Патша!
2) Әзәзіл шайтан зұлым әрі күшті, бірақ Мәсіх Иса өлімнен қайта тірілген кезде шайтан жеңілді.
- 3) Жақында Мәсіх көктен қайтып келеді. Сонда Ол адамзатты соттап, шайтанды және барлық басқа жауларын тозаққа лақтырмақ!
- 4) Ал Мәсіх Исаға сенім артқандардың бәрі Онымен бірге тамаша жаңа жерде мәңгі өмір сүрмек.

3. Әр күні!
4. - Иеміз Иса — әлемге билік жүргізетін шынайы Патша!
 - Әзәзіл шайтан зұлым әрі күшті, бірақ Мәсіх Иса өлімнен қайта тірілген кезде шайтан жеңілді!
 - Жақында Мәсіх көктен қайтып келеді. Сонда Ол адамзатты соттап, шайтанды және барлық басқа жауларын тозаққа жіберетін болады!
 - Ал Мәсіх Исаға сенім артқандардың бәрі Онымен бірге тамаша жаңа жерде мәңгі өмір сүретін болады.
5. Аян жазбасында Иеміздің Жохан елшіге берген аяны мен көрсеткен көріністері сипатталған. Ол тарихи баяндама емес.
6. Даниял, Езекиел және Зәкәрия.
7. Елші қызыл айдаһар көрді.
8. Айдаһар — қауіпті әрі жыртқыш хайуан.
9. Әзәзіл шайтан.
10. Он мүйіз.
11. Ол он мүйізді қорқынышты айуанды көрді.
12. Он патшаны.
13. Гитлер, Сталин сияқты зұлым билеушілер.
14. Құдай әлемді алты күнде жаратып, жетінші күні демалды. Жеті саны — Киелі кітапта кемелділікті білдіретін сан.
15. Иеміз Жохан елшіге жеті қауымға хат жазып, жіберуді тапсырды.
16. 1260 күн.
17. 42 ай (1260-ты 30-ға бөлсе, 42 шығады).
18. Үш жарым жыл (42-ні 12-ге бөлсе, 3,5 шығады).
19. Жоқ, алты жетіден басқа!
20. Киелі кітапты неғұрлым көбірек оқып, Киелі Рухқа құлақ ассақ, соғұрлым өтірікті шындықтан жақсы ажырата аламыз.
21. Киелі, қастерлі, қасиетті.
22. 666.
23. Шайтан барынша әрі әбден зұлым.
24. 10 күн.
25. 1000 жылға.
26. 1000 жыл.
27. Қысқа уақыт.
28. Өте ұзақ уақыт.

29. 1) Аян жазбасында көптеген белгілер бар, ал «1000 жыл» — солардың бірі.
2) Егер бір нәрсе маңызды болса, Құдай ол туралы Киелі кітапта бірнеше рет қайталап айтқан.
3) Біз Киелі кітапта анық айтылған нәрселерге назар аударуымыз қажет. Мысалы: Мәсіх Иса біздің күнәларымыздың құнын өтеу үшін өмірін құрбандыққа берді. Мәсіх өлімнен қайта тірілді. Ол адамзатты Соттаушы ретінде көктен қайта оралады. Сол кезде Иемізге сенім артып, мойынсұнғандар Онымен бірге тамаша Жаңа жаратылыста мәңгі өмір сүретін болады.
4) Біз Киелі кітапта ақырзаман туралы анық және бірнеше рет қайталап жазылған тәлімге артық бір нәрсе қосудан сақ болуымыз керек.
5) Ал біздің түсіндірмемізбен келіспеген бауырластарды да құрметтеп, сүйуге тиіспіз!

30. Израилде 12 ру болды.

31. 12.

32. Толық сан немесе толыққандылық, біреуі де жоғалмаған.

33. 12.

34. 12.

35. 12.

36. 144.

37. 144 000.

38. 144 000.

39. Бұл сан барлық сенушілердің толық санын астарлап білдіреді. Бұл дегеніміз бұрын болған, қазіргі және бізден кейін болатын барлық сенушілердің санын қосқандағы сан.

40. Елші оны қатты қуадалау көріп жатқан қауымға жігер беру үшін жазды.

41. Мінсіз яки толық.

42. Зұлымдық.

43. Қысқа уақыт.

44. Толық сан немесе түгелдік.



38-сабақ: Аян жазбасы (2-бөлім)

Аян жазбасының бірінші тарауынан бір үзіндіні оқып зерттейік.

Аян 1:12-18-аяттарды оқыңыз.

- * **12-аят:** Жеті шам қойғыш нені білдіреді? (20-аятты да қараңыз.) (1)
- * **Жох 8:12**-аятта Иеміз Иса Өзін қалай атады? (2)
- * Нұрдың қызметі қандай? (3)
- * Израилдіктер иен далада жүретін жолды қайдан біліп отырды (Мыс 13:21)? (4)
- * **Жыр 26:1**-аятта Жаратқан Ие қалай сипатталған? (5)
- * **Жыр 118:105**-аятта Жаратқан Иенің сөзі қалай суреттелген? (6)
- * Сонымен Иеміз Иса «Осы дүние үшін Нұрмын» деуі арқылы нені меңзеді? (7)
- * Егер қауымдар шам қойғыштар болса, онда олардың міндеті қандай? (8)
- * **Аян 1:13**-аят бойынша, Иеміз Иса қайда? (9)
- * Бұл нені білдіреді? (10)
- * Иеміз Исаның киімі қандай болды? (11)
- * **Мыс 28:4**-аятта жалпақ белбеуі (яки аспа бауы) бар ұзын көйлекті кім киді? (12)
- * **Аян 1:14**-аятта Иеміз Исаның шашы туралы не жазылған? (13)

* Ақ шаш нені бейнелейді? (14)

Дан 7:9-аят бойынша, Даниял Жаратқан Иені көрген аянда Оның да шашы аппақ болды.

* Бұл Жаратқан Ие туралы нені білдірді? (15)

* **Аян 1:14**-аятта Иеміз Исаның көздері туралы не жазылған? (16)

* Бұл нені білдіреді, қалай ойлайсыз? (17)

* **1:15**-аятта Оның аяғы туралы не айтылған? (18)

* Қола — қатты, жалтырақ металл. Қоланы жылтыратып тазартып, айна ретінде қолданған. Демек, қола мұнда нені білдіреді? (19)

Даниял пайғамбар да аянда көздері лаулаған, қол-аяғы қоладай жалтырап тұрған Біреуді көрген (Дан 10:5-6).

* **Аян 1:15**-аятта Иеміз Исаның даусы туралы не жазылған? (20)

* Бұл нені білдіреді, қалай ойлайсыз? (21)

Езк 43:2-аят бойынша, Езекиел пайғамбар да көрген аянында осындай дауысты естіген.

* **Аян 1:16**-аят: Иеміз Исаның оң қолында не болды? (22)

* Бұл нені білдіреді? (**1:20**-аятты қараңыз.) (23)

Исаның барлық періштелердің үстінен толық билігі бар!

* **Евр 1:14**-аятты оқыңыз. Ол бойынша, періштелер не істейді? (24)

* **Аян 1:16**-аят бойынша, Мәсіх Исаның аузынан не шығып тұрды? (25)

* Бұл нені білдіреді? **Иш 11:4**-аятты оқыңыз. (Бұл — Мәсіх туралы пайғамбарлық сөз.) (26)

* **Аян 1:16**-аят бойынша, Иеміздің беті туралы не жазылған? (27)

* Ізгі хабарлар бойынша, Мәсіх Исаның бет-әлпеті қай кезде жарқырады?
Мат 17:1-2-аяттарды оқыңыз. (28)

* Бұл нені көрсетеді? (29)

* **Аян 1:17**-аят: Иеміз Иса елшісі Жоханға не айтты? (30)

* Киелі кітапта «Қорықпа!» деген сияқты сөздер қанша рет жазылған? (31)

Сол сөздер жылдың әр күніне бір реттен келеді! Иеміз бізге қорықпау керектігін күн сайын есімізге салып отырады. Біз Иемізді ғана терең қастерлеп, жамандық атаулыдан шошынуымыз керек.

* **Аян 1:17-18**-аяттар: Иеміз Иса елшісіне тағы не деді? (32)

* Бұл нені білдіреді? (33)


* Сіз достарыңызға Иеміз Иса туралы қалай бейнелер едіңіз?

Осы үзіндідегі сөздерді қолданып Иеміз Исаны мадақтаңыз.

Жауаптар:

1. Жеті қауым.
2. Дүние үшін Нұр.
3. Нұр жарық етіп, бізге айналаны көруге мүмкіндік береді.
4. Жаратқан Ие халқын күндіз бұлтты бағанамен, түнде олардың жолына жарық түсіру үшін отты бағанамен жетелеп жүрді.
5. *«Жаратқан Ие — нұрым менің, құтқарушым да».*
6. Ол *«қадамдарымды жарқыратады, өмір жолыма шам-шырақтай нұрын шашады».*

7. Ол Өзін Жаратқан Иемін деді. Тек Ол ғана бізге шын мәнінде жүрегіміздің түкпірін анық көрсетіп, қалай өмір сүру керек екендігін үйрете алады.
8. Иеміз Исаның нұры айналамыздағы адамдарға жарқырасын. Олар біз арқылы Иеміздің сүйіспеншілігі мен мейірімін көре алсын.
9. Иеміз шам қойғыштардың арасында тұрды.
10. Иеміз Иса бізбен бірге, демек, Ол бізді тастап кеткен жоқ!
11. Оның кеудесіне алтын аспа бау тағылған, ұзын шапан киіп алған.
12. Иеміз киген киімдері бас діни қызметкер һарон киген арнайы киімге ұқсаған.
13. Иеміздің шашы ақ мамықтай әрі қардай аппақ болды.
14. Ақ шаш даналық пен қадірлілікті бейнелейді. Сол себептен Орталық Азияда қариялар ақсақал деп құрметпен аталады.
15. Жаратқан Иенің даналығы мен қадірлігі шексіз.
16. Иеміздің көзі оттай жалындап жатты.
17. Құдай Ие бәрін де біледі. Одан еш нәрсені жасыра алмаймыз.
18. Аяқтары пеште балқыған қоладай жалтырады.
19. Салтанатты ұлылық, күш-қуат, қауіпсіздік.
20. Иеміздің даусы сарқырап аққан судың гүріліндей естілді.
21. Иеміз Иса зор құдіретпен және билікпен сөйлейді.
22. Жеті жұлдыз.
23. Бұлар жеті қауымның хабаршыларын яки періштелерін бейнелейді.
24. Біз періштелерді көрмейміз, бірақ Жаратқан Ие оларды бізге қызмет етуге жібереді.
25. Екі жүзі де өткір семсер.
26. Мәсіх Иса бүкіл адамзатты соттап, жапа шеккендерді қорғап, зұлымдардың көздерін құртатын болады.
27. Оның беті тал түстегі күндей нұрын төгіп тұрды.
28. Мәсіх Иса Петір, Жақып, Жоханды Өзімен бірге тауға алып шыққанда, Ол шәкірттерінің көз алдында өзгеріске түсті.
29. Бұл Мәсіхтің салтанатты ұлылығын көрсетеді.
30. Қорықпа!
31. 365 рет.
32. *«Мен Алғашқы да Соңғымын әрі Мәңгі Тірімін. Мен өлген едім, ал енді мәңгілік өмір сүрудемін. Өлімнің де, о дүниенің де кілттері Менде».*
33. Мәсіх Иса мәңгі тірі! Ол өмірін құрбандыққа беріп, қайта тірілді. Сөйтіп Мәсіх өлімді жеңді! Осы дүниеде бізге не болатыны және мәңгіліктегі болашағымыз жайлы шешімдерді Ол қабылдайды.



39-сабақ: Жаңа жаратылыс

Жаратқан Ие берген уәделерін орындайды!

- * **Жар 12:1-7**-аяттар бойынша, Жаратқан Ие Ыбырайымға қандай уәде берген? (1)
- * Жаратқан Ие Ыбырайымға берген уәделерін қашан толық орындайтын болады? (2)

Халық, жер, жарылқау қандай болмақ?

- * Жаңа жаратылыстағы **халықтың** құрамына кімдер кіреді? Кімдер Құдай Иемен мәңгі бірге өмір сүрмек? **Аян 7:9**-аятты оқыңыз. (3)
- * **Жер** қандай болады? **Аян 22:1-5**-аяттарды оқыңыз. (4)
- * Құдай бізді қалай **жарылқайды**? **Аян 21:3**-аятты оқыңыз. (5)

Осы үш жайтты тереңірек түсінуіміз үшін **Аян 21:1-8**-аяттарды оқып көрейік.

Жаңа жер

- * Адам мен Хауа күнә жасағаннан кейін жер қандай өзгерістерге ұшыраған? (Жар 3:17-18) (6)
- * **Аян 21:1**: Алғашқы көк пен жерге не болады? (7)
- * **Аян 21:5**: Құдай Ие нені жаңадан жаратады? (8)



Құдай Ие Өзінің халқына жаңа мекен уәде еткен. Бұл мекен Едем бағынан және уәделі жерден әлдеқайда тамаша болады! Ешкім жаңа мекенімізді бүлдіре алмайды. Шайтан және Құдайдың басқа дұшпандары сол жерде болмайды.

* **Қор1 15:42-44**-аяттарды оқыңыз. Біздің жаңа денелеріміз қандай болады? (9)

Құдай Ие әрқайсымызды күнә мен ауру-сырқауы жоқ мінсіз денемен қамтамасыз етпек!

Халық

* **Аян 21:2**-аятты оқыңыз. Онда қауым қандай 3 атаумен сипатталған? (10)



Бұл атаулардан қандай тәлім ала аламыз?

- **Қасиетті қала:** Жамандық атаулы жоқ, адамдары бір-біріне еш ренжімейтін қауымды көз алдыңызға елестете аласыз ба?
- **Жаңа Иерусалим:** Бұл атау ең тамаша қаланы бейнелейді! Онда бәрі де жаңа, ешқашан ештеңе ескірмейді!
Балшық, күл-қоқыс, тозған үйлер, жол тесіктері, қайыршылар, жалған уәде беретін жарнама атаулы ол жерде болмайды.
Бәрі әдемі, жаңа, таза, тыныш және жақсы жұмыс істейді.
Осы дүниедегі бір нәрсе бізді ашуландырса, онда Құдай біздің уақытша мекенде тұрып жатқанымызды еске салғысы келеді. Ол бізге әлдеқайда жақсы мекен дайындап жатыр!
- **Күйеуінің алдынан шығуға безеніп киінген қалыңдық:** Демек, сенушілер қауымы ең әдемі әрі сүйетін халық болады!

* Мәсіх бізді қалай әдемі етеді? **Еф 5:25-27**-аяттарды оқыңыз. (11)

Сонымен бірге Киелі Рух та біздің Мәсіхке ұқсай түсуіміз үшін өмірімізде жұмысын атқаруда.

Осы сипаттамалар бізге қауымның Құдайға қаншалықты құнды екенін түсінуге көмектеседі. Сондықтан бір-бірімізбен қымбатты бауырластар ретінде қарым-қатынас жасауымыз керек. Қауымның әрбір мүшесі ерекше құнды!

Құдай бізді Мәсіх Исаға ұқсату жұмысын әрқайсымыздың өмірімізде атқарып жатыр. Дегенмен Жаңа Иерусалим орнағанға дейін біз өзара төзімді және кешірімді болуымыз керек. Біз Жаңа жаратылысқа жету үшін бір-бірімізге қолдан келген көмегімізді аямауға тиіспіз!

Жарылқау



* **Аян 21:3**-аятты оқыңыз. Құдай қай жерде? (12)

Біз жаңа мекендегі жаңа адамдар болып қана қоймаймыз,
Құдаймен жаңа достық қарым-қатынас та орнайды!

Мәсіх Исаға сенсек, онда қазірдің өзінде Құдаймен достық қарым-қатынас орнаған!
Бірақ Жаңа жаратылыста бұл қарым-қатынас одан да терең болады! Қандай керемет!

* **Аян 21:4**-аятты оқыңыз. Құдай бізге не істейді? (13)

* Жаңа Иерусалимде не болмайды? (14)

* **Иш 35:10**-аятты оқыңыз. Жаңа Иерусалимде адамдардың көңіл күйі қандай болады? (15)

* **Аян 21:6**-аятты оқыңыз. Мәсіх Иса Өзін қалай сипаттаған? (16)

* Бұл нені білдіреді? (17)

* Мәсіх Иса бізге не береді? (18)

* Мәсіх Иса шынайы өмірдің суын кімдерге береді? (19)

* «Жаны сусау» деген не? (20)

* Шынайы өмірдің қайнар көзінен су ішу дегеніміз не? **Жох 7:37-39**-аяттарды оқыңыз. (21)

* Сіз сол «судан» күнде ішіп жүрсіз бе?

Қазіргі заман мен ақырзаманның арасы

* **Аян 21:7**-аятты оқыңыз. «Жеңіп шыққан әркім» деген нені білдіреді? (22)

* Мәсіх Исаның соңынан еру қай кездері айрықша қиын? (23)

* Біз алатын сый қандай болмақ? (24)

Біз жаңа мекенімізге кіргенде, ол біз ойлағаннан да керемет болады!

* **Аян 21:8**-аятты оқыңыз. Сол заманда зұлымдарға не болады? (25)

Бізге арналған шақыру

Бұл аятта басқалар туралы айтылған деп ойлау оңай. Алайда ...

- Біз Иеміздің жолымен жүруге қорқатын кездер бола ма?
- Оған адал болмайтын кездер бола ма?
- Біз оймен болса да (Мат 5:27-29) жаман істер жасайтын кездер бола ма?
- Біз оймен болса да (Мат 5:21-22) кісі өлтірдік пе?
- Біз жалған тәңірге табындық па? (Біз нені Құдай Иемізден артық көрсек, сол — біздің «жалған тәңіріміз».)



* **Заң 6:5**-аятты оқыңыз. Біз Құдайды қаншалықты сүйіміз керек? (26)

Құдай біздің Оны дүниедегінің бәрінен артық көріп сүйгенімізді қалайды!

Бірақ Жаңа жаратылысқа жеткенше әлі талай рет Құдайдың көңілін қалдыратын болармыз.

* Құдай біздің күнәмізді әшкерелегенде, не істеуіміз керек? (27)

Құдай бізді әрдайым кешіруге дайын!

* Құдайдың сізді барған сайын Мәсіх Исаға ұқсас етіп өзгертуіне жол бересіз бе?

* Сонымен біз Жаңа жаратылыс туралы не білдік? (28)

Құдай Иенің ниетіндегі тамаша қалыңдық болуға күш сала ұмтылайық!

Жауаптар

1. Халық, жер және жарылқау.
2. Бүкіл Киелі кітап бойынша, Жаратқан Иенің берген уәделерін қалай орындай бастағанын көре аламыз. Алайда Ол уәделерін тек «Жаңа Иерусалим» деп те аталған Жаңа жаратылыста ғана толық орындап аяқтайды.
3. Құдай Иенің халқының қатарына әрбір ұлт, ру, халық және тілден шыққан сенушілер кіреді.
4. Жаңа жер тамаша болады! Онда аштық, күнә, ауру, өлім, қараңғылық, пәле және қорқыныш атаулы болмайды.
5. Құдай бізді көз алдымызға елестете алмастай молынан жарылқайтын болады! Әлемді жаратқан мейірімді, рақымды, сүйіспеншілігі мол Құдай Әкеміздің Өзі біздің арамызда тұрмақ!
6. Құдай жердің топырағын қарғаған. Біз өмір сүрген дүние әбден бүлінген.
7. Олар жақында жойылатын болады.
8. Ол бәрін жаңадан жаратады!
9. Жаңа денелеріміз салтанатты, күшті, «рухани» және еш шірімейтін мәңгілік болады.
10. «Қасиетті қала», «Жаңа Иерусалим», «Күйеуінің алдынан шығуға безеніп киінген қалыңдықтай дайындалған».
11. Мәсіх Киелі кітап арқылы бізге сөзін арнап, күнәмізді әшкерелейді және өзгеруіміз үшін Өзінен көмек сұрауымызға түрткі етеді.
12. Иеміз Өзінің халқымен бірге тұрады!
13. «Ол барлық көз жастарын сүртіп тастап жұбатады». Ол қайғы-қасіретімізді толық түсініп, жұбаныш пен жігер береді.
14. «Енді қайтып өлім, жоқтау, зар еңіреу мен ауру болмайды».
15. «Олар қуаныш пен шаттыққа кенеледі», демек, көз алдымызға елестете алмайтындай қуанышты болады.
16. Алғашқы да Соңғы (яки Альфа және Омега), Басы да Аяғы.
17. Альфа және Омега — грек әліпбиіндегі алғашқы және соңғы әріптер. (Інжіл шариф жазбалары грек тілінде жазылған.) Иеміз Иса әуел баста (жаратылыстан бұрын) болған және осы заманның ақырында көктен жерге қайта оралады.
18. Шынайы өмірдің суын.
19. Жаны сусағандардың бәріне.
20. Жаны сусау: Құдайға қаншалықты мұқтаж және Онсыз рухани өлі екенімізді түсіну.
21. Бұл Иемізден бізді Киелі Рухына кенелтуін өтінуді білдіреді.
22. «Жеңіп шыққан» сенуші қандай жағдай болса да, Мәсіхтің соңынан ереді. Ондайлар Оған ақырына дейін адал болып қалады.
23. • Басқалар бізді сеніміміз үшін кемсіткен,
 - бізді қудалаған,
 - өмірде бәрі біз ойлағандай шықпай, ешқандай ісіміз табысты болмаған кездері.
24. Біз игіліктердің бәрін иемденеміз және Құдайдың рухани балалары боламыз! Біз Құдаймен мәңгі бақи тығыз қарым-қатынаста боламыз!
25. Күнәсі кешірілмеген зұлымдардың орны тозақ яки отты көл болмақ.
26. Оны шын жүректен, бүкіл жан дүниемізбен және бар күш-қуатымызбен сүйімізбен.
27. Күнәларымыз үшін өкініп, Иеміз Исадан жүрегімізді өзгертуін сұрауымыз керек.
28. Иеміз Иса көктен қайта оралғанда, Құдай Ыбырайымға берген барлық уәделерін орындайды.
 - Біз жаңа халық боламыз: салтанатты да мінсіз денелерімізбен жаңа мекенде және Құдаймен жаңа достық қарым-қатынаста тұратын боламыз.
 - Иеміз Иса сол жерге жетуіміз үшін бізге керектінің бәрін береді.
 - Біз Оған соңына дейін сенімді болып қалуымыз керек.

40-сабақ: Киелі кітаптағы ұлы әңгімені 8 суретпен сипаттау

Біз осы курста үйренгенімізді қайталау және Киелі кітаптағы ұлы әңгіменің басты кезеңдерін түсіндіру үшін мына суреттерді тағы бір рет пайдаланамыз.



Бірінші сурет жайлы жазылған мәліметті бірге оқимыз. Сосын топтағы біреу сөздерге қарамай бұл мәліметті қайталайды. Содан кейін екінші сурет туралы жазылған мәліметті бірге оқимыз, сосын оны басқа адам дәл солай қайталайды. Осылайша барлық 8 суреттегі мәліметтерді оқып, мазмұнын қайталаймыз. Сөйтіп соңына жеткен соң, топтағы барлық адам 8 суретті сөздерге қарамай қайталап айтып береді. Осы 8 суретті бірігіп талқылаған кезде, сабақтардағы сіздерге ұнаған қосымша мәліметтерді қосып айтуларыңызға болады.

1. Жаратылыс

Құдай Ие бәрін тамаша етіп жаратты. Оның Өзі алғашқы адамдар — Адам ата және Хауа анамен Едем деп аталатын әдемі бақта уақыт өткізді.



2. Күнәнің пайда болуы

Адам мен Хауа Құдай Иеге емес, шайтанға мойынсұнды. Сол себепті олар Құдайдың жарылқауларынан, соның ішінде мәңгілік өмірден, айырылып қалды.

Суреттегі жебе тәрізді көрсеткі Құдайдың оларды Едем бағынан және Өзінің қасынан қуып шыққанын білдіреді.

Сол кезден бастап адам баласының жан дүниесінде қайтадан Құдаймен қарым-қатынасты аңсайтын тілек болып келеді.



3. Уәде

Жаратқан Ие Ыбырайымға Өзіне ерекше жақын халықтың түп атасы болатыны жайлы уәде берген. Жаратқан Ие Ыбырайымға Өзі сол халықпен бірге болатын жер беретіні жөнінде де уәде еткен.



Сонымен қатар Құдай Ие Ыбырайым арқылы бар ұлттарды жарылқайтыны жайлы да уәде еткен.

Суреттегі тәж Жаратқан Иенің оларға мейірімді Патша болатынын бейнелейді. Кемпірқосақ Жаратқан Иенің берген уәдесінде тұратынын сипаттайды (Жар 9:13-16). Оған әрқашан сенуіңізге болады!

4. Көшіп шығу

Құдайдың халқы бөтен ел — Мысырда құлдыққа түскен еді. (Суреттегі пирамидалар Мысырды білдіреді.)



Көрсеткі Жаратқан Иенің оларды Мысырдағы азапқа толы құлдықтан алып шыққанын бейнелейді.

5. Жер

Жаратқан Ие Өзінің халқын уәделі жерге бастап апарды. Олар сонда тұрған азғын Қанахан халқын жеңді.



Жаратқан Ие Өзінің халқын жарылқады, бірақ олар жалған тәңірлерге табына бастады. Жаратқан Ие оларға көп рет ескерту жасап отырды, ал ақырында олардың жер аударылуына жол берді. Кейін Ол халқына уәделі жерге қайта оралуға мүмкіндік берді. Бірақ олар бәрібір Жаратқан Иенің заңдарына мойынсұнбай, күнә жасауды жалғастыра берді.

Оларға күнәнің құлдығынан құтқаратын Құтқарушы керек болды. Олар әділ билік жүргізетін Патшаға мұқтаж еді. Жаратқан Ие оларға бір күні сондай Біреуді — Мәсіхті жіберетіні жайлы уәде еткен.

6. Мәсіх Иса

Жаратқан Ие берген уәдесін орындады! Оның рухани Ұлы Құтқарушы ретінде осы дүниеге келді. Иса деген есім «Жаратқан Ие құтқарады» дегенді білдіреді. Иса Жаратқан Ие жіберген Құтқарушы Патша Мәсіх болды. Ол көктегі Әкесімен кемелді қарым-қатынаста тұрып мінсіз исаилдік адам ретінде өмір сүрді. Ақырында Ол күнәларымыздың құнын өтеу үшін өмірін айқыш ағашта біржола құрбан етті. Соның негізінде Құдай Ие күнәларымызды кешіре алды.

Мәсіх өлімнен қайта тірілді. Бұл жайт Оның күнә, өлім және шайтанды жеңгенін дәлелдейді! Енді адамдар Жаратқан Иемен татуласа алады!



7. Мәсіхтің қайта оралуы

Мәсіх Иса қазір көкте.

Көрсеткі Мәсіхтің ақырзаманда жер бетіне қайта оралатынын бейнелейді. Сол кезде Мәсіх ескі жерді жоятын болады. Құдай Ол арқылы барлық адамдарға сот жүргізеді.



8. Жаңа жаратылыс

Иса Патша Өзінің халқын мекеніне алып барады. Мәсіхке сенуші бәріміз сол заманда Құдай Иемен жаңа «мәңгілік уәделі елде» өмір сүретін боламыз!

Сонда күнә, қайғы және өлім атаулы болмайды!

Иеміз Исаның бұйрығымен шайтан тозаққа лақтырылады.

Құдайдың халқы Онымен бірге Жаңа жаратылыста шаттанып мәңгі өмір сүретін болады!



*** Осы аптада бұл суреттерді кіммен бөлісе аласыз?**

*** Жаратқан Иенің Киелі кітаптағы ұлы әңгімесін білу сізге қазір қалай жігер береді?**

Мазмұны

1-сабақ:	Киелі кітаптың жазбалары	3
2-сабақ:	Әуел баста	8
3-сабақ:	Күнә	13
4-сабақ:	Құдайдың зұлымдыққа қарсы үкім шығаруы	19
5-сабақ:	Құдайдың Ыбырайымға берген уәдесі	23
6-сабақ:	Уәделердің Ыбырайымның ұрпақтарына берілуі	26
7-сабақ:	Құтқарушы Құдай	32
8-сабақ:	Құдай құрбандық арқылы құтқарады	37
9-сабақ:	Теңізден өтіп шығу	41
10-сабақ:	Құрбандықтар	45
11-сабақ:	Он өсиет	49
12-сабақ:	Киелі шатыр	57
13-сабақ:	Иен даладағы өмір	61
14-сабақ:	Киелі кітаптағы ұлы әңгімені 8 суретпен сипаттау	65
15-сабақ:	Ешуа	68
16-сабақ:	Билер	73
17-сабақ:	Патшалар	80
18-сабақ:	Дәуіт – ұлы патша	85
19-сабақ:	Даналық жайлы жазбалар: Әйүп	91
20-сабақ:	Даналық жайлы жазбалар: Забур жырлары	96
21-сабақ:	90-жыр	100
22-сабақ:	Даналық жайлы жазбалар: Сүлейменнің нақыл сөздері, Даналықты уағыздаушы, Таңдаулы ән	105
23-сабақ:	Солтүстік Израил мен Яһуда елдеріндегі пайғамбарлар	110
24-сабақ:	Ишая пайғамбар	116
25-сабақ:	Нехемия	121
26-сабақ:	Киелі кітаптағы ұлы әңгімені 8 суретпен сипаттау	126
27-сабақ:	Құдай Адам болып дүниеге келді	129
28-сабақ:	Мәсіх Иса	132

29-сабақ: Қайғылы сәтсіздік болды ма әлде Құдайдың жоспары орындалды ма?	137
30-сабақ: Мәсіх Исаның қайта тірілуі әрі көкке оралуы	141
31-сабақ: Киелі Рух	146
32-сабақ: Сенушілер қауымы	151
33-сабақ: Басқаларға Ізгі хабар айту	157
34-сабақ: Жаңа Келісімдегі хаттар	161
35-сабақ: Салониқалықтарға арналған 1-хат	166
36-сабақ: Мәсіх Исаның қайта оралуы және қиямет соты	170
37-сабақ: Аян жазбасы (1-бөлім)	177
38-сабақ: Аян жазбасы (2-бөлім)	186
39-сабақ: Жаңа жаратылыс	190
40-сабақ: Киелі кітаптағы ұлы әңгімені 8 суретпен түсіндіру	195

Бұл 40 сабақтан тұратын курс сізді
Киелі кітаптағы ұлы әңгіме арқылы
сапарға шақырып, оның Исаға қалай
нұсқайтынын көрсетеді. Курс барысында
өмірімізде кездесетін мәселелер
талқыланады.

Әр сабақта көп сұрақ қойылып, сабақтың
соңында олардың жауаптары беріледі.
Осылайша Киелі кітапты білім деңгейіне
қарамастан барлық сенушілер курсты
пайдалана алады. Мұндағы мақсат —
сенушілерге Құдай Сөзін оқудан
ләззат алуға көмектесу.

